Исследовательские методы в обучении. Дает возможность учащимся самостоятельно пополнять свои знания, глубоко вникать в изучаемую проблему и предполагать пути ее решения, что важно при формировании мировоззрения. Это важно для определения индивидуальной траектории развития каждого школьника. Формирование творческой личности, обладающей креативным мышлением, в современных условиях является актуальной задачей. В связи с этим всё более предпочтительными становятся поисковые методы: исследовательский и эвристический (частично-поисковый), в основе которых лежит проблемное обучение. Эти методы в наибольшей степени удовлетворяют требованиям компетентностного подхода, направленного на развитие активности, ответственности и самостоятельности в принятии решений. Оба эти метода сходны между собой; различие состоит в степени самостоятельности обучающихся.

Исследовательская форма проведения занятий с применением элементов проблемного обучения предполагает следующую деятельность обучающихся:

- ознакомление с областью и содержанием предметного исследования;
- формулировка целей и задач исследования;
- сбор данных об изучаемом объекте (явлении, процессе);
- проведение исследования (теоретического или экспериментального) – выделение изучаемых факторов, выдвижение гипотезы, моделирование и проведение эксперимента;
- объяснение полученных данных;
- формулировка выводов, оформление результатов работы.

Данный подход дает возможность понять ход научного исследования, различной трактовки полученных данных и нахождения правильной, соответствующей реальности, точки зрения.

При исследовательском методе от обучающихся требуется максимум самостоятельности. Следует, однако, отметить, что в группах с различным уровнем знаний обучающихся, особенно на начальном этапе изучения предмета, целесообразно применять эвристические методы при активном участии преподавателя. Эвристическими могут быть беседы, практические работы, задачи, предполагающие самостоятельный поиск обучающимися новых знаний.

Исследовательская деятельность позволяет сформировать такие ключевые компетенции, как умения творческой работы, самостоятельность при принятии решений, развивает наблюдательность, воображение, умения нестандартно мыслить, диалектически воспринимать явления и закономерности окружающего мира, выражать и отстаивать свою или групповую точку зрения [8].

Интеграционные технологии. В связи с постоянным увеличением объема изучаемого в школе учебного материала разрабатываются технологии интеграции в обучении, в частности разработка и внедрение в практику интегрированных уроков (география и история, география и физика, география и литература, география и обществознание).

Технология использования в обучении игровых методов: ролевых, деловых и других видов обучающих игр. Игра – вид деятельности, который присущ и детям, и взрослым, поэтому использование данного вида деятельности в образовательном процессе известно давно, однако важным является применение такого аспекта этой деятельности, который способствует появлению непроизвольного интереса к познанию основ естественных наук. При этом должно происходить серьезное и глубинное восприятие изучаемого материала. Игра не должна привести к неправильному пониманию той или иной проблемы, обучающиеся должны проникнуться сложностью изучаемого материала и

понимать, что процесс учения является не только интересной игрой. Использование разных типов игр – деловых, имитационных, ролевых для разрешения учебных проблем вносит разнообразие в течение предметного образовательного процесса, вызывает формирование положительной мотивации изучения данного предмета. Игра стимулирует активное участие обучающихся в учебном процессе и вовлекает даже наиболее пассивных.

При этом происходит освоение участниками игры нового опыта, новых ролей, формируются коммуникативные умения, способности применять приобретенные знания в различных областях, умения решать проблемы, толерантность, ответственность.

Географическое образование должно вооружить школьников умениями пользоваться различными источниками географической информации, интегрировать эту информацию, вести наблюдения на местности, правильно ориентироваться в пространстве, прогнозировать тенденции развития окружающей среды.

Поэтому в содержании географического образования увеличился объем практической компоненты и в содержание уроков по географии включены следующие виды заданий:

- ориентирование на местности и проведение съемок местности;
- проведение наблюдений за объектами, процессами, явлениями, их изменениями в результате природного и антропогенного воздействия; наблюдения за погодой своей местности;
- проведение самостоятельного поиска географической информации из различных источников: картографических, статистических, геоинформационных, космических.

В результате географического образования учащиеся должны овладеть следующими ключевыми компетенциями:

- умение пользоваться географической картой;
- умение работать с числовой информацией;
- умение работать с ГИС;
- умение самопрезентации и способность к самоопределению;
- способы социально – ответственного поведения в природе и антропогенной среде;
- умение работать в коллективе, команде, принимать решения и нести ответственность за них;
- навыки толерантного отношения к культурным особенностям народов и регионов, умение вступать в коммуникацию с целью быть понятым.

Решение задачи компетентностного подхода ориентирует на усиление практической направленности обучения географии, на увеличение прочности формируемых умений учащихся как показателя качества географического образования [9].

Важным результатом процесса формирования ключевых компетенций на уроках географии является применение географических знаний и умений в сфере познавательной, общественной, трудовой, культурной деятельности; в бытовой сфере; в сфере коммуникации.

Сформированные системы географических знаний должны стать основой практической деятельности, а системы учебных умений – фундаментом его будущей (в том числе профессиональной) деятельности.

Список использованной литературы:

- 1 Чиликова Е.В. К вопросу о вкладе архивистов суверенного Казахстана в краеведение / Архивы. Материалы Международной научно-практической конференции. – Алматы, 2012. – 334 с.
- 2 Электронный ресурс: <http://www.kladraz.ru>
- 3 Кобылянский В.А. Национальная идея и воспитание патриотизма // Педагогика, 1998. – №5. – 112 с.
- 4 Хуторской А.В. Статья «Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированного образования» // Народное образование. – 2003. – №2. – С.58-64.
- 5 Третьяков П.И., Сенновский И.Б. Технология модульного обучения в школе. – М.: Новая школа, 2001. – 352 с.
- 6 Голуб Т.Е. Метод проектов – технология компетентностно-ориентированного образования / Т.Е. Голуб, Е.А. Перелыгина, О.В. Чуракова. – М.: Издат.дом Федоров, 2010. – 138 с.
- 7 Григорьев Д.В., Степанов П.В. Стандарты второго поколения: Внеурочная деятельность школьников: Методический конструктор. – Москва: «Просвещение», 2010. – 321 с.
- 8 Детская библиотека и школа: совместные проекты // Детская библиотека, 2010. – №1. – С.25-29.
- 9 Зверкова П.К. Развитие познавательной активности учащихся при работе с первоисточниками. – М.: Издательский центр «Академия», 2011. – 204 с.

Т.Е. Қуанышханов¹, Т.О. Увалиев¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫ КУРСТАРЫ АЯСЫНДА ІРІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫН ӨЛКЕТАНУШЫЛЫҚ БАҒЫТТА ЗЕРДЕЛЕУ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада – мектеп географиясы курстары аясында тұрғындар туралы жалпы мәселелерді зерделеуде, өз туған қаласының тұрғындары жайлы өлкетанушылық бағыттағы материалдарды қолдану қарастырылған. Халықтар туралы білім жүйесінде ірі қалалар жайлы білім мәселесі де өз көрінісін тапқан, осы орайда ірі қалалар тұрғындарын оның барлық тақырыптары бойынша өлкетанушылық амал-тәсілдерді пайдалану арқылы мектеп географиясын оқыту барысында жүзеге асырылуда. «Табиғат-халық-шаруашылық» жүйесіндегі осы үш компоненттің өзара байланысында тұрғындар туралы мәселе ең өзекті болып табылады, әрі оны оқыту барысында оқушылар бұл жүйенің шешімін табуды түйсінеді. Оқушылар білім беру үдерісінде белсенді тұлғаға айналып, танымдық, тәлімдік, оқу іс-әрекетінде өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік алады. Орта білім берудегі қоғамның талабы бойынша халықтар мәселесін зерделеу, қазіргі әлемдегі адамның орны мен маңызын ұғыну, тәрбие беру мәселесіндегі географияның рөлінің артуы әлеуметтік тапсырысты орындауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, соңғы жылдарды дүниежүзінің көптеген елдерін қамтып отырған урбандалу үдерісін, қалалар мен оның тұрғындар санының өсуін, қалалық өмір салтының таралуын есте есімізден шығармауымыз абзал. Ірі қалалар мен қалалық агломерациялар елдің немесе аймақтың экономикалық әлеуетінің аса ауқымды бөлігін өзіне шоғырландыру арқылы, сол қоршаған жер аумағының «фокусы» болып та табылады. Осы себепті мектеп географиясында қалаларды оқытуға үлкен мән беріледі. Бірақ «қала – рухани құндылықтар туындайтын және өнеркәсіпті шоғырландыратын экономикалық орталық қана емес. Ол, ең алдымен қаланы мекендеуші адамдар, айрықша аумақтық қауымдастықты құраушы». Сондықтан қалаларды оқыту негізінен оның тұрғындарын зерделеу арқылы, қалалардың өсуі – тұрғындар санының өсу ырғағы арқылы, халықтың табиғи және механикалық қозғалысының ерекшеліктері арқылы, ал шаруашылықтың аумақтық орналасуы – халықтың құрылымы мен орналасуы арқылы қарастырылуы қажет. Географияның аймақтық курстарын зерделеуде, өзінің аймағына кеңінен сипаттама берілуі тиіс, бұл тұрғыда біз мақаламызда республикамыздағы қазіргі қалалық агломерациялардың қалыптасуы мен дамуында өз шешімін табу мәселелері бойынша Алматы қаласының мысалында қысқаша тарихи-географиялық және әлеуметтік-демографиялық жағдайды қарастырып отырмыз.

Түйін сөздер: қала тұрғындары, республикалық маңыздағы қалалар, мектептегі өлкетану, демографиялық ахуал, мегаполис, мектептен және сыныптан тыс жұмыстар, кешенді сипаттама.

Қуанышханов Т.Е.¹, Увалиев Т.О.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ИЗУЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ БОЛЬШОГО ГОРОДА ПО КРАЕВЕДЧЕСКОМУ НАПРАВЛЕНИЮ В РАМКАХ ШКОЛЬНЫХ КУРСОВ ГЕОГРАФИИ

Аннотация

В данной статье рассматривается использование краеведческого материала о населении своего родного города, при изучении общих вопросов о населении в рамках школьных курсов по географии. В системе знаний о населении находят свое отражение и знания о больших городах, а применение в школьной географии краеведческого подхода в изучении населения большого города реализуется в процессе изучения всех тем курса. В системе «природа – население – хозяйство» выдвижение на

первый план вопросов о населении и актуальных проблем взаимосвязей трех компонентов этой системы, во многом, способствовало решению проблемы осознания учащимися процесса обучения. Учащийся становится активным субъектом образовательного процесса, получает возможность реализовать себя в познании, учебной деятельности, поведении. Изучение вопросов о населении, понимание места и роли человека в современном мире, возрастание воспитательных функций географии способствует выполнению социального заказа, диктуемого обществом школьному образованию. Вместе с тем нельзя забывать о процессе урбанизации, росте городов и городского населения, распространения городского образа жизни, охватившем в последние десятилетия многие страны мира. Крупные города и городские агломерации сосредотачивают в себе значительную часть экономического потенциала страны или региона, являются «фокусами» окружающих территорий. Поэтому изучению городов придается большое значение в школьной географии. Но «город – не только экономический центр, сосредоточение промышленности и места производства духовных ценностей. Это, прежде всего люди, населяющие город, составляющие особую территориальную общность». Поэтому изучение городов должно раскрываться преимущественно через изучение его населения, рост городов – через динамику численности его населения, через особенности естественного и механического движения населения; территориальное размещение хозяйства – через особенности размещения и структуру населения. В изучении региональных курсов географии предусматривается расширенная характеристика своего региона, где кратко раскрывается, в нашем случае, на примере города Алматы историко-географические и социально-демографические вопросы, при формировании и развитии современных городских агломерации в республике, которые требуют своего решения.

Ключевые слова: городское население, города республиканского значения, школьное краеведение, демографическая ситуация, мегаполис, внешкольная и внеклассная работы, комплексная характеристика.

T.E. Kuanyshkhanov¹, T.O. Uvaliev¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

STUDYING THE POPULATION OF A BIG CITY BY THE LOCAL STUDY DURING THE SCHOOL COURSES OF GEOGRAPHY

Abstract

This article discusses the use of local history material on the population of his hometown when studying general questions about the population as part of school courses in geography. In the system of knowledge about the population, knowledge about big cities is also reflected, and the use of the local history approach in the study of the population of a big city in school geography is realized in the process of studying all the topics of the course. In the system of nature - population - economy, highlighting the issues of the population and the actual problems of the interconnections of the three components of this system, in many ways, helped to solve the problem of students' awareness of the learning process. The student becomes an active subject of the educational process, gets the opportunity to realize himself in cognition, learning activities, behavior. Studying questions about the population, understanding the place and role of man in the modern world, increasing the educational functions of geography contributes to the fulfillment of the social order dictated by society to school education. At the same time, one should not forget about the process of urbanization, the growth of cities and urban population, the spread of urban lifestyles, which have covered many countries of the world in recent decades. Large cities and urban agglomerations concentrate a significant part of the economic potential of a country or region, are the "focal points" of the surrounding territories. Therefore, the study of cities is given great importance in school geography. But "the city is not only an economic center, a concentration of industry and a place of production of spiritual values. These are, first of all, the people who inhabit the city and make up a special territorial community." Therefore, the study of cities should be revealed mainly through the study of its population, the growth of cities - through the dynamics of its population, through the features of the natural and mechanical movement of the population; territorial distribution of the economy - through the features of distribution and the structure of the population. The study of regional geography courses provides for an expanded description of their region,

which briefly discloses, in our case, the example of the city of Almaty, historical-geographical and socio-demographic issues in the formation and development of modern urban agglomerations in the republic that need to be addressed.

Keywords: urban population, cities of republican significance, school studies, demographic situation, metropolis, extracurricular and extracurricular activities, comprehensive characterization.

Қазақстан географиясының мектеп курсында ірі қаланың тұрғындарын зерделеу барысын, оның алдындағы тақырып-тарауларда қарастырылған негізгі тәсіл-амалдар арасындағы байланысты жүзеге асыру арқылы жалпы оларды салыстырмалы әдістемелік жолменен саралау негізінде анықтадық. Ірі қаланың тұрғындары туралы білімдерді тиімді меңгеруге жағдай жасайтын негізгі шарттар ретінде біз: карталармен және карта-сызбалармен жұмысты, шығармашылық іс-шаралар мен пікірталастар және дискуссиялық сұрақтарды қолдануды, оқытуды ұйымдастырудың сабақтан және мектептен тыс түрлерін пайдалануды айқындадық. Қала тұрғындары туралы, оның сызба карталарын, өңірлік атластарын және тақырыптық карталарын қолдану, курстың жалпы және аудан бойынша шолуындағы, өзінің республика көлемінде немесе оның субъектісінің географиясы туралы тараудағы тұрғындар туралы білімдердің меңгерілуіне жағдай жасайды.

Сабақта проблемалық және шығармашылық мәселелерді пайдалану, оқушылардың Қазақстан қоғамындағы қазіргі әлеуметтік мәселелер туралы білімдерді меңгеруіне, тұрғындар туралы сабақтарда зерделенетін материалды шығармашылықпен қайта ойлануына жағдай жасайды. Оқушылардың тұлғалық қызығушылығын қалыптастырудағы кең мүмкіндіктер оқытуды ұйымдастырудың сыныптан және мектептен тыс түрлерін қолданудың негізіне алынған, бұл оқушылардың дербес зерттеу іс-әрекетінің есебінен аталмыш курстың мазмұнының кеңейтілуіне жағдай жасайды. Әрі біз, ірі қаланың тұрғындарын зерделеуге қажетті негізгі тәсіл-амалдар мен ірі қаланың тұрғындары туралы білімдерді тиімді меңгерудің әдістемелік шарттары арасындағы қисынды байланыстарды анықтадық. Ал жүйелік амал – ірі қаланың тұрғындары туралы білімдерді қарастыру барысын, географияның мектеп курстарындағы тұрғындар туралы білімдерінің дидактикалық жүйесінің ажырамастай бөлігі ретінде анықтайды. Осы жерде біз еліміздің ірі қалалары халқының демографиялық жағдайы туралы мағлұмат беруді жөн көрдік.

2019 жылғы 1 ақпанға еліміздегі халық саны 18 415,5 мың адамға жетті, соның ішінде қалалықтар – 10 709,4 мың (58,2%), ауылдықтар – 7 706,1 мың адамды (41,8%) құрады. Егер мұны 2018 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда халық саны 237,9 мың адамға немесе 1,3% өсті. Қарастырылып отырған кезеңде халықтың ең көп жалпы өсімі, республикалық маңызы бар қалаларда: Шымкент қаласы (56,6 мың адам), Алматы қаласы (51,6 мың адам) және Астана қаласында (46,7 мың адам) қалыптасты. Бұл туралы, яғни 2019 жылдың 1 қаңтарынан 2019 жылдың 1 ақпаны аралығындағы Қазақстанның ірі қалаларының жалпы және қала халқындағы тұрғындар санының өзгерісін төмендегі № 1-ші кестеден көруімізге болады:

Кесте-1. Қазақстанның ірі қалалары тұрғын халқының өсу динамикасы

	2019 жылдың 1 қаңтарына саны	Халық өсімі (адам есебімен)			2019 жылдың 1 ақпанына саны
		жалпы	табиғи	көші-қон	
Қазақстан Республикасы	18 395 660	19 841	21 276	-1 435	18 415 501
<i>Оның ішінде қала халқы</i>	<i>10 698 698</i>	<i>10 751</i>	<i>12 292</i>	<i>-1 541</i>	<i>10 709 449</i>
Астана қаласы	1 078 374	3 848	2 100	1 748	1 082 222
Алматы қаласы	1 854 570	3 819	1 744	2 075	1 858 389
Шымкент қаласы	1 011 507	61	1 664	-1 603	1 011 568

Республикамыздың терең тамырлы тарихында Алматы қаласының орны ерекше. Өзінің пайда болып, қалыптасу тарихында қазақ елінің астанасы ретінде мәртебеге ие болған Алматы ірі мегаполис қана емес, қаржы орталығы түрінде бірнеше бағытта дамып келе жатқан еліміздегі ең ірі қала. Қазіргі кезеңде Алматы өз дамуының жаңа даңғылына түскен. Елбасының елдің ертеңі, мемлекеттің болашағы туралы сөз қозғағанда Алматыны айналып өтпейтіні де баршамамызға мәлім.

Өйткені Алматы елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінде басты рөл атқарады. Сол үрдістерді оқып-үйрену, зерттеу отандық тарихи география саласы бойынша өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінде қаланың тарихын, оның әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайын, демографиялық ахуалын және этникалық құрамын, ондағы көші-қондық үдерістерді, олардың себеп-салдарын, тарихи-географиялық мәнін білудің ғылыми-тәжірибелік маңызы аса зор. Осы тұрғыда, педагогикалық практика барысында мектеп жағдайында 9-шы сынып оқушыларымен өткізілген «Ару қала – Алматы» атты іс-шара өткізілді. Оның барысында оқушылар – қаламыздың әкімшілік-аумақтық бөлінісі жайлы жалпы мәліметтер алумен қатар, қала аудандарының құрылған жылы мен олардың гербі, жер аумағының көлемі мен тұрғын халқының саны туралы көрсеткіштермен танысты. Мұны біз жинақталған күйде келесі №2 кестеден көруге болады:

Кесте-2. Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық бөлінісі, жер аумағы мен тұрғын халқы (2018 ж.)

№	Алматы қаласы аудандарының атауы мен олардың гербі	Құрылған жылы	Жер аумағы (км ²)	Тұрғындар саны (адам)
1	Алатау ауданы 	2008	75,7	216 132
2	Алмалы ауданы 	1936	18,2	244 319
3	Әуезов ауданы 	1972	77,2	289 424
4	Бостандық ауданы 	1966	99,4	336 912
5	Жетісу ауданы 	1936	34,5	163 124
6	Медеу ауданы 	1936	93,6	205 353
7	Наурызбай ауданы 	2014	69,8	118 036
8	Түрксіб ауданы 	1938	60,7	228 693

Қаланың барлық аудандарында адам санының өсімі байқалады. Жалпы Жетісу және Түрксіб аудандарында халықтың өсім айтарлықтай, сонымен қатар Бостандық ауданында біршама өсім байқалады (кесте №3). 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылдың қаңтар – маусым айларында адам санының табиғи жолмен өсімі 14,9%-ға артқан. Түрксіб ауданында өсім, 1,7 есеге, Жетісу ауданында 1,6 есеге адам саны артқан. Ал Алмалы ауданында 9,2% төмендеген. 2018 жылдың 1 маусымында 1000 адамға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 13,72 адамға көбейген. 2018 жылдың қаңтар-маусым айларында қаланың АХАЖ орындарында жаңадан өмірге келген 16 627 сәби тіркелген. 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда олардың саны 11,6% артқан. Жетісу, Түрксіб, Алмалы аудандарында 2,7% төмендеген. 1000 тұрғынға шаққанда өмірге жалпы келгендердің коэффициенті 23,46 сәби.

Кесте-3. Алматы қаласының аудандары бойынша өмірге жаңа келген сәбилер саны (2018 жылдың қаңтар-маусым айларын 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда пайыз есебімен)

№	Атауы	2017 ж.	2018 ж.	Көрсеткіш
1.	Алматы	14 895	16 627	111,6
2.	Алмалы	2 046	1 990	97,3
3.	Әуезов	4 778	5 203	108,9
4.	Бостандық	2 952	3 428	116,1

5.	Жетісу	1 115	1 405	126,0
6.	Медеу	2 424	2 637	108,8
7.	Түрксіб	1 580	1 964	124,3

Сондай-ақ, табиғат пен шаруашылық туралы алған білімдермен өзара әрекеттесе отырып, тұрғындар туралы білімдер "Қазақстан географиясы" курсының мазмұнының аса маңызды элементі болып табылады. Бұл қырынан алғанда, педагогикалық сынақ барысында ұсынылған әдістемелік шарттарды іске асыру оқушыларда ірі қаланың жағдайларындағы тұрғындар мәселелері бойынша білімдер мен біліктіліктерді қалыптастыруға негізделді. Оқушыларда ірі қаланың шеңберінде тұрғындар мәселелері бойынша білімдерді, біліктіліктерді, тәжірибені қалыптастыру карталармен және карта-сызбалармен жұмыс істеудің, проблемалық және шығармашылық тапсырмаларды қолданудың, оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте педагогикалық практика кезінде «Өлкетану» пәні бойынша мектеп оқушыларымен өткізілген жоғарыда аталған сыныптан тыс жұмысты мысалға алуға болады. Төменде біз, осы іс-шараны ұйымдастырып өткізу барысында қолданылған оның көрнекі безендірілген карта-сызбасын (№1-ші сурет) беріп отырмыз:



Сурет-1. Алматы қаласының карта-сызбасы

Осы «Ару қала – Алматы» атты іс-шара кешенді түрде өткізілді. Жалпы кешенді іс-шаралардың сипаттамалар ауқымы әртүрлі: жалпы алғанда бүкіл елден бастап, жекелеген қалалар мен оның аудандарына дейін аумақтардың жағдайларындағы үштұғырлы «табиғат-тұрғындар-шаруашылық» біртұтас құрамдас бөліктердің өзара байланысы мәселесіне негізделеді. "Қазақстан географиясы" курсын зерделеудің кешенді сипаты біздің елімізде қазіргі қоғамның алдында тұрған әртүрлі мәселелерді зерделеуді шамалайды. География сабақтарында проблемалық және шығармашылық мәселелерді шешу, курс мазмұнының өте жақсы меңгерілуіне жағдай жасайды.

Бұл мәселелер адамдардың ірі қалада және оның айнала қоршаған ортасында жинақы тұрып жатуы жағдайларында, әсіресе айқын көрінісін табады. Бұл жағдай дербес оқу-әдістемелік шарттың шеңберінде ірі қалалардың тұрғындарын зерделеу бойынша география сабақтарында шығармашылық және проблемалық тапсырмаларды қолдану мәселесінің бөліп көрсетілуін алдын-ала анықтайды. Сондай-ақ кешенді әдіс-амалды іске асыруда картамен жұмысқа және олардың мазмұнын талдауға, практикалық тапсырмаларға және модельдеу (үлгілеу) тәсілдеріне көп мән беріледі.

Өз қаласының тұрғындарын зерделеудегі өлкетанушылық және мәдениеттанымдық әдіс-амалдар көбіне-көп оқушылардың дербес зерттеулер жүргізуі бойынша сабақтан тыс жұмыс барысында жүзеге асырылады. Әлеуметтік-мәдени практикумдардың, сауалнама алудың, экскурсиялардың өткізілуі, мәдени дерек көздердің мәтіндерімен өз бетімен жұмыс жасау, оқушыларға өз қаласын жақсырақ білуге, өзінің тұлғалық зерттеуші тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қаланы зерделеу бойынша өз бетімен жүргізілетін танымдық іс-әрекет оқушыларда өз қаласының бейнесінің қалыптасуына оң жағдай жасайды. Осы амалдардың іске асырылуына оқушылардың өңірлік карталармен және карта-сызбалармен, қалалардың жоспарларымен жұмысын ұйымдастыру айтарлықтай шамада жағдай жасайды. Оқу процесінде алынған білімдерді бекітуге және шығармашылықпен терең ойлауға бағытталған сарамандық тапсырмаларға аса көңіл бөлінгені дұрыс. Өз кезегінде «Қазақстан географиясы» мектеп курсына ірі қаланың тұрғындарын зерделеудің әдіс-тәсілдері тақырыбын қарастырған мақаламызды тұжырымдай келе, оның кейбір қырларына тоқталдық. Жалпы ірі қала жағдайындағы білім негізін қалыптастыруда, сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың орны мен маңызы зор. Егер де олардың формасы мен мазмұны бір-біріне сәйкес келген жағдайда, өзінің оң нәтижесін беруі шүбәсіз, әрі мүмкіндігі де мол. Әсіресе олардың кешенді түрде жүргізілуі, өз кезегінде оқушы бойында жан-жақты құзыреттіліктер қалыптастырып және олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға ірі себепкер болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Алматы энциклопедиясы. – Алматы, 1996. – 7-8 бб.
- 2 Голиков Н.Ф., Двоскин Б.Я., Спектор М.Д. Проблемы расселения населения Казахстана. – Алматы, 2009. – 248 с.
- 3 Искаков У.М. Города в системе расселения. – Алматы, 2002. – 195 с.
- 4 Тажин М.М. Человек. Регион. Город. – Алматы, 2000. – 139 с.
- 5 Программа учебного курса «Геоурбанистика (География городов)» // Тематич. сборник: «Социально-экономическая география в Алматинском университете». – Алматы, АГУ им. Абая, 2003. – С.125-132.
- 6 Лаппо Г.М. География городов. – М.: ВЛАДОС, 1997.
- 7 Нургальдиева А.Р. Тенденции и факторы территориальной организации Алматинской агломерации // Вестник КазНПУ им. Сатпаева, №1, 2014.
- 8 Интернет-источник <http://nationalplan.kz/> Концепция формирования и развития Алматинской агломерации, КазНИИСА.

ӘОЖ: 304.2.774 (501.07)

FTAMP 38.35.01

Ж.Т. Тілекова¹, А.Н. Исмаилова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ГЕОГРАФИЯ КУРСТАРЫНДА МӘДЕНИ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ ҚАЛАНЫҢ ЛАНДШАФТТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада қалалық ландшафтты зерттеудің әдістемелік жүйесін әзірлеудің әдістемелік негізі ретінде мәдени-экологиялық тәсілдемені қарастырдық. Қалалық ландшафттардың зерттелу тарихына талдау жасап, оның ішінде географ-зерттеушілеріне, экологиялық-географиялық тұжырымдарға көңіл бөлінді. Мазмұнды әзірленген құрылымының негізгі қағидаттарына сипаттама берілген, олардың мағыналы блоктары бөлінген. Мазмұнның құрылымы мынадай идеяларға жауап береді: интегративті саралану; адамның өзара әрекеттесуінің диалектикасын ашатын және ландшафтты қамтитын идеяларға, идеалды объектінің санасында адамның ландшафтымен үйлесімділігіне негізделген, оны экологиялық психология және экологиялық білім берумен дамытылатын тәжірибеде іске асыру.

Қалалық ландшафтты зерттеудің әдістері мен әдістемелік тәсілдері олардың комплиментарлығын ескере отырып, мазмұнның мақсаты мен ерекшелігімен таңдалды, бұл экологиялық мәдениеттің

барлық компоненттерінің кешенді әсері мен дамуын қамтамасыз етеді, осыған байланысты олардың жіктелуі бөлінді. Қалалық ландшафттың жан-жақты қалыптасуы қарастырылды.

Қалалық ландшафтты зерттеу нәтижелері тұлғаның барлық салаларын қамтиды: когнитивті, аффективті, ерікті және стратегиялық мақсатпен комплементтелді. Қалалық ландшафтты зерттеу нәтижелері тұлғаның барлық салаларын дамытады: когнитивті, аффективті және ерікті. Бұл тұжырымдама мектеп географиясының бастапқы курсына өз қаласының ландшафтын зерттеу әдістемесін әзірлеуге негіз ретінде алуға болады.

Түйін сөздер: география курсы, қалалық ландшафт, мәдени экологиялық дағды, экологиялық білім.

Тилекова Ж.Т.¹, Исмаилова А.Н.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ГОРОДСКИХ ЛАНДШАФТОВ НА КУЛЬТУРНО-ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОСНОВЕ В КУРСАХ ГЕОГРАФИИ

Аннотация

В статье рассматриваются методологические основы подготовки, а также методические разработки исследования городских ландшафта на культурно-экологической основе. Анализируя историю изучения городских ландшафтов, особое внимание было уделено географам-исследователям, эколого-географическим выводам. Изложены основные принципы разработанной структуры компонента содержания, разделены их смысловые блоки. Структура компонента содержания отвечает следующим идеям: интегративная дифференциация; реализация ее на практике, основанной на идеях, раскрывающих диалектику взаимодействия человека и включающих ландшафт; сочетании в сознании идеального объекта с ландшафтом человека, развивающейся экологической психологии и экологическим образованием.

Методы и методические подходы изучения городского ландшафта были выбраны с учетом их комплиментарности, целью и особенностями содержания, что обеспечивает комплексное влияние и развитие всех компонентов экологической культуры, в связи с чем выделена их классификация. Результаты исследования городских ландшафтов охватывают все аспекты личности: познавательный, аффективный, добровольный и стратегический. Результаты исследования городского ландшафта развивают все сферы личности: когнитивную, аффективную и добровольную. Эта концепция может являться основой для разработки методики исследования ландшафтов своего города в начальном курсе школьной географии.

Ключевые слова: курс географии, городской ландшафт, культурные экологические навыки, экологическое образование.

Zh.T. Tilekova¹, A.N. Ismailova¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

METHOD OF TEACHING LANDSCAPE OF THE CITY ON THE CULTURAL-ECOLOGICAL BASIS IN THE COURSES OF GEOGRAPHY

Abstract

In the in the article, it is considered the cultural-ecological approach as a methodological basis for the development of the methodology of urban landscape research. Analyzing the history of the study of urban landscapes, special attention was paid to geographers-researchers, ecological and geographical conclusions. The basic principles of the developed structure of the content are stated.

Methods and methodological approaches to the study of the urban landscape were chosen taking into account their complementarity, purpose and characteristics of the content, which provides a comprehensive impact and development of all components of environmental culture, in connection with which their classification is highlighted.

The results of the city landscape study cover all aspects of the individual: cognitive, affective, voluntary and strategic. The results of the city landscape study develop all the faculties: cognitive, affective and voluntary. This concept can be used as a basis for the development of the methodology of studying the city's landscape at the initial course of school geography.

Keywords: geography course, urban landscape, cultural environmental skills, environmental education.

Қалалық ландшафттарды зерттеу кезіндегі мәдени-экологиялық тәсілдеменің ерекшеліктерін анықтаған кезде, біз В.С. Преображенский идеяларын басшылыққа алдық, ол ғылымдағы кез келген тәсіл – «бұл принципті әдістемелік бағдар, зерттеу стратегиясы. Тәсілдің конструктивтілігі өз бағытында білімдерді жіктеуге емес, оларды құрылымдауға көп назар аударады». Ол географиялық зерттеулердегі экологиялық тәсілдің рөліне ерекше көңіл бөледі, оның пікірінше «экологиялық тәсіл – адамға және оның қоршаған ортасына көңіл бөлуді, географиялық бағыттың адамның ландшафтқа «үйлесімділігін» қамтамасыз етті В.С. Преображенский» ғылыми ізденісті қарапайым емес, яғни аз өзгермелі табиғи ландшафттардан, күрделі ландшафттардан емес, ал шығармашылығы неғұрлым терең, саналы және жүйелі түрде болып тұратын ландшафттардан бастау орынды» деп атап өтті. Соңғылардың қатарына қала ландшафтарын жатқызды. В.С. Преображенский экологияны теңдесі жоқ, ғылым мен қоғам тарихында болмаған, өзінің қуаты бойынша ғылымның барлық отбасын ғана емес, сонымен қатар әлемдік қоғамдық сананы да қамтитын үрдіс деп атайды.

Қалалық ландшафттың мәдени-экологиялық зерттеуінің бірінші кезектегі міндеттерінің арасында қала тұрғындарының экологиялық мәдениетін дамыту қажеттілігін атап өткен жөн. Қалалық ландшафт – бұл адамға ерекше талаптар қойылатын, басқарылатын геоэкожүйе екені белгілі. Бұл өзара әрекеттесу толық үйлесімділікке жеткен кезде, адам мен табиғи орта өзара және тұтас оңтайлы қатынаста болғанда, қалалық мәдени ландшафттың құрылуы мүмкін екені белгілі. Қалалық мәдени ландшафттың үйлесімдігі, ең алдымен, антропогендік фактормен, әлеуметтің табиғи экофильді, ұтымды пайдалануды жүргізуге қабілеттілігі мен ұмтылысымен анықталады.

Айтылған сөздерден, мәдени ландшафтта әлеуметтік құрамдас жоғары экологиялық мәдениетке ие болуы тиіс деген қорытынды жасау керек. Бұл тұжырым қаланың мәдениет саласында экологиялық ландшафттану мәселелерін зерттеуде көп назар аударуды көздейді. Бұл контекстте көрініс беретін В.С. Преображенскийдің сөздері: «егер индустриалды дәуірдің ғылымына тән тіректі жеңе алмаса, заманауи гуманитарлық экологиялық ғылымдардың байлығын игермей, философия мен мәдениеттің ландшафттанудағы ұғымдық-терминологиялық аппаратына, ойлау стиліне, моделіне әсерін талдаудан бас тартсақ, ландшафттану қазіргі қалпын сақтап қала ала ма? Ал егер қысқа мерзімде айтарлықтай жалпы мәдени және адамтану білімін көтермесе не болады?» [1].

Қалалық ландшафттардың бірінші географ-зерттеушілеріне А.Г. Исаченконы жатқызуға болады. 70-жылдары қаланы зерттеудің жалпы географиялық, кейін экологиялық-географиялық тұжырымдамасы анықталды (И.П. Герасимов, В.Б. Сочава). Бұл бағыттар қалалық ландшафттар туралы оқудың теориялық негізін құрады.

Қалалық ландшафтты зерттеу әдістемесі мәдени-экологиялық тәсілдеме негізінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру шарты ретінде үздіксіздік пен сабақтастық принциптерін жүзеге асырады. Біз әзірлеген әдістемелік жүйе бастауыш мектепте «Қоршаған әлем» және «Жаратылыстану» курстарында мәдени-экологиялық идеялардың белсенді іске асырылып жатқанын, әлеуметтік жағынан құнды бағдарлар қалыптасатынын, қала аумағының табиғаты, халқы және мәдениеті туралы түсініктер жинақталатынын, демек, 7-сынып географиясында мәдени-экологиялық тәсілдемені іске асыру сабақтастық принципін қамтамасыз етуге бағытталған. Физикалық географияның бастапқы курсы үздіксіздік принципіне сәйкес, бірінші жүйелендірілген географиялық курс бола отырып, барлық географиялық білім беруге мәдени - экологиялық бағдар қоюға арналған.

Мәдени-экологиялық тәсілдемені біз мектеп географиясының бастапқы курсына қалалық ландшафтты зерттеудің әдістемелік жүйесін әзірлеудің әдістемелік негізі ретінде қарастырамыз. Ол географиялық қабықтың тұтастығы, адамның «шығармашылық» және сыйысымды ландшафт, ноосфераның «доминанттары» ретінде мәдени қалалық ландшафттардың қалыптасуы туралы идеяларды жүзеге асырады. Қазіргі дидактика мен білім әдістемесінде біртұтас жүйе ретінде саналатын оқу үрдісіне көзқарастар қалыптасты. Мәдени-экологиялық тәсілдеме білім беру үдерісінің мақсатты, мазмұнды, іс жүргізушілік және нәтижелі бағалау компоненттерінің өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Мақсатты компонент. Жалпы географиялық білім беруді экологиялаудың мақсаты - танымдық, эмоционалды-құндылық және практикалық компоненттердің бірлігі контекстінде қарастырылатын тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. Біздің әдістемелік жүйеміздің мақсатты компоненті мәдениет контекстінде географияны экологияландыру идеяларын дамытады, оқушылардың өз қаласының ландшафтымен жан-жақты қарым-қатынасын дамыту ретінде айқындалған: танымдық қарым-қатынас, эстетикалық және этикалық қатынастар, практикалық қарым-қатынас. Аталған қатынас түрлері экологиялық мәдениеттің барлық компоненттерін бейнелейді және 7 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне барабар.

Мазмұнды компонент. Мазмұнды іріктеу кезінде біз қалалық ландшафтты тұтас қабылдау және таным кешенділік қағидаттарын басшылыққа алдық және «Қалалық ландшафт» объектісінің өзі мәдени-экологиялық феномен болып табылады, яғни қуатты танымдық және аксиологиялық әлеуеті бар, демек, «Ғылым – оқу пәні» мазмұнын іріктеудің дәстүрлі логикасы - зерттеу объектісі - қалалық ландшафтқа барабар емес. Сондықтан, зерттеуде біз басқа тәсілді пайдаландық, С.Н. Глазачев, В.В. Николина жұмыстарына сүйене отырып, мазмұнды іріктеу басқа «Мәдениет – қалалық ландшафтты зерттеу мазмұны» логикасы бойынша жүріп жатыр. Біз мәдениеттің түрлі элементтерін пайдалана отырып, мазмұнды таңдадық, немесе С.Н. Глазачев атап өткендей «экологиялық мәдениет тілдері», ол ғылым, өнер және философия.

Мазмұнды таңдауда өткен қазіргі, болашақ мәдениеттердің диалогы қалалық мәдени ландшафтты қарастыруда маңызды орын алады (топонимдер – өз жерінде бағдарлауға және реттеуге, өмірді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін объектілердің жеке атаулары; есімнамалар). Топонимдер мәдениетке М.М. Бахтиннің «хронотоптар», яғни орынмен тығыз байланысты оқиғалар терминін пайдалана отырып, халық жадысын ұйымдастыруға және сақтауға көмектеседі.

Эстетикалық компонентті қосу эстетикалық талғамды, прагматикалық емес қарым-қатынасты дамытуды, эстетикалық талаптарды ескере отырып, ландшафтта мәдени жасампаздықты дамытуды қамтамасыз етеді. Эстетикалық қарым-қатынас қабылдауды, бағалауды және шығармашылықты білдіреді. Эстетикалық бағалаулар қоғам әзірлеген әсем эталондармен, өзіндік «сұлулық стереотиптерімен», эстетикалық мәндермен байланысты [2].

Этикалық аспект норманы, нұсқаманы, адамның және сыйысымды ландшафтың талаптарын ашады. Эстетикалық және этикалық бағалар адамның табиғи объектілерге қарым-қатынасының дамуына, оларға салынған қоғамдық қалыптасқан мәндерден туындайтын, бағалаулары бар тиісті эмоциялар арқылы әсер етеді. Экологиялық білім беру үдерісінде осы тетіктердің іс-әрекетін нақты педагогикалық пайдалану оқушылардың табиғат әлеміне қатынасын қалыптастыру мен түзетудің перспективалық құралы болып табылады.

Мазмұнды іріктеу индивидтің жан-жақты қарым-қатынасының қалыптасуын қамтамасыз ететін «өмір әлеміне» және өмірлік мәселелерге бағытталуы тиіс, ол әлеммен үйлесімділікке қол жеткізуге жауап беретін әлеуметтік әлемде өмір сүру тәсілдерін белсенді жеке іздеуді қамтамасыз ету керек.

Осылайша, «мәдениет» санатын әдістемелік жүйенің барлық компоненттеріне қосу талаптарына сәйкес іріктелген мазмұн танымдық, аксиологиялық (этикалық, эстетикалық), праксиологиялық және жеке құрамдастарды қамтиды.

Мазмұн аспектілерінің мұндай бөлінуі экологиялық мәдениеттің қалыптасуын қамтамасыз ететін экологиялық білімнің мазмұнына сәйкес келеді. Мазмұнды құрылымдау кезінде біз мынадай тарауда ұсынылған философиялық, ғылыми, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік негіздерді ескердік:

а) постклассикалық емес ғылымның ерекшеліктері, мәдениет элементі ретінде, онда жетекші орын «адам – жан-жақты» жүйелерді зерттеу, сондай-ақ танымдық және құндылық аспектілерінің өзара байланысы жүзеге асырылады, бұл адамның өзін-өзі сәйкестендіруді көздейді;

б) қалаларды ландшафттану және экологиялық психологияны зерттеулер көрсеткендей ландшафтты зерделеудің маңызды талабы оның тұтас қабылдауы, «оймен, жүрекпен» ландшафт бейнесін жасау болып табылатыны, бұл ретте, бейнеде әрдайым көріну, алдын алу (антиципация) процесі бар, олар қазіргі уақыттан бұрынғы сәтке дейін, сондай-ақ келешектен қазіргі және өткенге дейін, қызметтің бастапқы сәтінен бастап соңғы және керісінше, сондай-ақ сол сияқты одан кейінгі кезге дейін өрістетілуі мүмкін, адамның өзара қарым-қатынасының диалектикасын және қалалық мәдени ландшафтың қалыптасу арнасында «ноосфераның доминанты», адамның шығармашылық нәтижесі және қалалық ландшафт ретінде қарастыру маңызды. Бұл ретте экологиялық қатынастарды дамыту мәдени-шығармашылық перспективаны, яғни қалалық мәдени ландшафтты зерттеуді болжайды;

в) мәдениеттанулық идеялар арнасында экологиялаумен байланысты педагогикалық зерттеулерге, интегративті дифференциация идеяларына сәйкес экологиялық білім біртіндеп дифференциациялау жолымен шешілмеген құрылымдардан дамуы тиіс [3].

Мазмұнның әзірленген құрылымының негізіне мынадай қағидаттар енгізілген:

1. Субъективациялауды немесе өзін-өзі сәйкестендіруді болжайтын субъектілік және әлеуметтендіру принципі, яғни ондағы өз рөлі мен орнын әлеуметтік туыстық бейнелеуді белгілеу. Ландшафтты субъективациялау-оның жеке басын "басқа тұлғадан артық қою" деп түсіну, бұл ретте оған субъектінің қасиеттері бекітіледі. Бұл жағдайда ландшафтпен байланыс қарым-қатынас және ландшафт ретінде қабылданады, кез-келген субъект адам үшін оның пайдалылығынан тыс өмір сүруге құқығы бар, себебі өзінің бағасы бар, сондықтан ол ресурстан жеке тұлғаның санасының серіктестігіне айналады. Мұндай көзқарас объект ретінде түсінілетін ландшафтқа қатысты сырттай бақылау позициясын әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін серіктес және жасампаз тұлға позициясына ауыстыруға мәжбүр етеді.

2. Қалалық ландшафтты құбылыс (пейзаж) ретінде және мәні (табиғи – антропогендік жүйе) ретінде тұтас қабылдау принципі. Адекватты тұтас бейнені жасау (пейзаж) адамға қоршаған ортадағы сезімтал - бейнелі бағдарлауды қамтамасыз етеді. Аристотель: "ақыл ешқашан тұтас бейнесіз ойламайды". Қалалық ландшафттың сезімтал акт және дербестендірілген белгілеу ретінде жетілуі (синэстезия – барлық сезімдер жиынтығымен объектіні қабылдау) жетекші мәнге ие, яғни мәдениеттер диалогы болатын топонимдер мен есімнамалар арқылы қоршаған ортаны таңбалау. Қалалық ландшафтты табиғи-антропогендік жүйе ретінде анықтау кезінде танымның ұтымды тәсілдері қолданылады, адам мен ландшафттың өзара байланысының диалектикасын ашуды көздейді.

3. Таным бірлігі, қарым-қатынас және қызмет қағидаты осы жастағы аффективті саланың жетекші рөлін ескере отырып, оларды ашу дәйектілігін анықтай отырып, мазмұн құрылымына экологиялық мәдениеттің барлық компоненттерінің енгізілуін болжайды. Танымдық компонент мәдени-жасампаздық перспективада адам мен қалалық ландшафт геокомпоненттерінің өзара байланысының диалектикасын ашуды көздейді. Адамгершілік және эстетикалық аспектілерді қалыптастыру ерекшеліктері ескерілді. Адамгершілік қарым-қатынастарды дамыту үдерісі келесілерді қамтиды: адамгершілік нормаларды меңгеру - уайымдау - адамгершілік таңдау - адамгершілік бағалау. Эстетикалық аспектілер келесі ретпен дамиды: қабылдау-жинақтау-бағалау-өзіндік эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру. Мазмұнның құрылымы оқушылардың әр түрлі қызмет түрлерін қалалық ландшафтты мәдениетіне байланысты әлеуметтік маңызы бар бағдарлармен ұштастыруды көздейді.

Мазмұн құрылымында біз бес мағыналы блокты бөлдік:

1 Мазмұн құрылымында мотивациялық-бағдарлы функцияны атқаратын өзін-өзі сәйкестендіру блогы. Осы блок шеңберінде оқушылар өздерінің қалалық ландшафтқа қатыстылығын сезінеді және қалалық ландшафтты зерттеудің субъективті маңыздылығын анықтайды.

2 Қалалық ландшафт пейзажы. Тұтас бейнені қалыптастыру. "Дербестендірілген белгілеу", ассоциациялар, санаттандыру және сызбалау негізінде қалалық ландшафтты тұтас қабылдау. Қалалық ландшафттың тұтас бейнесін қалыптастыру.

3 Табиғи-антропогендік жүйе ретіндегі қалалық ландшафт. Қала ландшафтысының компоненттерін табиғат, адам және оның қызметінің нәтижесі ретінде ашады.

4 Қала ландшафтысындағы адам мен табиғаттың өзара байланысы. Олардың өзара қарым-қатынасының диалектикасын ашады. Адам үшін қалалық ландшафттың табиғи компоненттерінің әмбебап маңызы. Адамның қала табиғатына әсері. Қалалық ландшафттың табиғи компоненттерінің және адам денсаулығының өзгеруі. Адам үшін салдары. Қала ландшафтарын қорғау, қалпына келтіру.

5 Қалалық мәдени ландшафт қаладағы адам мен табиғаттың "бірігуінің" нәтижесі ретінде: объектілер, қалыптасу тарихы, сипаттамасы және күтімі.

Мазмұнның аксиологиялық компоненті эстетикалық және этикалық қарым-қатынастың даму ерекшелігін ескере отырып, контекст түрінде берілген. Бірінші және екінші блокта эстетикалық қарым-қатынас қалалық ландшафтты қабылдауға және оған өзінің қатыстылығын түсінуге байланысты эмоционалдық-стихиялық деңгейде дамиды. Бұл блоктардағы этикалық қатынастар ландшафтдағы мінез-құлыққа байланысты адамгершілік нормалар мен ұйғарымдарды меңгеру тұрғысынан қалыптасады. Үшінші және төртінші блоктарда эстетикалық бағалаудың қалалық ландшафттың экологиялық әл-ауқатына (қолайсыздығына) арақатынасына назар аударылады, ал этикалық қарым-қатынас өзінің қызметін тірі табиғатқа жақсылық пен жамандық тұрғысынан түйістіруді және

бағалауды көздейді. Қалалық мәдени ландшафты зерделеу кезінде әр түрлі өмірлік жағдайларда оқушылардың адамгершілік таңдауын жүзеге асыруға, сондай-ақ оның эстетикалық сапасын жақсарту арнасында Қалалық ландшафт табиғатымен шығармашылық мүмкіндігін жүзеге асыруға назар аударылады.

Мазмұнның осындай құрылымы мынадай идеяларға жауап береді: интегративті саралану; адамның өзара әрекеттесуінің диалектикасын ашатын және ландшафтты қамтитын идеяларға; идеалды объектінің санасында адамның ландшафтымен үйлесімділігіне негізделген, оны экологиялық психология және экологиялық білім берумен дамытылатын тәжірибеде іске асыру [4].

Аталған мағыналық блоктар мәдени-экологиялық тәсілдеме негізінде қалалық ландшафтты зерттеудің көп аспектілігін ашады. Әрбір блок оны бірыңғай көп аспектілі мазмұнды құрумен бірге нақтылайды. Оқу үрдісінде бұл мазмұн өзара байланысты және адам мен ландшафттың жан-жақты қарым-қатынасының қалыптасуына «жұмыс істейді». Бұл – мектеп географиясын экологияландырудың мәдени-экологиялық бағыттағы «Менің қаламның ландшафты» және «Мәдени ландшафт: қалыптастыру және күту» практикумының интеграцияланған курсымен ұштасқан жағдайда мүмкін болады.

Өз қаласының ландшафтын зерттеу кезінде оқушының экологиялық мәдениетін қалыптастыруға қолданылатын мәдени-экологиялық тәсілдеменің бағыты оқытудың әдістері мен формаларын іріктеуге ерекше талаптар қояды. Зерттеу әдістері мен формаларын нақтылау кезінде таным, қарым-қатынас және іс-әрекеттің өзара байланыс принципі жетекші мәнге ие болады. Қалалық ландшафтты зерттеудің әдістері мен әдістемелік тәсілдері олардың комплиментарлығын ескере отырып, мазмұнның мақсаты мен ерекшелігімен таңдалады, демек, әртүрлі классификациялардан, С.Д. Дерябо, В.А. Левиннің жеке тұлға санасының әртүрлі салалары бойынша жіктелуі жетекші мәнге ие, бұл экологиялық мәдениеттің барлық компоненттерінің кешенді әсері мен дамуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты төмендегідей бөлінеді:

1. Аффективті саланы дамыту және субъектілік қатынастарды дамыту әдістері. Оларды пайдалану негізіне субъективтілік принципі, яғни зерттелетін объектілерге жеке қарым-қатынасты қалыптастыру жатады. Мұндай әдістер қатарына: экологиялық лабилизация әдісі (тұрақсыздық); экологиялық қауымдастықтар әдісі (қосылу); шығармашылық репрезентация әдісі (өнер құралдарымен танымдық қарым-қатынасты қалыптастыру) жатады.

2. Когнитивті саланы қалыптастыру әдістері – танымның әртүрлі әдістерінің негізінде танымдық қатынастарды қалыптастыратын әдістерді қолдану: ғылым, өнер, философия, дін: экологиялық идентификация әдісі (теңдестіру); экологиялық эмпатия әдісі (тепе-теңдік); экологиялық рефлексия әдісі (артқа жүгіну).

3. Коактивтілік (жәрдемдесу) принципі негізінде табиғатпен өзара әрекеттесу стратегиясын қалыптастыру әдістері. Бұл принцип табиғи объектілерге құндылық қарым-қатынасты қалыптастыруға және табиғат әлеміне бағытталған қызметті жүзеге асыру процесінде экологиялық тұрғыдан ақталған өзара әрекеттесуді дамытуға, сондай-ақ осы қызметтің экологиялық мақсатқа сай стратегиялары мен технологияларын игеруге ықпал ететін әдістерді пайдалануға негізделеді. Бұл әдістерге: экологиялық күту (экспектация) әдісі; экологиялық қамқорлық әдісі; экологиялық құзыреттілік әдісі жатады [5].

Әдістемелік жүйенің үрдістік компонентін нақтылаған кезде компоненттердің үрдістігі мен мазмұнының бірлестігі қолданылды, ол осы жаста аффективті саланың басым дамуы болып саналды, осыған байланысты реттілікті құру сананың когнитивті және праксиологиялық аспектілерімен бірлікте болатын құндылық қарым-қатынастардың даму кезеңдерін көрсетілді. Географияның бастапқы курсына оқушылардың қалалық ландшафтқа жан-жақты қарым-қатынасын қалыптастыру үрдісі кезеңділікті болжайды. Біз үш кезеңді белгіледік: эмоциялық-бейнелі, танымдық-құндылық, іс-әрекет-реттегіш.

Бірінші кезең: эмоционалдық-бейнелі – жақын табиғи-элеуметтік ортаны пайдаланумен байланысты. Бұл кезеңде оқушы тұлғасының санасының аффективті саласын дамыту көзделеді және ол бірінші, екінші мазмұн блоктарымен сәйкес келеді. Бұл кезең оқушылардың бойында адамның қалалық ландшафтқа енуінің тұтас бейнесін жасауды қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде эмоционалдық жағдайды, жанасуды тудыруға мүмкіндік беретін оқыту әдістері мен нысандары, бейнені жасау үшін қажетті ақыл-ой қызметінің тәсілдерімен эмоционалдық қабылдауды біріктіруге бағытталған сипаттау әдістері іске асырылады.

Екінші кезең: танымдық-құндылық – қалалық ландшафтқа құндылық қатынастарымен бірге мәдени-экологиялық көзқарастарды дамыту. Бұл кезең тақырыптың келесі екі блогымен сәйкес келеді. Екінші кезеңде қалалық ландшафт құрылымын нақтылау, адам және оқушының жеке өзі үшін қалалық ландшафттың табиғи компоненттерінің маңыздылығын ашу, сонымен қатар адамның қалалық ландшафтқа әсерін қарау, ондағы өзгерістер арқылы қалалық ландшафт туралы түсініктерді байыту жүргізіледі. Қалалық ландшафт туралы түсінік қалалық мәдени ландшафт мысалында адамның және қалалық ландшафттың өзара қарым-қатынасын үйлестіру идеяларын нақтылау есебінен байытылады. Біз когнитивті саланы қалыптастыру әдістерін, соның ішінде экологиялық қауымдастықтардың әдістерін пайдаланамыз.

Үшінші кезең: іс-әрекет – реттеушілік-аффективті және танымдық сфералармен бірге жетекші мәнге ерік саласы ие болады. Бұл ретте ерік саласын қалыптастыру әдістері қолданылады. Бұл кезеңде оқушылардың қаланың әр түрлі аймақтарының мәдени ландшафтарымен танысуы маңызды.

Біздің зерттеуде бұл рекреациялық аймақтар (саябақтар, су айдындары), сондай-ақ қоныстану аймақтары (мектеп жанындағы жерлер, тұрғын үй аулалары) мысалында жүзеге асырылды. Мазмұнның бұл компоненті «Мәдени ландшафт: қалыптастыру және күту» мәдени-экологиялық практикумынан тұрады. Жетекші мәнге іздеу және шығармашылық сипаттағы танымдық іс-әрекет ие.

Әдістемелік жүйенің нәтижелі - бағалау компонентін анықтау кезінде біз Н.Ф. Винокурова, И.Д. Зверев, Б.Т. Лихачев, С.Н. Глазачев, В.В. Николина зерттеулеріне сүйендік, олардың пікірінше экологиялық мәдениет танымдық, қарым-қатынас, үдемелі компонентті дамытуды, яғни қалалық ландшафт, құндылық қатынастар және мәдени-экологиялық белсенділік туралы түсініктерді қалыптастыруды көздейді. Демек, қалалық ландшафтты зерттеудің аталған нәтижелері тұлғаның барлық үш саласын қамтиды: когнитивті, аффективті және ерік саласын; тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру стратегиялық мақсатпен компоненттендіреді (оқытудың жоспарланған нәтижелері І кестеде берілген).

Объектіні мәдени бағытпен тану жеке тұлға компонентін, яғни өзін-өзі анықтауды қарастырады, ол дегеніміз өзінің қалалық ландшафтқа қатысты екендігін сезіну. Экологиялық түсініктердің қалыптасуын бағалау келесілер арқылы орындалады: толықтығы, жалпылығы, саналығы. Құндылықтық қатынастардың қалыптасу критерийлері – қарқындылық, доминанттылық болды. Құндылық қарым-қатынастың қалыптасуының маңызды өлшемі олардың коэволюциялық бағыты болып табылады.

Мәдени-экологиялық белсенділік оқушылардың қалалық ландшафтты зерттейтін және қоршаған ортада тәжірибелік іс-әрекетті орындайтын қалаулары бойынша анықталды. Бұл ретте мәдени-экологиялық белсенділіктің жоғары көрсеткіші мұғалімнің мәжбүрлемей және оның бақылауынсыз орындалатын танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттерде болатындығы ескерілді.

Осылайша, біз әзірлеген әдістемелік жүйе – «мәдениет» санатын оның барлық компоненттеріне қосу тұрғысынан мәдени экологиялық тәсілдемені жүзеге асырады, және де мәдени-экологиялық феномен ретінде болатын қалалық ландшафтты зерттеу негізінде географияның бастапқы курсы экологияландыруда жүйе құраушы рөлін қамтамасыз етеді. Бұл әдістемелік жүйе мектеп географиясының бастапқы курсына қалалық ландшафтты зерттеудің нақты әдістемесін әзірлеуге негіз болып табылады [6].

1. Қалалық ландшафтты зерттеудің әдістемелік жүйесін жасау географияның бастапқы курсының мәдени-экологиялық әлеуетіне талдау жүргізуді талап етті. Географиялық білім берудің мемлекеттік стандарты мен концепциясын талдау, жалпы теориялық және жеке-әдістемелік деңгейдегі диссертацияларды зерттеулер мәдени-экологиялық тақырыптың жоғарылағанын көрсетті, болжау бойынша оларда «адамға қатысты жүйелер», мысалы қалалық ландшафт зерттеледі. Әдістемелік зерттеулерде заманауи географиялық білім беруді дамытуда мәдени-экологиялық тәсілдемелер жетекші рөлде екендігі негізделіп, көрсетіледі. Географияның мектеп курсы экологияландыру кезеңдері еңбектерде байқалады. Осыған байланысты экологияландырудың қазіргі кезеңінде басты мақсат – мәдени адамды қалыптастыру, бұл өз кезегінде мәдени-экологиялық тәсілдемені пайдалануды көздейді. Сонымен қатар, бағдарламаның негізгі бөлігінің мазмұны табиғи орталықты сипатқа ие. Оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау және зерттеу жүргізу нәтижесінде мектеп географиясының бастапқы курсының экологиялық мазмұны мәдениеттанулық идеялар арнасында жетілдіруді, жаңғыртуды, тереңдетуді талап ететіндігі анықталды.

2. Мектеп географиясының бастапқы курсына қалалық ландшафтты зерттеудің әдістемелік жүйесін құрастырудағы мәдени-экологиялық тәсілдемені жүзеге асыру теориялық-әдістемелік және

әдіснамалық деңгейлерде жүзеге асырылды. Бірінші деңгей мәдени-экологиялық тәсілдеменің (мәдени өзін-өзі сәйкестендіру және әлеуметтендіру, мәдени-танымдық, аксиологиялық, мәдени-жасампаздық, коммуникативтік) функцияларын; әдістемелік жүйенің барлық компоненттеріне «мәдениетті» қосуды қамтамасыз ететін дидактикалық принциптерді анықтауды болжады, олардың жетекші рөлге ие болуын қамтамасыз етті. Белгіленген бағдарлар әдістемелік деңгейді анықтады, ол «экологиялық мәдениет» санатын әдістемелік жүйенің мақсатты, мазмұнды, іс жүргізу және нәтижелі - бағалау компоненттеріне енгізуді көздеді.

3. Әдістемелік жүйенің мақсатты компоненті экологиялық мәдениеттің құрамдас бөліктерін бейнелейтін түсініктерді, құндылық қарым-қатынастарды және мәдени-экологиялық белсенділікті қалыптастыруды көздейді. Мазмұнды іріктеу кезінде біз келесі қисынды қолдандық: «мәдениет элементтері – қалалық ландшафтты зерттеу мазмұны»: ғылым, өнер, этика, эстетика. Іріктелген мазмұн танымдық, аксиологиялық (этикалық, эстетикалық), праксиологиялық және жеке құрамдас бөліктерді қамтиды. Мазмұн құрылымы қоршаған ортаны мәдени игерудің ерекшеліктерін көрсетті. Осыған байланысты мазмұн құрылымы бес мағыналы блоктан тұрады. Мазмұнның аксиологиялық компоненті эстетикалық және этикалық қарым-қатынастың даму ерекшелігін ескере отырып, контекст түрінде берілген.

Әдістемелік жүйенің үрдістік компоненті оның құрылымдық-мазмұндық компонентімен бірлігін көрсетті, 7 сынып оқушыларының аффективті саласының басым дамуын есепке алды және келесі кезеңдерді қамтыды: эмоциялық-бейнелі, танымдық-құндылық, іс-әрекетті-реттеушілік. Оқыту әдістерін таңдау таным, тәжірибе және іс-әрекет бірлігі принципіне бағытталған, бұл тұлғаның санасының барлық салаларына кешенді әсер етуді көздейді. Оларды пайдалану әр кезеңнің ерекшелігіне сәйкес қолданылды. Нәтижелі-бағалау компоненті ұсыныстардың қалыптасу критерийлерін, құндылық қатынастар мен мәдени-экологиялық белсенділікті таңдауды болжады. Қалалық ландшафтты зерттеу нәтижелері тұлғаның барлық салаларын қамтыды: когнитивті, аффективті, ерікті және стратегиялық мақсатпен комплементтелді. Қалалық ландшафтты зерттеу нәтижелері тұлғаның барлық салаларын қамтыды: когнитивті, аффективті және ерікті. Бұл тұжырымдама мектеп географиясының бастапқы курсында өз қаласының ландшафтын зерттеу әдістемесін әзірлеуге негіз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Винокурова Н.Ф. Культурно-экологический подход в модернизации географического образования: теоретико-методологические основы и методика реализации // Теория и методика обучения географии: история и современные направления развития: Сб. материалов межвузовской науч.-практ. Конф. 29-30 октября 2004. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2004. – С.26-29.*

2 *Винокурова Н.Ф. Городской ландшафт // Социокультурная среда и единое образовательное пространство: региональная политика, стратегия развития / Материалы науч.-практ. конф. 28-29 октября 2003 г. – Н. Новгород: НГЦ, 2004. – С.48-50.*

3 *Лихачев Б.Т. Педагогика. Учебное пособие. – М.: Прометей, 1993. – С.230.*

4 *Мазур И.И. Путь к экологической культуре: Монография. – М.: Горизонт, 2001. – С.194.*

5 *Николина В.В. Экология и культура: воспитание у учащихся ценностей экологической культуры в городской среде: Учеб. пособие. – Н. Новгород: Изд-во Волго-Вятской академии госуд. службы, 2002. – С.72.*

6 *Гельдыева Г.В., Веселова Л.К. Ландшафты Казахстана. – Ғылым, 1992. – С.173.*

ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ **ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

ӘОЖ 541.13

Ә.Б. Баешов¹, У.А. Абдувалиева¹, М.Қ. Жұбаныс², Х.Н. Жанбеков², В.И. Яскевич¹

¹Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты,
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

СЕЛЕН (IV) ЕРІТІНДІСІНЕН АЙНЫМАЛЫ ТОКПЕН ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ТИТАН ЭЛЕКТРОДЫНДА СЕЛЕН ҰНТАҚТАРЫН АЛУ

Аңдатпа

Мақалада күкірт қышқылы ерітіндісінде «титан-графит» электродтар жұбын жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен поляризациялау кезінде селен (IV) иондарының айнымалы токтың катодтық жартылай периодында селен ұнтақтарын түзе тотықсызданатындығы алғаш рет көрсетілген.

Селен ұнтағының түзілуіне – селен (IV) иондарының, күкірт қышқылы концентрациясының және титан электродындағы ток тығыздығының әсері зерттелді.

Күкірт қышқылы концентрациясын 0-200 г/л аралығында өзгерткенде, селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымының жоғарылайтындығы көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымына төрт валентті селен иондарының концентрациясының мардымды әсер ететіндігін көрсетті. Титан электродындағы ток тығыздығы 2000 А/м², ал селен (IV) иондарының ерітіндідегі концентрациясы 20 г/л болғанда, селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымы 83,5 %-ға тең болатындығы анықталды.

Электролиз кезінде 25-60⁰С температураларда титан бетінде және аумағында қызыл түсті, ал одан жоғары температуралар аралығында қара түсті аморфты селен ұнтақтарының түзілетіндігі анықталды.

Алынған селен ұнтақтарының размері мен формасы электронды микроскоп арқылы анықталды. Зерттеу нәтижелері негізінен мөлшері 0,158-0,908 мкм аралығында сфера формалы селен ұнтақтарының түзілетіндігін көрсетті. Бұл ультрадисперсті ұнтақтар бір-бірімен жабысып, әртүрлі ірілеу формада және мөлшерде бола алатындығы анықталды.

Түйін сөздер: айнымалы ток, селен ұнтағы, күкірт қышқылы, электролиз, ток бойынша шығым.

Баешов Ә.Б.¹, Абдувалиева У.А.¹, Жұбаныс М.Қ.², Жанбеков Х.Н.², Яскевич В.И.¹

¹АО «Институт топлива, катализа и электрохимии им Д.В. Сокольского»,
г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПОЛУЧЕНИЕ ПОРОШКА СЕЛЕНА ИЗ РАСТВОРОВ СЕЛЕНА (IV) ПРИ ПОЛЯРИЗАЦИИ ПЕРЕМЕННЫМ ТОКОМ НА ТИТАНОВОМ ЭЛЕКТРОДЕ

Аннотация

В статье впервые показана возможность восстановления ионов селена (IV) в катодном полу-периоде при поляризации в сернокислой среде пары электродов «титан-графит» промышленным переменным током с частотой 50 Гц с последующим образованием порошков селена.

Исследовано влияние концентраций ионов селена (IV) и серной кислоты, а также плотности тока на титановом электроде на формирование порошков селена.

Показано, что с увеличением концентрации серной кислоты в интервале 0-200 г/л наблюдается увеличение выхода по току образования порошков селена.

Полученные результаты исследований показали, что на выход по току образования порошков селена значительное влияние оказывает концентрация ионов четырехвалентного селена. Установлено, что при плотности тока на титановом электроде 2000 A/m^2 и концентрации ионов селена (IV) 20 г/л, выход по току образования порошков селена равен 83,5%.

Установлено, что при температурах 25-60 °С на поверхности титана и в объеме образуются аморфные порошки селена красного цвета, а при более высокой температуре – аморфные порошки селена черного цвета.

Произведен электронно-микроскопический анализ и установлены формы и размеры полученных порошков селена. Результаты показали, что в основном образуются порошки селена сферической формы с размерами частиц 0,158-0,908 мкм. Установлено, что образовавшиеся ультрадисперсные порошки могут слипаться между собой и формироваться в виде более крупных и разных по размеру порошков.

Ключевые слова: переменный ток, порошок селена, серная кислота, электролиз, выход по току.

A.B. Bayeshov¹, U.A. Abduvalieva¹, M.K. Zhubanys², H.N. Zhanbekov², V.I. Yaskevish¹

*¹JSC Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry named after D.V. Sokolskiy,
Almaty, Kazhakstan*

*²Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

OBTAINING A POWDER OF SELENIUM FROM SOLUTIONS OF SELENIUM (IV) AT POLARIZATION BY ALTERNATING CURRENT ON THE TITANIUM ELECTRODE

Abstract

The article for the first time shows the possibility of reduction of selenium (IV) ions in the cathode half-cycle during polarization in the sulfuric acid medium of a pair of titanium-graphite electrodes by industrial alternating current at a frequency of 50 Hz with the subsequent formation of selenium powders.

The influence of the concentrations of selenium (IV) and sulfuric acid ions, as well as the current density on the titanium electrode on the formation of selenium powders was studied.

It is shown that with an increase in the concentration of sulfuric acid in the range of 0-200 g/l, an increase in the current yield of selenium powders is observed.

The obtained results showed that the current yield of selenium powders formation is significantly influenced by the concentration of tetravalent selenium ions. It was found that the current density on the titanium electrode was 2000 A/m^2 and ion concentrations of selenium (IV) 20 g/l the current output of education of powders of selenium equal to 83.5 per cent.

It was found that at temperatures of 25-60°C amorphous powders of red color are formed on the surface of titanium and in the volume, and at a higher temperature – amorphous black selenium powders.

Electron microscopic analysis of the size and shape of the obtained selenium powders was performed. The results of the above analysis showed that mainly formed spherical selenium powders size 0.158-0.908 microns. It is established that the formed ultrafine powders sticking together with each other can form larger and different in size powders.

Keyword: alternating current, selenium powder, sulfuric acid, electrolysis, current output.

Мемлекетіміз Қазақстанда Д.В. Менделеевтің периодтық таблицасында бар барлық дерлік элементтердің кен орындары бар деуге болады. Сол себепті түсті, сирек және де басқа элементтерді алудың қарапайым жаңа әдістерін жасау бағытында еліміздің ғалымдары жан-жақты ғылыми жұмыстар жүргізуде.

Ғылым мен техниканың осы заманғы қарқынды дамыған кезеңінде, таза элементтер, олардың ұнтақтары мен қосылыстарын – жартылай өткізгіштік, оптикалық, фотоактивті және т.б. қасиеттерге

ие болатындай етіп өндіру өзекті мәселелердің бірі. Осы талаптарды қанағаттандыратын материалдар қатарына, өндіріс және халық шаруашылығының түрлі салаларында қолданылатын бірқатар спецификалық қасиеттері бар – селен, теллур сияқты элементтер мен олардың ұнтақтарын және қосылыстарын жатқызуға болады. Сол себепті, бүгінгі күні осындай заттардың химиялық және физика-химиялық қасиеттерін зерттеп, оларды өте таза және ұнтақты түрінде өндіру технологиясын жетілдіру арқылы олардың жаңа қасиеттерін ашып, қолданылу мүмкіншіліктерін кеңейту қажеттілігі орын алып отыр.

Бүгінгі күні сулы ортада жүретін химиялық процестер – гидрометаллургия және химия технологиясында кеңінен қолданыс тауып келеді. Селен және олардың қосылыстарының гидрохимиялық тотығу-тотықсыздану процестерін зерттеу арқылы жаңа технологиялар жасауға болады.


Сирек кездесетін селен элементінің химиясы бір жарым ғасырдан бері зерттеушілердің назарын өзіне аударып келеді. Себебі, селен мен оның қосылыстары өзінің жартылай өткізгіштік қасиеттері негізінде теле-, радиоэлектроника өнеркәсібінде, күн сәулесінен электр тогын алу салаларында кең қолданыс тауып келеді.

Халық шаруашылығында және өнеркәсіпте селен элементінің қолданылуының күрт артуы, оны өндіру технологиясына экологиялық талаптардың күшеюі, құрамында селен бар өнімдерді өндірудің қарапайым жаңа әдістерін жасау, оның ішінде электрохимиялық тәсілдерді дамыту өте қажет екендігін көрсетіп отыр.

Элементарлы селеннің электрохимиялық қасиеті туралы деректер А.Баешов, М.Ж. Журинов, С.И. Ждановтың «Электрохимия селена, теллура и полония» монографиясында келтірілген [1]. Бұрынғы ғылыми еңбектерде ұнтақты селеннің және платинаға қондырылған селен пленкаларының электрохимиялық қасиеттері қарастырылған. Бұл зерттеулерде алынған мәліметтер селеннің электрохимиялық қасиетін жан-жақты түсінуге толық мүмкіншілік бермейді. Мысалы, селен ұнтағын электрохимиялық жолмен алу туралы ғылыми мәліметтер жоқтың қасы.

Селен (IV) иондарының сулы ортадағы электрохимиялық қасиеттері жан-жақты зерттеліп келеді [1-13].

Селен ұнтақтарын алу бағытында жүргізілген ғылыми жұмыста күкірт қышқылы ерітіндісінде селен (IV) иондарын катодты импульсті токпен поляризациялау арқылы селен ұнтақтарын алуға болатындығы және бұл төменде келтірілген реакция нәтижесінде іске асатындығы көрсетілген [11]:




Біздің ұсынып отырған зерттеулерімізде, төрт валентті селен иондарының күкірт қышқылы ерітіндісінде титан-графит электродтар жұбын жиілігі 50 Гц өндірістік айналымы токпен поляризациялау кезінде селен ұнтақтарының түзілу мүмкіншіліктері қарастырылды.

Негізгі зерттеулеріміз құрамында 100 г/л H_2SO_4 , 20 г/л селен (IV) иондары бар ерітіндіде жүргізілді. Электролиз электрод кеңістіктері бөлінбеген, көлемі 50 мл электролизерде жүргізілді. Электрод ретінде титан және графит электродтары қолданылды. Алдын-ала жүргізген зерттеулеріміз, осы көрсетілген электродтарды, құрамында селен (IV) иондары бар күкірт қышқылды электролитке салып айналымы токпен поляризациялау кезінде, титан электродының бетінде қызғылт түсті дисперсті аморфты селен ұнтақтарының түзілетіндігін көрсетті. Зерттеулерімізде селен ұнтағының түзілуіне – селен (IV) иондарының және күкірт қышқылы концентрацияларының, одан басқа титан электродындағы ток тығыздығының әсері зерттелді.

Титан және графит электродтар жұбын айналымы токпен поляризациялау кезінде селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымы, оның салмағын өлшеу арқылы анықталады. Электролиз кезінде 25-60⁰С температураларда титан бетінде және аумағында қызыл түсті, ал одан жоғары температураларда қара түсті аморфты селен ұнтақтарының түзілетіндігі анықталды.


Зерттеу нәтижелері селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымына төрт валентті селен иондарының концентрациясының мардымды әсер ететіндігін көрсетті. Мысалы, титан электродындағы ток тығыздығы 2000 А/м², ал селен (IV) иондарының ерітіндідегі концентрациясы 20 г/л болғанда селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымы 83,5% болса, 15 г/л-де 96,7%, 25 г/л-де 72,9%-ға тең болды. Демек, алғашқы кезде селен (IV) иондарының концентрациясының 15 г/л-ге дейін өсуі, селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымын өсіреді, ал одан жоғарғы концентрацияларда төмендейді. Бұл құбылысты, селеннің иондарының жоғарғы концентрацияларында титан электродының бетінде түзілген өте дисперсті селен ұнтақтары титан бетін экрандап,

электродта қосымша реакциялар орын ала бастауымен түсіндіруге болады, мысалы сутегі иондарының разрядталуы орын алады:




Айнымалы токпен поляризациялау кезінде селен ұнтақтарының титан электродының бетінде түзілуі былай іске асады: титан электроды айнымалы токпен анод жартылай периодында болғанда, оның бетінде оксид (Ti_xO_y) пленкасы түзіледі. Сол сәттен бастап бұл электродтан электр тоғы өтпей қалады, себебі ол жартылай өткізгіштік қасиетке ие. Ал катод жартылай периодында оның бетінде селен (IV) иондары өз ұнтақтарын 1-реакция нәтижесінде тотықсызданады.

Ток тығыздығының селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымына әсері 1-суретте көрсетілген.



$$i_{Ti} = 2000 \text{ A/m}^2, \text{H}_2\text{SO}_4 - 100 \text{ г/л}$$

Сурет-1. Селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымына ерітіндідегі селен (IV) иондарының концентрациясының әсері




$$\text{Se (VI)} - 20 \text{ г/л}, \text{H}_2\text{SO}_4 - 100 \text{ г/л}$$

Сурет-2. Селен ұнтақтарының түзілуінің ток бойынша шығымына титан электродындағы ток тығыздығының әсері

Селен (IV) иондарының селен ұнтақтарын түзе тотықсыздануына титан электродындағы ток тығыздықтары 2000-10000 A/m^2 аралығындағы әсері зерттелді.

Титан электродындағы тоқ тығыздығының жоғарылауы, селен ұнтақтарының түзілуінің тоқ бойынша шығымын төмендетеді (2-сурет). Титан электродында тоқ тығыздығы 2000 A/m^2 болғанда селен ұнтақтарының түзілуі $82,6\%$ болса, тоқ тығыздығы 10000 A/m^2 тең кезінде – $19,8\%$. Бұл құбылысты титан электродындағы жоғары тоқ тығыздықтарында қосымша реакциялардың орын алуымен түсіндіруге болады.




$\text{Se (VI)} - 20 \text{ г/л}, i_{Ti} = 2000 \text{ A/m}^2$

Сурет-3. Селен ұнтақтарының түзілуінің тоқ бойынша шығымына күкірт қышқылы концентрациясының әсері


Күкірт қышқылы концентрациясын 0-200 г/л аралығында өзгерткенде, селен ұнтақтарының түзілуінің тоқ бойынша шығымының жоғарылайтындығын көрсетті (3-сурет).

Бұл құбылысты селен (IV) иондарының тотықсыздануы кезінде, 2-реакция бойынша сутегі иондарының қатысында жүретіндігімен түсіндіруге болады. Нәтижесінде күкірт қышқылының концентрация 60 г/л болғанда ТШ- 28, 6% болса, ал 150 г/л-де – 83,5%-ке тең.

Айнымалы токпен поляризацияланған титан электродында әр түрлі тоқ тығыздықтарында түсірілген селен ұнтақтарының микрофотографиясы 4-суретте көрсетілген.



$i = 2000 \text{ A/m}^2, \text{Se (IV)} - 20 \text{ г/л}, \text{H}_2\text{SO}_4 - 150 \text{ г/л}$



$i = 6000 \text{ A/m}^2$, $\text{Se (IV)} - 20 \text{ г/л}$, $\text{H}_2\text{SO}_4 - 150 \text{ г/л}$

Сурет-4. Айнымалы токпен поляризациялау кезінде титан электродында түзілген селен ұнтақтарының микрофотографиялары

Микрофотографиялар Японияда жасалған JSM6610W маркалы микроскопта түсірілді. Микрофотографиялар әртүрлі үлкейту кезінде түсірілді. Түсірілген микрофотографиялар 6000 A/m^2 кезінде алынған ұнтақтар төменгі ток тығыздықтарында алынған селен ұнтақтарымен салыстырғанда майдалау болып келетінін көрсетті. Зерттеу нәтижелері негізінен мөлшері $0,158-0,908 \text{ мкм}$ аралығында болатын сфера формалы селен ұнтақтарының түзілетінін көрсетті. Бұл дисперсті ұнтақтар бір-бірімен жабысып әртүрлі формада және мөлшерде бола алады.

Қорытындылай айтар болсақ, алғаш рет титан-графит жұбы электродтарын жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен поляризациялау кезінде, күкірт қышқылы ерітіндісінде селен (IV) иондарының, катод жартылай периодында селен ұнтақтарын түзе тотықсызданатындығы алғаш рет көрсетілді. Негізінен размері бір микрометрден жоғары емес сфера формалы селен ұнтақтарының түзілетіндігі анықталды. Бір-біріне жанама жабысқан бұл ұнтақтар әртүрлі үлкендеу агрегатты күйде бола алатындығы байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Баешов А., Журинов М.Ж., Жданов С.И. *Электрохимия селена, теллура и полония* / «Наука» КазССР, 1989. – С.172.
- 2 Баешов А., Кожасов Б.Е., Букетов Е.А. *Электрокаталитическое восстановление селена (VI) в соляной кислоте* / ДАН СССР, 1984, т.278, №3. – С.646-650.
- 3 Букетов Е.А., Угорец М.З. *Гидрохимическое окисление халькогенов и халькогенидов.* – Алма-Ата, 1975. – 326 с.
- 4 Чижиков Д.М., Счастливый В.П. *Селен и селениды.* – М.: Наука, 1964. – 320 с.
- 5 Грейвер Т.Н., Зайцев И.Г., Косовер В.М. *Селен и теллур.* – М., 1977. – 296 с.
- 6 Баешов А., Дарибаев Ж.Е., Баешова А.К. *Способ получения элементарного селена* / Предварительный патент РК №7299 от 11.07.97. опубл. бюл. №3, 1999.
- 7 Баешов А., Баешова А.К., Букетов Е.А. *Анодное поведение селена (IV) в растворах гидроксидов лития, натрия, калия* / Цветная металлургия, Изв. ВУЗов, №2, 1985. – С.66-69.
- 8 Bayeshov A., Ivanov N., Myrzabekov B. *Electrochemical behavior of Selenium as Part of Composite Electrode in Sulfuric Acid Medium* / Journal of Advances in Chemistry, Vol.7, №3, 2014. – P.1378-1385.
- 9 Сперанская Е.Ф. *Поляррографическое восстановление селенитов и теллуридов на капельных амальгамных электродах.* – Электрохимия, 1967. – Т.3, В.2. – С.1405-1507.
- 10 Кудрявцев А.А. *Химия и технология селена и теллура.* – М., 1998. – 339 с.
- 11 Баешов А., Ногербеков Б.Ю., Абдувалиева У.А., Абижанова Д.А., Журинов М.Ж., Кучма А.А. *Формирование порошков селена при поляризации катодным импульсным током в сернокислом растворе селена (IV)* – Известия НАН РК / 2015, №3. – С.5.

12 Баешов А., Баешова А.К., Кожасков Б.Е., Букетов Е.А. Способ получения металлического селена / А.с. СССР №1072491 от 06.05.82.

13 Баешов А., Кожасков Б.Е., Букетов Е.А. Катодное поведение «трудновосстанавливаемых» арсенат- и селенат- ионов в кислых растворах / В кн. Практический вклад НТО в решение вопросов химии и металлургии. – Караганда, 1984. – С.59.

ӘОЖ 541.128; 541.13

А.Жарқынбекқызы¹, А.Е. Сагимбаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ЖАЙЫ

Аңдатпа

Мақала жалпы білім беретін орта мектепте пәнаралық байланыс негізінде химияны проблемалық оқыту мәселесіне арналған. Мақалада авторлар пәнаралық байланыс, оны іске асырудағы орындалатын тапсырмалар және химиямен математика, химиямен биологияны байланыстыра оқыту, білім беру сапасын арттырудағы пәнаралық байланыстың ролі жайында сөз етеді. Химияны оқытуда пәнаралық байланысты қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық, өндірістік сияқты қызметтерде жан-жақты белсенділік көрсетуі күшейетіні байқалған. Сонымен қатар химияны проблемалық оқыту, оның ішінде ситуациялық тапсырмалар жайы да қозғалған. Автор ситуациялық тапсырмалар әр түрлі пәндерді оқыту барысында алынған білімді өзара байланыстыруға мүмкіндік беретінін ерекше атап айтады.

Түйін сөздер: пәнаралық байланыс, орта мектеп, проблемалық оқыту, ситуациялық тапсырма, химияны оқыту, химия мен математиканы байланыстыру, химиямен биологияны байланыстыру, оқушылардың танымдық қызығушылығы.

Жарқынбекқызы А.¹, Сагимбаева А.Е.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

О ПРОБЛЕМНОМ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ НА ОСНОВЕ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ ИНТЕГРАЦИИ

Аннотация

Статья посвящена задачам проблемной обучени химии на основе междисциплинарной интеграции в общеобразовательной школе. В статье авторы рассказывают о междисциплинарной интеграции, задании при его выполнении, а также междисциплинарная интеграция химии с математикой, химии с биологией, о ее роли при повышении качества образования. Используя междисциплинарную интеграцию в преподавании химии, наблюдается увеличение познавательного интереса учеников, а также всего спектра мероприятий в области содержания, действия, организационной, методической, практической и производственной деятельности. А также в статье изложены проблемное обучение химии, в том числе ситуационные задачи. Автор подчеркивает, что ситуационные задачи позволяют связать знания, полученные при изучении различных дисциплин.

Ключевые слова: междисциплинарная интеграция, средняя школа, проблемное обучение, ситуационные задания, обучение химии, интеграция химии с математикой, интеграция химии с биологией, познавательный интерес учеников.

¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

ON PROBLEM-BASED CHEMISTRY EDUCATION IN HIGH SCHOOL BASED ON INTERDISCIPLINARY INTEGRATION

Abstract

The article is devoted to the problems of problem-based chemistry education based on interdisciplinary integration in a general education school. In the article, the authors talk about interdisciplinary integration, tasks for its implementation, as well as interdisciplinary integration of chemistry with mathematics, chemistry with biology, about the role of interdisciplinary integration while improving the quality of education. Using interdisciplinary integration in the teaching of chemistry, there is an increase in the cognitive interest of students, as well as the full range of activities in the field of content, action, organizational, methodical, practical and production activities. The article also presents problem-based chemistry training, including situational tasks. The author emphasizes that situational tasks allow you to link the knowledge gained in the study of various disciplines.

Keywords: interdisciplinary integration, high school, problem-based learning, situational tasks, chemistry training, integration of chemistry with mathematics, integration of chemistry with biology, the cognitive interest of students.

Химияны оқытудың көптеген заманауи тәсілдерінің арасында оқу материалын түсіндіруде пәнаралық және пәнішілік байланыстарды қолдануды бөліп көрсетуге болады. Пәнаралық және ішкі пән интеграциясы мазмұнның ақпараттық сыйымдылығын нығыздауға, білім мен іскерлікті оқыту процесінде алынған қосымшалардың эвристикалық және практикалық салаларын кеңейтуге ықпал етеді [1-2]. Пәнаралық байланыстарды анықтау-ен күрделі міндеттердің бірі. Ол үшін басқа пәндер бойынша бағдарламалар мен оқулықтардың мазмұнын білу ғана емес, сонымен қатар кең ой-өрісі мен креативтілігі қажет. Осы бағытта жұмыс жасай отырып, мұғалім білімді бір оқу пәнінен екінші пәнге көшірудің өте маңызды іскерлігін қалыптастыра алады, білімді жаңа жағдайларда қолдануды, сонымен қатар қоршаған ортаның тұтастығы туралы түсініктерді қалыптастыра алады.

Пәнаралық байланыстарды іске асыруда: пәнаралық тапсырмалар; проблемалық-шығармашылық тапсырмалар; кіріктірілген сабақтар, конференциялар, семинарлар өткізу; сыныптан тыс іс-шаралар; зерттеу үй тапсырмалары өткізу қажет етіледі.

Пәнаралық тапсырмаларды пайдалану білім беру сапасын айтарлықтай арттыруға әкелуі мүмкін. Пәнаралық тапсырмалар-пәндік тапсырмалар мен пәндік біліктерді біріктіруге әкелетін танымдық тапсырмалар. Пәнаралық тапсырмаларды әзірлеу және пайдалану негізіне ғылымилық, интеграциялану және тұтастықты дифференциациялау принциптері алынған. Пәнаралық мазмұны бар тапсырмаларды әзірлеу мен қолданудың әдіснамалық негізі-құзыреттілік және интегративті тәсілдер. Осылайша, олар оқушылардың білімі мен оқу іс-әрекеттерін салыстырмалы талдауға, синтездеуге және қорытуға негізделеді және оқушылардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс [3]. Мысалы, химия-математикалық мазмұндағы пәнаралық тапсырмаларды пайдалану оқушылардың салыстырмалы талдау жүргізу, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, білімді жинақтау және жинақтау, тапсырмаларды моделдеу, есептеу қызметі процесінде болжам жасау, есептерді әртүрлі тәсілдермен шешу; шешімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыру, химиялық және математикалық тілдерді сауатты қолдану дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Химия бойынша есептерді шешу кезінде оқушыларға нәтижелерді есептеуді қысқарту және сауатты жүргізу, сандарды дөңгелектеу математикалық іскерліктері қажет. Қоспалардағы компоненттердің массалық және көлемді үлесін есептеу, пропорцияларды шешу, сызықтық теңдеулерді, теңдеулер жүйесін, теңсіздікті және т.б. құру және шешу.

Білім мен дағдыны жүйелеу кезеңінде келесідей тапсырма қолданған дұрыс: мысалы, ρ_1 және ρ_2 %-ті магний сульфаты бар екі ерітінді берілген. Оларды араластыру нәтижесінде құрамында ρ %-ті тұзы бар ерітінді алынған. Бірінші ерітінді m г алынған. Екінші ерітіндінің массасын есептеңіз. (Жауабы: $(\rho_1 m - \rho m) / (\rho - \rho_2)$ г.)

Химия-математикалық мазмұндағы пәнаралық тапсырмаларды әзірлеу кезінде олардың арасындағы пәндік байланыстарды орнату үшін жалпы заңдылықтарды, принциптерді және ұғымдарды бөліп көрсету маңызды. Сондай-ақ ескеру қажет: пәнаралық тапсырмаларды қолдану мүмкін болатын химия және математика сабақтарының тақырыптары мен мазмұны; химиялық және математикалық есептердің мазмұны; пәнаралық тапсырмалардың түрлері; оларды қолдану қажет болатын сабақтың кезеңдері; пәнаралық тапсырмалардың күрделілік деңгейлері. Химия-математикалық мазмұндағы пәнаралық тапсырмалар оқушылардың ойлау қызметін белсендіруге ықпал етеді, жаратылыстану-математикалық пәндерді оқуға қажетті кеңістіктік түсініктерді қалыптастырады. оқушылардың танымдық дербестігі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерге танымдық қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар тірі организмнің өсуі, көбеюі, қозғалғыштығы, қоршаған ортаның өзгеруіне әсері белгілі химиялық жүзеге асу жиынтығымен байланысты [4, 5]. Тіршілікті зерттейтін ғылымдар ішінде химияның ролі ерекше. Олай болса химиямен биологияның пәнаралық байланысын да айтып кетуге болады.

Мысалы, орта мектепте Клетканың химиялық құрамы тақырыбынан сабақты алса, клетканың химиялық құрамы және бұл заттардың клетканың тіршілігі үшін маңызы, органикалық және бейорганикалық заттар мен химиялық реакциялар, оның ішінде сапалық реакциялар туралы мәліметтер беріледі. Сабақта клетканың құрамындағы 80 жуық химиялық элемент кіретінін, органикалық заттары: белоктер, майлар мен көмірсулар, нуклеин қышқылдары, ал бейорганикалық затқа жататын су мен минералды тұздарын айта келе, демонстрациялық тәжірибе көрсетумен оқушылардың тақырыпты көрнекі түрде жақсы меңгеруіне мүмкіндік туады. Фотосинтез процесінің мәнін айта келіп, химиялық реакция теңдеуін жазу; майдың бар екенін күнбағыстың қабығы жоқ тұқымын қағазға ұсату арқылы көрсету; бидай ұнының құрамында крахмалдың бар екенін көрсету: бірнеше қабаттаған дәкеге бидай ұнынан аздап салып, оны су құйылған стаканға батырса, су лайланады, ол суға аздап йод ертіндісін тамызғанда көк түстің пайда болғаны крахмалға сапалық реакция, ал дәкеде қалған жабысқақ өсімдік белогы-клейковина; жұмыртқа сарысынан белогын бөліп алып аздап су құйып оның судағы ертіндісін алып, үстіне аздап мыс (II) сульфатының ертіндісін және аз ғана натрий гидроксидін қосып араластырса, ертінді (күлгін) фиолетті түске боялатыны байқалады, бұл белокқа сапалық реакция.

Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық, өндірістік т.б. қызметтерде жан-жақты белсенділік көрсетуі күшейеді.

Қазіргі уақытта химия бойынша аттестатында жақсы бағалары бар жалпы білім беретін мектептің түлегі күнделікті өмірде химиялық заттармен бетпе-бет кездескен қиындықтарға тап болады. Кейде, тіпті тұрмыстық химия құралы бар кез-келген бұйымда немесе құтыда этикетканы сауатты оқи алмайды. Оқушыларды тұрмыста, күнделікті өмірде кездесетін химиялық заттармен жұмыс істеуге үйрету – мектеп химия пәнінің міндеті [6, 7]. Осы бағытта нәтижеге қол жеткізу үшін оқыту үдерісіне ситуациялық тапсырманы, есептерді енгізу маңызды – бұл белгілі бір жағдайды сипаттауды қамтитын, әдетте проблемалық тапсырмалар.

Проблемалық оқыту-мұғалім ойлауды дамытудың заңдылықтарына сүйене отырып оқыту процесінде оқушылардың ойлау мүмкіндіктері мен танымдық қажеттіліктерін дамыту үшін арнайы педагогикалық құралдарды пайдаланатын оқыту. Проблемалық оқытуда мұғалімнің қызметі ең күрделі деген тұжырымдамалардың мазмұнын түсіндіру, проблемалық жағдайлар жүйелі түрде құрастырумен, оқушыларға фактыларды жеткізу мен олардың оқу-танымдық іс-әрекетін оқушылар өздері қорытындылар жасай алатындай ұйымдастыру болып табылады. Нәтижесінде оқушыда ақыл-ой дағдысы мен іс-әрекеттер дағдылары және білімді тасымалдау дағдылары қалыптасады.

Біріншіден-проблемалық жағдайды құру. Заманауи сабақ оқушылардың білімін уәждемелік немесе мазмұндық өзектендіруден басталады. Бұл кезеңнің мақсаты-оқылатын материалға танымдық қызығушылығын ояту, оқушылардың тақырыпты зерделеудегі бағытын анықтауға көмектесу. Екіншіден-зерттелетін материалдың өмірмен байланысы. Қазіргі сабақта оқушыларға алған білімдерін күнделікті өмірде қалай пайдалануға болатынын көрсету маңызды. Қазіргі кезде оқушылар білімді қарапайым жағдайларда қайта жаңғыртуға арналған тапсырмаларды табысты орындап, оларды нақты өмірге жақын жағдайларда қолдануға қиналды. Зерттеу нәтижелері сондай-ақ оқушылардың жалпы оқу біліктерінің қалыптасуының төмен деңгейі бар екенін растады, олардың негізгілері мәтіндерде, кестелерде, диаграммаларда немесе суреттерде ұсынылған ақпаратпен жұмыс істей білу болып

табылады. Осыған байланысты сабақтарда ситуациялық тапсырмаларды қолдануға және оқушылардың алдында күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді қоюға болады. Үшіншіден, ситуациялық есептерді оны жұмыс барысында жаңа материалды түсіну кезеңінде қолдануға болады. Бұл жағдайда топтық жұмыс түрлерін қолданған жөн. Оқушылар келген қорытындыларды ұжымдық талқылау кезінде дау-диалог, айқас пікірталас, дебаттарар өткізуге болады.

Төртіншіден, ситуациялық есептерді рефлексия кезеңінде қолдануға болады. Сабақтың бұл кезеңі оқушыларға оқылатын материалды өз бетімен қорытуға және оны әрі қарай оқу бағытын анықтауға көмектесу үшін қажет. Бесіншіден, ситуациялық тапсырмада қойылған мәселе оқушылардың түрлі ғылыми-практикалық конференцияларда көрсете алатын зерттеу жобасының негізіне жатқызылуы мүмкін. Бұл жоба-зерттеу қызметінің дағдыларын дамытуға ықпал етеді, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға, олардың өзін-өзі жүзеге асыруына, олардың өз тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Тапсырмада қойылған мәселе бойынша жұмыс істеу барысында Интернет-ресурсты қоса алғанда, оқушыларға әртүрлі ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салуға болмайды. Бұл ретте олар ақпаратпен жұмыс істеуге үйренеді. Осылайша, ситуациялық есептерді заманауи сабақтың кез келген кезеңінде тиімді пайдалануға болады [8, 9].

Кейбір ситуациялық тапсырмаларға тоқталсақ:

Алкандар. Мысалы, мұнай- табиғи сұйық отынның негізгі көзі, одан авиация, автомобиль, дизель, жылыту жүйесі отындарын бөліп алады. Егер жанармай құю бекетінде істейтін адам сізді алдап бензинге су қосып сатады деп есептесеңіз. Егер үйіңізде сөндірілген және сөндірілмеген ізбес бар болса, бұл жағдайда қандай әрекеттер жасар едіңіз, оны дәлелдеу үшін (бензиннің таза немесе қоспа екенін анықтау үшін). **Жауабы:** егер бензин құрамында су болса сөндірілмеген ізбес (CaO) қосса, ($Ca(OH)_2$) түзіліп, ол лайланып, реакция ортасы - $pH > 7$ болар еді.

Алкандер. Этиленді жемістердің пісуін жасанды жолмен жылдамдату үшін қолданады. Қызыл-нактар пісіп жетілуі үшін этиленнің концентрациясы 1: 2000 қатынасындай болу керек, яғни 1 көлем этиленге 2000 көлем ауа қажет. Егер сізге қызанақтар пісіп жетілуін 12 күнде емес, 5 күнде тездету қажет болса, ол үшін этил спирті, концентрлі күкірт қышқылы бар болса, қандай іс-әрекет жасар едіңіз? **Жауабы:** этил спиртінің дегидратациялануы реакциясынан этилен түзіледі, ал концентрлі күкірт қышқылы өршіткі, әрі суды сіңіретін қасиеті де бар.

Спирттер. Автомобильде радиаторда – антифризде, қыста ондағы су қатып қалмас үшін спирттер, этиленгликоль болады. Үй жағдайында этиленгликольды табуға мүмкіндік жоқ, әрі ол өте улы зат. Бұл жағдайда не істеуге болады? **Жауабы:** Этиленгликоль болмаған жағдайда радиаторға этил спирті, су мен одеколон құюға болады. Антифриз бұл этиленгликольдің судағы 36%-қ ертіндісі.

Полисахаридтер. Крахмал. Егер картопты өте төмен температурада сақталған болса, одан тәтті дәм байқалады. егер базардан сатып алынған картопта осындай тәтті дәм болса, оны кетіру үшін не жасар едіңіз? **Жауабы:** төменгі температурада картоп түйнегіндегі крахмал сахароза мен глюкозаға айналады, ол тәтті дәм береді. егер картопты қайтадан жылы жерге әкелсе сахароза қайтадан крахмалға айналып тәтті дәмі жойылады.

Галогендер. Француз химигі Бернар Куртуа, селитра-калий нитратын өндіретін шағын кәсіпорны бар кәсіпкер, өте байқампаз адам болған екен. Бұл оған 1811 ж. жаңа элементті ашуға көмектесті. Бір күні Куртуа Бернардың жақсы көретін мысығы (оған зертханаға кіруге рұқсат етілген) қожайынның иығынан секіріп, реактивтер тұрған столға шығады. Осы кезде біреуінде күкірт қышқылы, екіншісінде спирт ертіндісіндегі балдырдың күлі бар екі колба да сынады. Оның нәтижесі күтпеген оқиғаға әкеледі: стол бетінен көк-күлгін (фиолетті) «түтіннің» шыққаны байқалған. Бұл шыққан түтін не болды? **Жауабы:** бұл шыққан түтін галоген-йодтың буы, ол спирт ертіндісіндегі балдыр мен күкірт қышқылының әрекеттесуі нәтижесінде түзілді.

Мұндай тапсырмалар – бұл білім алушыға ақпаратпен жұмыс істеу барысында интеллектуалды операцияларды кезектестіріп меңгеруге мүмкіндік беретін тапсырмалар: танысу–түсіну–қолдану–талдау–синтездеу–бағалау. Сонымен, ситуациялық тапсырмалар әр түрлі пәндерді оқыту барысында алынған білімді байланыстыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Колягин Ю.М., Алексеенко О.Л. Интеграция школьного обучения // Начальная школа, 2001. – №4. – С.28-31.
- 2 Боярчук В.Ф. Межпредметные связи в процессе обучения. – Вологда, 1988. – 202 с.
- 3 Толетова М.К., Лямин А.Н., Фролова Т.Н. Межпредметные задания как средство формирования интегративных умений // Химия в школе. 2010. – №10. – С.45-49.

4 Тагиев И.В. Межпредметные связи как основа развития познавательной деятельности // Химия в школе, 2011. – №1. – С.33-37.

5 Мартынова М.В. Интегрированное обучение. Педагогические технологии. Типы и формы интегрированных уроков: методические рекомендации. – Томск, 2003. – 35 с.

6 Кузнецова Н.Е. Обучение химии на основе межпредметной интеграции. 8-9 классы: моногр. / Н.Е. Кузнецова, М.А. Шаталов. – М.: Вентана-Граф, 2008. – 352 с.

7 Чернобельская Г.М. Методика обучения химии в средней школе: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. – 336 с.

8 Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей общеобразовательных учреждений. – М.: Просвещение, 2011. – 223 с.

9 Пичугина Г.В. Ситуационные задания по химии. 8-11 классы. ФГОС. – М.: ВАКО, 2014. – 142 с.

УДК 37.016:546; 54:372.8

Мейрманова А.А.¹, Альмеш Д.Б.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ТИПОВЫЕ ОБУЧАЮЩИЕ ВОПРОСЫ И ОТВЕТЫ ПО ТЕМЕ: МОНОКАРБОНОВЫЕ КИСЛОТЫ

Аннотация

Качество обучения зависит от множества факторов, к которым относят и типовые обучающие вопросы усвоения курсов. Важная роль типовых обучающих вопросов в современном учебном процессе уже давно не подвергается сомнению, так как это позволяет получать объективную оценку уровня знаний, представлений и некоторых навыков, определять индивидуальный темп обучения, выявлять пробелы в текущей и итоговой подготовке студентов. В сочетании с традиционными экзаменами, применением персональных ЭВМ и новыми программно-педагогическими средствами подобные задания помогают перейти к формированию современных систем адаптивного обучения и принятого в развитых странах контроля знаний.

Каждый преподаватель вуза или другого учебного заведения в своей практической деятельности использует наборы заданий для текущего и итогового контроля знаний студентов.

Работа по созданию научно-обоснованных вопросов требует труда в течение не одного года и привлечения квалифицированных преподавателей или иногда специалистов, что обусловлено необходимостью грамотного отбора содержания дисциплины, выбора формы представления заданий, статистической обработки результатов и т.д.

Ключевые слова: типовые обучающие вопросы, факторы, индивидуальный темп, ЭВМ, адаптивное обучение, наборы заданий, система, форма, научно-обоснованные вопросы, итоговый контроль.

А.А. Мейрманова¹, Д.Б. Альмеш¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ТИПТІК ОҚЫТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ЖАУАПТАРЫ: МОНОКАРБОН ҚЫШҚЫЛЫ

Аңдатпа

Оқыту сапасы курстарды меңгерудің типтік оқыту сұрақтарын қамтитын көптеген факторларға байланысты. Қазіргі заманғы оқу үрдісінде типтік оқыту сұрақтарының маңызды рөлі бұрыннан күмәнданбайды, өйткені бұл білім деңгейін, түсініктерді және кейбір дағдыларды объективті бағалауға, оқытудың жеке қарқынын анықтауға, студенттердің ағымдағы және қорытынды дайындығындағы олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі емтихандармен, дербес ЭЕМ-мен және

жаңа бағдарламалық-педагогикалық құралдармен ұштастыра отырып, мұндай тапсырмалар бейімделмелі оқытудың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыруға және дамыған елдерде қабылданған білімді бақылауға көшуге көмектеседі.

ЖОО-ның немесе басқа оқу орнының әрбір оқытушысы өзінің практикалық қызметінде студенттердің білімін ағымдық және қорытынды бақылау үшін тапсырмалар жиынтығын пайдаланады.

Ғылыми негізделген мәселелерді құру бойынша жұмыс бір жыл ішінде еңбекті және білікті оқытушыларды немесе кейде мамандарды тартуды талап етеді, бұл пән мазмұнын сауатты іріктеу, тапсырмаларды ұсыну нысанын таңдау, нәтижелерді статистикалық өңдеу және т.б. қажеттілігімен байланысты.

Түйін сөздер: типтік оқыту сұрақтары, факторлар, жеке екпін, ЭЕМ, бейімдік оқыту, тапсырмалар жинағы, жүйе, форма, ғылыми негізделген сұрақтар, қорытынды бақылау.

A.A. Meirmanova¹, D.B. Almesh¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

TYPICAL TRAINING QUESTIONS AND ANSWERS ON THE TOPIC: MONOCARBOXYLIC ACIDS

Abstract

The quality of training depends on many factors, which include typical training questions and assimilation of courses. The important role of typical training questions in the modern educational process has long been unquestioned, as it allows to obtain an objective assessment of the level of knowledge, ideas and some skills, to determine the individual pace of learning, to identify gaps in the current and final training of students. In combination with traditional exams, the use of personal computers and new software and educational tools such tasks help to move to the formation of modern systems of adaptive learning and adopted in developed countries knowledge control.

Each teacher of the University or other educational institution in their practice uses a set of tasks for the current and final control of students' knowledge.


Work on the creation of science-based issues requires work for more than one year and the involvement of qualified teachers or sometimes specialists, due to the need for competent selection of the content of the discipline, the choice of the form of submission of tasks, statistical processing of results, etc.

Keywords: typical training questions, factors, individual pace, computer, adaptive training, sets of tasks, system, form, science-based questions, final control.

1. Пример решения тестовых заданий

Выберите один правильный ответ.

Наибольшей ацилирующей активностью обладает:



Решение:

Наибольшей ацилирующей активностью обладают галогенангид-риды (4), так как их ацильные остатки соединены с хорошо уходящей группой – галогенид-ионами.

Ответ: 4

1.1 Тестовые задания

1. Наиболее сильной кислотой является:

1. $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{COOH}$ 2. ClCH_2COOH
 3. BrCH_2COOH 4. HCOOH 5. Cl_3CCOOH

Решение:

Строение радикала влияет на кислотные свойства карбоновых кислот. Электроноакцепторные заместители усиливают кислотность, а электронодонорные – снижают. Следовательно наиболее сильной кислотой является трихлоруксусная (Cl_3CCOOH).

Ответ: 5

2. Насыщенными дикарбоновыми кислотами являются:






1. Теревталева, фумарова, лимонная;
2. Винилуксусная, кротоновая, акриловая;
3. Малоновая, янтарная, глутаровая;
4. Изовалериановая, масляная, уксусная;
5. Фенилуксусная, бензойная, фталевая

Решение:

Насыщенные дикарбоновые кислоты содержат две карбоксильные группы, связанные с углеводородным радикалом, в котором все атомы углерода находятся в состоянии sp^3 -гибридизации. Следовательно это – малоновая ($\text{HOOCCH}_2\text{COOH}$), янтарная ($\text{HOOCCH}_2\text{CH}_2\text{COOH}$), глутаровая ($\text{HOOCCH}_2\text{CH}_2\text{CH}_2\text{COOH}$) кислоты.


Ответ: 3

3. Этанамид образуется в результате реакции:








Решение:

Методом получения амидов является ацилирование аммиака и аминов галогенангидридами, ангидридами и сложными эфирами:




Ответ: 5

4. Реакцией этерификации является:



Решение:

При взаимодействии карбоновых кислот со спиртами в присутствии кислотных катализаторов образуются сложные эфиры, а реакция называется – этерификацией:



Ответ: 2

5. Установите соответствие

Название	Формула
1) этилбутанонат	А. $\text{CH}_3\text{COOCH}_2(\text{CH}_2)_2\text{CH}_3$
2) бутилацетат	Б. $\text{HOOCCH}_2\text{CH}_2\text{COOCH}_2\text{CH}_3$
3) этилацетат	В. $\text{HOCCOOCCH}_2(\text{CH}_2)_2\text{CH}_3$
	Г. $\text{CH}_3\text{COOCH}_2\text{CH}_3$
	Д. $\text{CH}_3(\text{CH}_2)_2\text{COOCH}_2\text{CH}_3$

Решение:

Этилбутанонат, этилацетат, этилацетат – сложные эфиры низших спиртов и карбоновых кислот, образованные соответственно этиловым спиртом и бутановой кислотой, этиловым спиртом и уксусной кислотой, этиловым спиртом и уксусной кислотой.


Ответ: 1-Д; 2-А; 3-Г

6. Установите соответствие


Реакция	Основные продукты взаимодействия
1. $\text{CH}_3\text{COOCH}_2\text{CH}_2\text{CH}_3 + \text{H}_2\text{O} \xrightleftharpoons{\text{H}^+}$	А. $\text{HCOOH} + \text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}_2\text{OH}$
2. $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{COOCH}_2\text{CH}_3 + \text{NaOH} \longrightarrow$	Б. $\text{HOCCOOH} + \text{CH}_3\text{CH}_2\text{OH}$
3. $\text{HOCCOOCH}_2\text{CH}_3 + \text{H}_2\text{O} \xrightleftharpoons{\text{H}^+}$	В. $\text{CH}_3\text{COONa} + \text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}_2\text{OH}$
	Г. $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{COONa} + \text{CH}_3\text{CH}_2\text{OH}$
	Д. $\text{CH}_3\text{COOH} + \text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}_2\text{OH}$

Решение:

Одной из важнейших реакций ацилирования является гидролиз сложных эфиров с образованием спирта и карбоновой кислоты (в кислой среде):



В щелочной среде образуется спирт и соль карбоновой кислоты



Ответ: 1-Д; 2-Г; 3-Б

1. Задания на логику


Выберите один или несколько правильных ответов

1. Продуктами гидролиза сложных эфиров являются:


- 1) $\text{HOOCCH}_2\text{COOH}$ и CH_3OH
- 2) $\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$ и $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}=\text{O}$
- 3) $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{COONa}$ и $\text{C}_3\text{H}_7\text{OH}$
- 4) $\text{CH}_3\text{CH}_2\text{COONa}$ и CH_3COONa
- 5) CH_3COOH и $\text{C}_3\text{H}_7\text{OH}$

Решение

Реакции гидролиза сложных эфиров осуществляются как в кислой, так и щелочной среде. Кислотно-катализируемый гидролиз сложных эфиров – реакция обратная этерификации:



Щелочной гидролиз необратим, щелочь в этой реакции выступает в качестве расходуемого реагента, а не катализатора:




Ответ: 1; 3; 5

2. Циклические ангидриды образуют кислоты:

- 1) глутаровая;
- 2) терефталева;
- 3) янтарная;
- 4) малоновая;
- 5) фталевая

Решение

Ангидриды некоторых дикарбоновых кислот образуются при нагревании их. Важно, чтобы образующий циклический ангидрид содержал пяти- или шестичленный цикл. Такие ангидриды образуют: глутаровая, янтарная и фталевая кислоты.




Ответ: 1; 3; 5

3. Реакцией декарбоксилирования является:

- 1) $\text{HOOC-COOH} \xrightarrow{t^0}$
- 2) $\text{HOOC-CH}_2\text{-CH}_2\text{-COOH} \xrightarrow{t^0}$
- 3) $\text{CH}_3\text{COONa} + \text{NaOH} \xrightarrow{t^0}$
- 4) $2\text{R-COOH} \xrightarrow[\text{MnO}_2]{t^0}$
- 5) $\text{HOOC-CH}_2\text{-COOH} \xrightarrow{t^0}$

Решение

В процессе декарбоксилирования карбоновые кислоты отщепляют оксид углерода (IV) и превращаются в соединения разных классов в зависимости от условий проведения реакции.



Ответ: 1; 3; 4; 5

3. Познавательные задачи

1. Почему карбоновые кислоты обладают более сильными кислотными свойствами, чем спирты и некоторые фенолы?

2. Сравните кислотность в водном растворе муравьиной, уксусной и хлоруксусной кислот. Объясните влияние на кислотность электронодонорных и электроноакцепторных заместителей в углеводородном радикале кислот.

For many years, the introduction work has allowed us to choose certain conditions for plants to grow. Most of the succulent species in our greenhouse grow well, blossom and bear fruit. The microclimate in the greenery: in winter the temperature reaches 10-12°C, in spring-summer period it is 40-50°C, the illumination on average is 80,000 lx. At low air humidity we produce irrigation with water. Plants grow in the soil and containers on the shelves in the "dry" exposure of "Arid plants". For them, an appropriate soil composition was selected, consisting of sod-earth, sand, and humus at a ratio of 1:2:0.5. The above environmental conditions of closed ground allow plants to always remain highly decorative and multiply.

We carry out reproduction work mainly vegetatively, since not all plants under the conditions of the greenhouse undergo a full cycle. The collection is constantly updated with new species. Due to its unpretentiousness to the content, as well as high ornamental, these plants are popular among the population and are actively used in design.

When creating a collection of greenhouse, the main task was to present the morphological diversity of the species of succulents. As a result of many years of work, we selected promising plants for scientific study, as

well as for commercialization. In the course of the selection, we identified the most interesting succulents according to the above principles from our collection [4].

An extensive family of the of Agave (Agavaceae), which includes 9 genus and is represented by 19 species. Of this family Agave L. is the most numerous genus. These are typical representative succulents that have rosettes of leaves with spines covered at almost all edges, the stem is very short. The leaves accumulate and store water in a viscous, colloidal state, which prevents its rapid evaporation in hot weather. The plant blooms once in a lifetime, then dies, but leaves a lot of "babies." Types of agaves are widely used in traditional medicine and cosmetology.



Picture-1. *Agave victoriae-reginae* T.Moore.

One of the perspective plants, also widely used in design, belongs to the genus nolina (Nolina Michaux.) Or so-called "bottle tree". This representative of the "hard-leaved" succulents has narrow, long and hard leaves that are not a water store. The water in these plants is stored in an expanded stem base or caudex reservoir, and is used in case of drought. In our greenery, this plant appeared in the 1980s. Today it grows in the subtropics division, its height reaches about 2 meters, the length of the leaves is 1.5 meters, and the diameter of the caudex is 1 m. Hats, mats and other items are woven from the leaves of *Nolina* in the homeland.



Picture-2. *Nolinare curvata* (Lem.) Hemsl.

The spurge family (Euphorbiaceae) are stem succulents. Our collection includes 3 genera (Euphorbia L., Monadenium Pax. And Syandenum Boiss.), 11 species. The leaves of these plants appear exclusively at a young age, and then they fall off, since photosynthesis occurs directly in the stems. Here they store water, which, in case of its shortage, is used. The juice of these plants is poisonous, so you need to work with them carefully.



Picture-3. *Euphorbia obesa* Hook.

Thus, as a result of the introduction work, promising and commercially beneficial plants from the succulents of our collection were chosen, since they are not whimsical in care, and as a result of evolution can easily adapt to a more or less arid climate, can be widely used. In this publication, we talked about the genera of succulents, interesting for phytodesign.

References:

- 1 Vasilyeva I.M., Udalova R.A. *Succulents and other xerophytes in the greenery of the Botanical Garden of the Botanical Institute named after V.Komarov.* – St. Petersburg Rostock, 2007. – 415 p.
- 2 Maurizio Sajeve, Mariangela Costanzo. *Succulents 1 the illustrated dictionary.* Paperback first published in the UK 1995 by Cassellplc, Wellington House 125 Strand, London WC2R 0BB.
- 3 Semenov D.V. *Succulent plants of the collection of the Botanical Garden Aptekarskiy garden Moscow. JSC First Model Photography, "Chekhov Printing House," 2015.* – 184 p.
- 4 Maurizio Sajeve, Mariangela Costanzo. *Succulents 2 the new illustrated dictionary.* Oregon Printed and bound in Italy Tipografia ABC, 2000. – 225 c.

ӘОЖ 613.954 (075.8)

Ш.А. Балғынбеков¹, Ш.С. Шыныбекова¹, Б.Т. Темірхан¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ
ЖҮЙЕСІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАҒА БЕРУ**

Аңдатпа

Қазіргі кездегі мектептің білім беру ортасы жағдайында оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың түрлі аспектілерін ғылыми тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары мектеп оқушыларының денсаулығы жағдайына қатысты жүргізілген көптеген ғылыми зерттеулерге жасалған талдау мәліметтері білім алу барысында балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы

нашарлап, дені сау балалардың үлестік көрсеткіші төмендей беретіндігін көрсетті. Оның себебі ретінде ғалымдар мен мамандар білім беру мекемелерінде оқушы үшін қолайлы жағдай жасалмайтындығы мен мұғалімдердің оқушы балалар денсаулығына аса мән бермейтіндігін айтады.

Сондай-ақ дені сау ұрпақ тәрбиелеуде әлеуметтік орта сұранысы мен жалпы білім беретін орта мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары денсаулық сақтау жүйесі жасалмағаны арасында қайшылықтар бар екендігін көрсетеді. Бұл қайшылықты жою үшін мәселені шешу жолын өзгерту қажет: еліміздің орта білім беру жүйесінің көшбасшысы Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқушылар денсаулығын сақтаудың заманауи технологияларын зерттеп, озық тәжірибесін жалпы орта мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру.

Түйін сөздер: Назарбаев Зияткерлік мектептері, заманауи технологиялар, озық тәжірибе, денсаулық сақтау, түрлі аспектілер.

Балғынбеков Ш.А.¹, Шыныбекова Ш.С.¹, Темірхан Б.Т.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ОЦЕНКА ПОКАЗАТЕЛЕЙ СОСТОЯНИЯ ЗДОРОВЬЯ ШКОЛЬНИКОВ В НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ШКОЛЫ

Аннотация

Особое внимание уделяется научному исследованию различных аспектов сохранения и укрепления здоровья учащихся в условиях образовательной среды современной школы. Анализ многих научных исследований, проведенных в последние годы по состоянию здоровья школьников, показал, что в процессе обучения состояние здоровья детей и подростков ухудшается, а удельный вес здоровых детей снижается. Так как ученые и специалисты говорят, что в образовательных учреждениях не созданы благоприятные условия для учащихся и учителя не имеют особого значения для здоровья учащихся.

Также показывает, что в воспитании здорового поколения имеются противоречия между потребностями социальной среды и отсутствием системы здравоохранения учебно-воспитательной работы в общеобразовательной средней школе. Для устранения этого противоречия необходимо изменить пути решения проблемы: изучить современные технологии охраны здоровья учащихся в Назарбаев Интеллектуальных школах-лидере системы среднего образования страны, внедрить передовой опыт в учебно-воспитательный процесс средних общеобразовательных школ.

Ключевые слова: Назарбаев Интеллектуальные школы, современные технологии, передовой опыт, здравоохранение, различные аспекты.

Sh.A. Balgynbekov¹, Sh.S. Shynybekova¹, B.T. Temirkhan¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ASSESSMENT OF INDICATORS STATE OF HEALTH OF SCHOOLCHILDREN NAZARBAYEV INTELLECTUAL SCHOOLS

Abstract

Special attention is paid to the scientific study of various aspects of preserving and improving the health of students in the educational environment of modern schools. Analysis of many scientific studies conducted in recent years on the health of schoolchildren, showed that in the process of learning the health of children and adolescents is deteriorating, and the proportion of healthy children is reduced. Since scientists and experts say that educational institutions do not create favorable conditions for students and teachers are not particularly important for the health of students.

It also shows that in the education of a healthy generation there are contradictions between the needs of the social environment and the lack of health care educational work in secondary school. To eliminate this contradiction, it is necessary to change the ways of solving the problem: to study modern technologies of

health protection of students in Nazarbayev Intellectual schools-the leader of the secondary education system of the country, to introduce best practices in the educational process of secondary schools.

Keywords: Nazarbayev Intellectual schools, modern technologies, best practices, health care, various aspects.

Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.А. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «**Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі**» деп атап көрсетіп, болашақ ұрпақ денсаулығын қорғауды жақсарту міндетін басымдылық ретінде алға қойды: «Біз балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс жүргізуіміз қажет. Бұл қадам ұлт денсаулығын қамтамасыз етуде маңызды үлес болады» [1].

Қазіргі кезде болашақ ұрпақтың денсаулығын сақтау мен жастарда саламатты өмір сүру салты дағдыларын қалыптастыру қоғамның, бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Бүгінгі білім алушы жас, мектеп түлегі саламатты өмір сүру салты мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрбір жас азаматымыздың денсаулығы мен білімі – бұл жеке байлығы ғана емес, ол сондай-ақ еліміздің дамыған отыз елдің қатарына қосылу үшін де қажетті шарты [2].

Елімізде білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында негізгі мақсаттардың бірі ретінде «білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру» болып отыр [3].

Заманауи білім беру ортасында мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайту оқу-тәрбие үрдісінің аса маңызды бағытының бірі ретінде қарастырылуы қажет. Осылай десек те, еліміздегі орта білім беру мекемелерінде заманауи денсаулық сақтау технологиялары толыққанды қолданылмайды, ал мектеп мұғалімдері өзінің оқытатын пән бағдарламасымен шектеліп, шәкірттерінің денсаулығын сақтау және нығайту мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмейді. Сондықтан мектеп оқушыларында өз денсаулығына деген жауапкершілік қалыптаспаған, басым көпшілігінің денсаулықты сақтау туралы білімдері төмен, оларда саламатты өмір сүру салтының қарапайым әдет-дағдылары қалыптаспаған [4].

Қазіргі кездегі мектептің білім беру ортасы жағдайында оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың түрлі аспектілерін ғылыми тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлінуде. Ғылыми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі оқушылардың денсаулық жағдайына орай, білім берудің денсаулық сақтау парадигмасын жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді. Денсаулық сақтаушы білім беру жүйесі білім беру мекемелерінде оқушының денсаулығын сақтау мен дамытуды қамтамасыз ететін қолайлы денсаулық сақтау ортасын құруды талап етеді.

Соңғы жылдары мектеп оқушыларының денсаулығы жағдайына қатысты жүргізілген көптеген ғылыми зерттеулерге жасалған талдау мәліметтері білім алу барысында балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы нашарлап, дені сау балалардың үлестік көрсеткіші төмендей беретіндігін көрсетті. Оның себебі ретінде ғалымдар мен мамандар білім беру мекемелерінде оқушы үшін қолайлы жағдай жасалмайтындығы мен мұғалімдердің оқушы балалар денсаулығына аса мән бермейтіндігін айтады. Сондай-ақ зерттеу жұмысының тақырыбына арналған әдебиеттерге талдау дені сау ұрпақ тәрбиелеуде әлеуметтік орта сұранысы мен жалпы білім беретін орта мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары денсаулық сақтау жүйесі жасалмағаны арасында қайшылықтар бар екендігін көрсетеді. Бұл қайшылықты жою үшін мәселені шешу жолын өзгерту қажет: еліміздің орта білім беру жүйесінің көшбасшысы Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқушылар денсаулығын сақтаудың заманауи технологияларын зерттеп, озық тәжірибесін жалпы орта мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру.

Қазіргі кезде Назарбаев Зияткерлік мектептері қалыптасу кезеңінен өткен, орта білім беру жүйесінде жаңа үлгіде қызмет ететін озық ұйым болып табылады. Елбасы қойған міндеттерді орындау үшін білім берудің инновациялық үлгісі (жаңартылған білім мазмұны, бағалау жүйесі, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі, оқу ортасы, басқару және т.б.) әзірленді. Осындай жаңашылдық артықшылықтарымен қатар, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде әлемдегі алдыңғы қатарлы педагогикалық денсаулық сақтау жүйесі жұмыс істейді.

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» Зияткерлік мектептердің тәжірибесі бойынша барлық жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған білім беру мазмұнына өту жоспарланған [5].

2018 жылдың 15 ақпандағы ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында орта білім беру жүйесіне білім алушының бойында функционалдық сауаттылық, сын тұрғысынан ойлау, білім мен дағдыларын шынайы өмірде қолдана білу қабілетін қалыптастыруға бағытталған жаңартылған мазмұнды енгізу жалғасатыны атап көрсетілген [6].

Қазіргі кезде 20 Зияткерлік мектепте 14 837 оқушы оқиды, оның ішінде 1 982 (13,2%) бала – көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларынан; 2 364 (16,3%) бала – толық емес отбасыларынан; 404 (1,5%) баланың ата-аналары – зейнеткерлер; 293 (1,1%) – ата-аналары мүгедек балалар; 2 961 (19,7%) бала – ауылдық жерлерден және шағын қалалардан келген.

Назарбаев зияткерлік мектептерінің Миссиясы – орта білім беру саласындағы үздік ұлттық, халықаралық тәжірибе мен практикалық бағыттағы елеулі ғылыми жетістіктерді кіріктіру арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетін нығайтуға үлес қосу.

Осы Миссияны орындау мына мақсаттарды көздейді:

- Зияткерлік мектептердің түлектері – терең академиялық білімі бар, жан-жақты дағдылар мен бірнеше тілді меңгерген, Қазақстанның және әлемнің жетекші жоғары оқу орындарына түсе алатын, белсенді азаматтық ұстанымға ие еліміздің патриоттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын азаматтар;

- Білім беру бағдарламасы академиялық білім негізінде функционалдық сауаттылықты көтеруге, рухани құндылықтарды дамытуға және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған. Бағдарлама мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді;

- Бағалау жүйесі ашық, сенімді, халықаралық талаптарға сай келеді. Барлық мектептер халықаралық аккредитациядан өткен, НЗМ-ны бітіру туралы құжаттарды отандық және дүниежүзінің жетекші жоғары оқу орындары мойындайды;

- Педагогтер – көптілді, оқыту ісін шебер меңгерген, өз тәжірибесін зерттейтін кәсіби мұғалімдер қауымы;

- Білім беру ортасы – инновациялық технологиялар мен алуан түрлі оқу ресурстарын қамтитын жайлы орта.

Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтуда балалар мен жасөспірімдердің дене мәдениетін тәрбиелеу жұмысының сапасы жетекші роль атқарады.

Дене мәдениетін қалыптастыру оқушы бала тәрбиесінде ерекше орын алады. Оның оқушыны физикалық жағынан, сондай-ақ әлеуметтік қабілеттері, тұлғасын және рухани жағын дамытуға потенциалы мол екендігі белгілі. Мектепте білім алу барысында дене мәдениетін дамыту сондай-ақ оқушыларға жас кезінде денсаулықты нығайту жаттығуларын беру арқылы оларда саламатты өмір сүру салтын қалыптастыруды мақсат етеді. Бұл балалық шақтан әлеуметтік денсаулыққа ұзақ мерзімді түрде жағымды әсер етуге мүмкіндік береді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде дене мәдениетін тәрбиелеу:

- әлеуметтік дағдылар мен тұлғалық жағымды әсер ала алатын физикалық және рухани денсаулыққа негіз болады;

- оқушыларды физикалық және менталды денсаулығын түсінуге және оны нығайту үшін жұмыс істеуге ынталандырады;

- дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды дамытуды насихаттайды;

- оқушының төзімділік, жылдамдық, күш, ептілік және икемділік сияқты қозғалыс дағдыларын дамытады;

- ұлтжандық, құрмет, командада жұмыс істеу, жауапкершілік пен өзара түсінушілік қалыптастырады;

- оқушыларды өмір бойы саламатты өмір салтын ұстануға бағыттап отырып, алынған дағдыларды қолдануға ынталандырады;

- білімді байыту және оқушылар арасында дене шынықтырудың адам мәдениеті бөлігі идеясын дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен, Назарбаев Зияткерлік мектебінде білім алушыларда дене мәдениетін қалыптастыру оқушылардың денсаулығын сақтау жүйесінің аса маңызды құрамдас бөлімі ретінде қарастырылып, дене шынықтыру пәнінің сабақтары арнайы бағдарлама негізінде жүргізіледі. Дене шынықтыру пәні сабақтарын жоғары деңгейде өткізуге санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жағдай жасалып, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Дене мәдениетін қалыптастырудағы осындай жүйелі және ғылыми негізделген кешенді тәрбие жұмысы оқушы балалардың денсаулықтарын

қорғау және жақсарту, сондай-ақ физикалық дамуын жетілдіру мақсатында оң нәтижелер беретіндігі сөзсіз. Осыған байланысты дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі оқушы баланың өсіп-дамуына жағымды әсер ететін дене жаттығулары мен әрекеттерін жақсы білуі қажет. Сондай-ақ, қазіргі кезде мектептің дене шынықтыру ұстаздары әрбір оқушының жеке анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің заманауи педагогикалық тәсілдерін тиімді пайдалана алуға қабілетті болуы керек.

Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтуда жыл сайын жопарлы түрде өткізілетін профилактикалық тексерудің маңызы зор. Тексеру барысында оқушы балалардың денсаулығына баға беріліп, нәтижелері денсаулық топтары мен дене шынықтыру топтарына бөліп, оқу жылы ішінде жүргізілетін іс-шараларды саралап жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар профилактикалық тексеру кезінде диспансерлік бақылауға алынатын оқушы балалар да анықталады.

Назарбаев Зияткерлік мектебінде бұл іс-шара жоғары деңгейде өткізілген. Аурудың алдын алу екпелерінің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес оқушыларға дифтерияға, көкжөтелге және сіреспеге (АДС-М, АҚДС), туберкулезге (туберкулез ауруларына қарсы вакцинация, туберкулездің диагностикасы), қызылша және қызамыққа қарсы (ҚҚП), тұмау және А вирустық гепатитіне (сары ауру) қарсы вакцинация жасалды.

Қазіргі кезде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтудың заманауи технологияларының қатарына мектеп оқушыларына психологиялық қызмет көрсету жатады [7, 8].

Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметі өз жұмысын «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі Психологиялық қызмет туралы типтік Ережеге» сәйкес жүргізеді. Оқушылардың әлауқатын, амандығын жалғастыру мақсатында мектептің психологиялық қызметі оқу үдерісіне психологиялық қолдау көрсету жұмысын жалғастырды:

- 7-сынып оқушылары мен желі ішіндегі басқа мектептерден ауысып келген оқушылардың бейімделуіне қолдау көрсету;
- академиялық, әлеуметтік-эмоционалды, мінез-құлық (жоғары көңіл бөлуді талап ететін балалар) қиыншылықтарына тап болған оқушыларды анықтап, оларға қолдау көрсету;
- оқушылар мен мұғалімдерге емтихан алды және емтихан барысындағы күйзеліске түспеуге көмектесу;
- кәсіби бағдар жұмысына көмектесу жүргізіледі.

Зияткерлік мектептің психолог-педагогтері білім беру кинезиология жүйесі жайлы, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер коучингі жайлы оқып, оларды іс тәжірибесіне енгізе бастады. Оқушы топтарының кураторлары, пән мұғалімдері, жатақхана тәрбиелеушілері, қосымша білім беру педагогтері мен оқушылардың заңды өкілдерінің қатысуымен психодиагностикалық рәсімнің жаңа түрлері енгізілді.

Психодиагностика оқушылардың ақпаратты қабылдауын, ойлау түрлерін, тұлғаның мінез-құлықтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Аталған диагностика өз кезегінде оқушының базалық психологиялық бейінін қалыптастыруға, оқушыларға өзінің мықты жақтарын анықтауға, даму өрісін көруге, өз даралығын қабылдауға көмектесті.

Сонымен, Қазақстанның 21-ғасырдың басындағы қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуы техникалық, басқарушылық және көшбасшылық құзыреті жоғары деңгейдегі мамандарға аса қажеттілікті тудырды, сондықтан 2008 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша Зияткерлік мектептер құру жөніндегі жоба жүзеге асырыла бастады.

Он жылдан енді ғана асқан қысқа мерзім ішінде Назарбаев Зияткерлік мектептері қалыптасу кезеңінен өтіп, жоғары деңгейдегі инновациялық білім беру мекемесіне айналды, орта білім беру саласындағы үздік ұлттық, халықаралық тәжірибе мен практикалық бағыттағы елеулі ғылыми жетістіктерді кіріктіру арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетін нығайтуға зор үлес қосуда.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог-ұстаздары ұжымының алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жоғары сапалы білім беру барысында оқушылардың денсаулығын сақтап, нығайту болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерінде білім алушылардың денсаулығын сақтаудың заманауи жүйесі енгізілген. Бұл жүйенің негізгі мақсаты – зияткерлік мектеп оқушыларының білім алу барысында физикалық және психикалық денсаулығын қалыптастыру, оның негізінде білім беру мекемесінде денсаулыққа қауіпсіз және жағымды ортаны құру, мектеп медицинасын дамыту, саламатты өмір сүру салтын қалыптастыру, оқушы балалардың психологиялық және физикалық өсіп-дамуына сай ерекшеліктеріне сай кешенді педагогикалық және

медициналық шараларды ұйымдастыру, зиянды дағды-әдеттерге тиімді қарсыласу, қауіпсіз және саламатты тамақтанумен қамтамасыз ету, оқушы жастарда дене мәдениетін қалыптастырып, спортпен шұғылдануына жағдай жасау жатады.

Болашақ ұрпақтың денсаулығын сақтау мен оқушы жастарда саламатты өмір сүру салты дағдыларын қалыптастыру қоғамның, бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отырған тарихи кезеңде мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайту орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің аса маңызды бағытының бірі ретінде қарастырылуы қажет. Осылай десек те, еліміздегі жалпы орта білім беру мектептерінде оқушылардың денсаулығын сақтауға жеткілікті көңіл бөлінбейді, мектеп мұғалімдері өзінің оқытатын пән бағдарламасымен шектеліп, педагогикалық денсаулық сақтау технологияларын толыққанды пайдаланбайды. Сондықтан мектеп оқушыларында денсаулық мәдениеті қалыптаспаған, басым көпшілігінің денсаулықты сақтау туралы білімдері төмен, саламатты өмір сүру салтының қарапайым әдет-дағдылары дамымаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 ҚР Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. – Астана, Ақорда, 17 қаңтар 2014 ж.

2 Назарбаев Н.Ә. Білімді жастар – мемлекеттің басты қазынасы // Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Республикалық Жастар форумында сөйлеген сөзі. – Астана, 01.12.2016 жыл.

3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен бекітілген // Егемен Қазақстан газеті, 14 желтоқсан 2010.

4 Мұхтарова Ғ.М., Мүсірепова С.Н. Салауатты салтын қалыптастыру – аурушаңдықты төмендетудің негізгі құралы. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың, аурудың алдын алудың және денсаулықты нығайтудың өзекті мәселелері. – №3, 2010. – 40-44 б.

5 ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы.

6 ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» Жарлығы.

7 Методические рекомендации: здоровьесберегающие технологии в общеобразовательной школе: методология анализа, формы, методы, опыт применения / Под редакцией М.М. Безруких, В.Д. Сонькина. – М.: Триадафарм, 2002. – С.114.

8 Цабыбин С.А. Здоровьесберегающие технологии в образовательном процессе. – Волгоград: Учитель, 2008. – С.172.

ӘОЖ 374.02

Н.М. Джолдасбаева¹, М.Б. Жақсыбаев¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ПАТОГЕНДІ ПРОТОФАУНА – АДАМ ПАРАЗИТТЕРІ

Аңдатпа

Республикада, сонымен бірге бүкіл әлемде халықтың тығыз қоныстануымен қатар қоғамда нарықтық қатынастардың дамуы сауда орындарының кеңінен ашылуына, шаруашылық әрекеттердің жандануына, тек аймақта ғана емес одан да тысқары тауар алмасудың артуына жағдай туғызды.

Осы аталған факторлардың барлығы аурулардың қоздырғышытарының енуі мен таралуы мәселесін ушықтыра түсуде.

Адам ағзасында дизентерия, амебиоз, трипаносома, лейшмания, лямблия, трихомонада сияқты 30 жуық қарапайымдылардың түрі паразиттік тіршілік етеді. Олардың көп бөлігі кең таралған. Ал кейбіреулері шектелген аймақтарда кездеседі. Бұл, біріншіден, өмірінің әр циклінде белгілі жағ-

дайларды талап ететін паразиттердің ерекшеліктерімен байланысты. Трихомонада сонымен қатар зәр жыныс жолдарында зақымдайды. Бұл жұқпалы аурудың қоздырғышы вагиналық трихомонада (*T.vaginalis* D.) қазіргі трихомонадалардың 50-ге жуық түрі белгілі. Трихомонадалардың адамдарда табылған 3 түрінің ішінде ең қауіптісі трихомонада вагиналис (*T.vaginalis* D.).

Мақалада адамдарда жұқпалы ауруларды тудыратын паразиттердің биологиясы, морфологиясы және тудыратын ауруларымен алдын алу шаралары жайлы материалдар қарастырылған.

Түйін сөздер: паразит, адам паразиттері, трихомонада, хламидии, амеба, трипоносома, лейшмания, лямблия, жыныс жүйесі.

Джолдасбаева Н.М.¹, Жаксыбаев М.Б.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

ПАТОГЕННАЯ ПРОТОФАУНА – ПАЗАРИТЫ ЧЕЛОВЕКА

Аннотация

Наряду с густонаселенным населением в стране и по всему миру развитие рыночных отношений в обществе способствовало широкому раскрытию товарных рынков, оживлению экономической активности и, более того, не только в регионе, но и за пределами товарного обмена. Все эти факторы усугубляют проблему заболеваемости и распространения патогенных микроорганизмов.

В организме человека паразитами могут быть около 30 таких случаев, как дизентерия, амебиоз, трипоносома, лейшмания, лямблия и трихомонада. Большинство из них широко распространены. А в некоторых областях оно ограничено. Прежде всего, это зависит от особенностей паразитов, которые требуют определенных условий в каждом жизненном цикле. У трихомонад также разрушаются мочевыводящие пути. У влагалищных трихомонад (*T.vaginalis* D.), вызывающих инфекционные заболевания, существует около 50 видов современных трихомонад. Среди трех видов трихомонад, обнаруженных у людей, наиболее опасен трихомонад влагалищный (*T.vaginalis* D.).

В статье представлены информации о биологии, морфологии и мерах профилактики паразитов, вызывающих инфекционные заболевания.

Ключевые слова: паразит, паразиты человека, трихомонада, хламидии, амеба, трипоносома, лейшмания, лямблия, репродуктивная система.

N.M. Joldasbayeva¹, M.B. Zhaksybayev¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

PATHOGENIC PROTOFAUNA – HUMAN PARASITES

Abstract

Along with a densely populated population in the country and around the world, the development of market relations in society has contributed to a wider disclosure of commodity markets, the revival of economic activity and, moreover, not only in the region, but also outside the boundaries of commodity exchange. All of these factors exacerbate the problem of the incidence and spread of pathogenic microorganisms.

In humans, about 30 such cases as dysentery, amoebiasis, triponosome, leishmania, lamblia and trichomonas can be parasites. Most of them are widespread. And in some areas it is limited. First of all, it depends on the characteristics of parasites, which require certain conditions in each life cycle. In Trichomonas, the urinary tract is also destroyed. Trichomonas vaginalis (*T.vaginalis* D.), which cause infectious diseases, have about 50 types of modern trichomonas. Among the three types of Trichomonas found in humans, Trichomonas vaginalis is the most dangerous (*T.vaginalis* D.).

The article contains information on biology, morphology and parasite preventive infectious diseases.

Keywords: parasite, human parasites, trichomonas, chlamydia, amoebina, trypanosoma, leishmania, lamblia, reproductive system.

Қарапайымдылардың 70000-нан астам түрі белгілі, тұщы суларда, теңіздерде, ылғалды топырақтарда кең таралған және жануарлар мен адамның денесінде паразиттік тіршілік етеді.

Қарапайымдылардың арасында паразиттілік кең таралған. Сонымен қарапайымдылардың барлық типінде паразит өкілдері бар, ал кейбір типтері тұтас паразиттерден тұрады (микоспоридиялар, микроспоридиялар, ацетоспоралылар, апикешенділер).

Қарапайымдылар омыртқасыздар мен омыртқалыларда және де басқа қарапайымдыларда паразитті тіршілік етеді. Қарапайымдылар иесінің әртүрлі органдарын зақымдайды және көпшілігі клетка ішілік паразиттілікке бейімделген. Қарапайымдылардың паразиттілікке өтуі бір рет қана емес әртүрлі уақытта болып отырады. Оған қарапайымдылардың тіршілік циклының жолы және морфологиялық бейімділіктердің әртүрлілігі куәлік етеді [1, 2, 3].

Қарапайымдылардың эволюциясында оргоноидтардың поляризация процесі (көбею) маңызды роль атқарады (Б.А. Догель, 1954). Паразиттілікте өмір сүру тәсілі ережеге сәйкес олардың денесінің өлшемінің ұлғаюына әкеліп соғады, соның әсерінен оргоноидтар мен ядролар саны артады. Сонымен қатар паразиттілікте арнайы морфологиялық бейімділіктердің түзілуі. Клетка ішілік паразиттерге оргоноидтардың полимеризациялануы тән емес және ол жиі морфо-физиологиялық регреске әкеліп соғады.


Қарапайымдылардың паразиттілігінің таралу және жұқтыру бейімділіктері әртүрлі қасиетке ие, сонымен судағы жануар паразиттерінің қоныстану кезеңінде иесінің денесінен паразиттің тіршілік етуіне ыңғайлы сулы ортаға ауысады.

Қоршаған орта жағдайларында паразиттердің бейімділіктері спорасының және цистаның тығыз қабығының түзілуімен көрінеді немесе жануар иесінің (малярий плазмодии) көмегінсіз ауысуға (орын ауыстыруға) бейімділіктері дамиды.

Практикалық негізі: паразит ретінде бір ғана отряды (амеба) бар (amoebina).

Амебалар отряды (amoebina).

Дизентерия амебасының (*Entamoeba histolica*) қоздырғышы; Ф.Лем (1875) алғаш рет сипаттаған. Тоқ ішекте паразит етеді. Барлық жерде таралған. Ауру ас қорыту жүйесінің бұзылуымен қатар азып тозуға әкеледі. Тіршілік циклы: мынандай формалары кезеседі циста, ұсақ вегетативті форма (*forma minuta*), ірі вегетативті форма (*forma magna*) және ұлпалық.



Сурет-1. Дизентерия амебасы – *Entamoeba histolica*

Инвазия кезеңі циста болып табылады, онда төрт ядро бар. Адам ішегінде яғни тоқ ішегінде мекен ететін амеба ұсақ вегетативті формаларға бөлінеді. Кейбір адамдарда ұсақ вегетативті формалар ішек қабырғасына өтіп, онда интенсивті көбейеді. Кілегейлі қабатты зақымдай отырып, жара тудырады. Сонымен бірге қан сосудтары қабырғасы бұзылып, ішекте қан кету болады. Ішектің зақымдалуында ұсақ вегетативті формалар ірі вегетативті формаға ұқсас бола бастайды, бірақ эритроциттерді жұта алмайды.

Алдын алу: жеке бастың гигиенасы, судың және топырақтың ластануынан қорғану, шыбындарды жою. Непатогенді амебалар қатарына ішек және ауыз амебалары жатады [4, 5].

Entamoeba coli (ішек амебасы). Тоқ ішектің бөлімінде қамтылған, барлық жерлерде таралған. Бір уақытта псевдоподийлерін әр жаққа шығарып қозғалатын ерекшеліктерге ие.

Entamoeba gingivalis (ауыз амебасы). Ауыз қуысында мекендейді. Барлық жерлерде таралған. Ядросының құрылысы мен қозғалу тәсіліне қарай дизентерия амебасын еске түсіреді.

Жануартектес талшықтылар – *Zoomastigophara*.

Кинетопластидалар отряды – *Kinetoplastida*.

Трипоносомалар туысы – Trypanosoma.

Морфология. Трипоносомдардың морфологиялық әр түрлілігі келесідей белгілермен анықталады: клетка формасы, кинетосоманың орны, ундумерленуші мембрананың болу немесе болмауымен. Трипоносомалардың өлшемдері 2-4 мкм. 50-60 мкм дейін. Клетка сыртқы жоғарғы мембранамен қапталған сосын микротүтікшелер орналасқан, ал орталық бөлігінде – үлкен көпіршікті ядро.

Қарапайымдар жыныссыз және жынысты жолдармен көбейеді. Бірінші кинетопласт бөлінеді, содан кейін жаңа талшық пайда болады, бұл уақытта ядро митоздық бөлінеді, ал цитоплазманың бөлінуі клетканың алдыңғы жағынан басталады. Көпше бөлінудің әртүрлі формалары жиі байқалады.

Трипоносомалардың тіршілік циклі екі иенің қатысуымен өтеді. Біріншісінде омыртқасыздардың ас қорыту жүйесінде тіршілік ететін паразиттер жатады. Жұқтыру контаминативті тәсілімен болады, яғни қоршаған ортаға бөлінген цистамен қоректенудің салдарынан. Екіншілері омыртқалылардың жеке клеткаларының ішінде және қан плазмасында орналасады. Паразиттің бір иеден екінші иеге өтуі тасымалданушы арқылы болады [6, 7].

Трипоносомалардың әсерінен туатын ауруларды трипоносомоздар деп атайды.




Сурет-2. Трипоносома – *Trypanosoma*

Лейшмания туысы – Leishmania.

Лейшмания лептомонадты және лейшманиялды формаға ие. Тіршілік циклы иелерінің ауысуымен өтеді. Осылайша қоздырғыштардың лейшманиялды формасы адамды және омыртқалыларда паразиттік тіршілік етеді. Лептомональді формасы тасымалдаушылары жәндіктер болады. Лейшманияның әсерінен туатын ауруды лейшманиоз деп атайды және табиғи ошақтары болады. Лейшманиялар дерматотропты (теріде болады) және висцеротропты (ішкі органдарда болады) түрлерге бөлінеді.

Лейшманияның көптеген түрлерінің тасымалдаушылары қан сорушы москиттер болып табылады.


Висцеральдық лейшманиозды жұқтыру ауру адамнан, иттен, жабайы жануарлардан (қасқыр, түлкі және т.б.) болады. Инкубациялық кезең – 10-21 күннен 1 жылға дейін, кейде сирек одан да ұзағырақ, көбінесе 3-6 айға дейін созылады [8].



Сурет-3. Лейшмания – Leishmania

Lamblia intestinalis.

Лямблияларды профессор Д.Р. Лямблив сипаттаған. Адам ішектерінде паразитті тіршілік етеді. Механикалық тітіркендіру тудырып ішектердің жұмысын бұзады. Жұқтыру ластанған қолдар, жуылмаған көкөністер, жеміс-жидектер және т.б. арқылы, цисталарын жұту арқылы жүреді. Алдын алу шаралары ол жеке бастың гигиеналарын сақтау. Лямблиялардың тудыратын ауруларын лямблиоз деп атайды. Олар ащы ішекте кейде өт қабығында паразиттік тіршілік ететін қозғалғыш (вегетативтік) және қозғалмайтын (циста түріндегі) екі түрі бар [9].




Сурет-4. Лямблия – Lamblia

Трихомонадалар отряды – Trichomadida.

Трихомонадалар 4-6 талшықтары бар эндопаразиттер, олардың біреуі ундумерлеуші мембрана түзеді. Клетканың ішінде тіректік оргонеллада – аксостиль орналасқан.

Trichomonas homis (ішек трихомондасы) Ішек трихомонозын тудырады. Адамның тоқ ишегінде паразиттік тіршілік етеді. Барлық жерлерде таралған. Ішек трихомонадасы үшкір өсіндісі бар сопақша формалы, алдыңғы жағынан 4 еркін талшықтар шығады. Олардың біреуі кері қарай бағытталған. Адам ластанған көкөністер, жеміс-жидектер, лас қолдар, қайнатылмаған су арқылы жұқтырады. Алдын алу шаралары жеке бастың гигиенасын сақтау.



Сурет-5. Трихомонадалар – Trichomadida

***Trichomonas vaginalis* (урогенитальды трихомонада).**

Еркектермен әйелдердің зәр шығару жолдарында паразитті тіршілік етеді. Ол барлық жерлерде таралған. Ажырату белгілері мөлшері үлкен және денесінің артқы жағында ұзын ішегі бар. Ұзаққа созылатын қабыну процестерін тудырады [10].

Соңғы жылдары көптеген жұқпалы аурулардың жеке түрлерінің кейбір эпидемиологиялық көріністері мен пайда болу механизмдерінде әжептеуір өзгерістердің пайда болғаны мәлім. Оларға табиғи, әлеуметтік және экологиялық жағдайлардың әсер етуі айқындала түсуде. Кейінгі кезде жаңадан белгілі бола бастаған жұқпалы аурулардың анықталғандығы да баршамызға мәлім. Олардың нозологиялық түрлері 30-дан асты. Солардың қатарына легионеллез, АИВ тудыратын ЖИТС, Эбол, Ласса, Марбург геморрагиялық қызбалары, вирусты гепатиттердің жаңа түрлері және **трихомониаз** т.б. инфекциялар жатады. **Трихомониаз** (лат.*Trichomoniasis*) – жұқпалы жыныс ауруларының бірі. Бұл кеселге ерлерге қарағанда әйелдер көбірек шалдығады. Жыныс мүшелері қабынған әйелдерде трихомониаз ауруы жиі кездеседі. Оны қоздыратын трихомонада (*Trichomonas vaginalis*) микробы тек жыныс мүшелерінде ғана өмір сүре алады, басқа ортада ол тез өледі. Бұл ауруды негізінен сырқат адам таратады. Ол басқаларға өзінің пайдаланған заттары арқылы да трихомониаз ауруын жұқтыруы мүмкін. Бұл аурудың белгілері сөз белгілеріне өте ұқсас, сол себепті науқасқа диагноз ауру қоздырғыш микронтарды табу арқылы ғана қойылады. Трихомониазбен ауырған әйелдің жыныс мүшесінен ақшыл жалқаяқ ағады. Күнделікті күймең тіршіліктің ыңғайына қарай жалқаяқ бірде азайып, бірде көбейіп отырады. Ол жыныс мүшесінің айналасын, шап жағындағы теріні түршіктіреді. Терінің түсі қызарып, іседі, қышиды. Емделмеген жағдайда ол жазылмайтын жараға айналады. Дер кезінде емделсе, трихомониаз ауруынан құлантаза айынуға болады. Сондықтан, секем алған жағдайда, дереу шипагерге көрінген жөн.



Сурет-6. Трихомонада вагиналис – Trichomonas vaginalis

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Иммунология / отв. ред. У.Пол. – М.: Мир, 1987. – 324 с.
- 2 Иммунология инфекционного процесса / Отв. ред. В.И. Покровский. – М., 1993. – 306 с.
- 3 Исаков В.А. Терапия герпетической инфекции / В.А. Исаков, Г.К. Ермоленко, Н.Г. Черных. – СПб, 1993. – 39 с.
- 4 Профилактика паразитарных заболеваний. Серологические методы лабораторной диагностики паразитарных заболеваний / Методические указания МУ 3.2. 1173-02. 2002. – 28 с.
- 5 Тищенко М.С. Трихомониаз: Клиника, диагностика, лечение. Методические рекомендации для врачей. / М.С. Тищенко, Л.Н. Станкевич, М.Ю. Серебриков, В.А. Беляева. – М., 2002. – 14 с.
- 6 Рахманова А.Г. Трихомониаз и СПИД / А.Г. Рахманова, А.В. Верова, Т.В. Бейер. – СПб., 1992. – 27 с.
- 7 Ремезов А.П. Хламидийные инфекции / А.П. Ремезов, В.А. Неверов, Н.В. Семенов. – СПб, 1995. – 43 с.
- 8 Воробьев А.В. и др. Микробиология: Учебник. – М.: Медицина, 2003. – 336 с.
- 9 Мяндина Г.И. Медицинская паразитология: учебное пособие / Г.И. Мяндина, Е.В. Тарасенко. 2013. – 25 с.
- 10 Козлова В.И. Вирусные хламидийные и микоплазменные заболевания гениталий / В.И. Козлова, А.Ф. Пухнер. – М., 1997. – 536 с.

ӘОЖ 582.4

ҒТАМР 34.29.25

Б.М. Исабеков¹, Ж.М. Есқожаева¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖҮРЕК-ТАМЫР АУРУЛАРЫ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Аңдатпа

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша жүрек-тамыр ауруларынан өлімге ұшырау әлемде бірінші орында тұр. Осыған байланысты аурудың табиғатын зерттеу, дамуын алдын-ала болдырмау шаралары қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Адам популяциясында көп кездесетін жүрек аурулары, мысалы, жүрек ишемиясы, жүрек ревматизмі, эндокардит және миокардит аурулары, қан қысымының бұзылысы, кардиомиопатия және т.б. алуға болады. Бұл аталған аурулардың туындауына негізінен қоршаған ортаның зиянды факторлары және генетикалық, яғни «ішкі» факторлар әсер етеді. Соңғы кездегі жүргізіліп жатқан зерттеулер негізінде генетикалық фактор есебінде шамамен 150-ден астам гендерді бөліп қарайды. Олардың барлығы организмде әртүрлі процестерге қатысады. Аталған гендердің полиморфты жағдайларын зерттеу және оларды емделуші адамдарда анықтау аурудың алдын алуға, дер кезінде емдік шараларды қолдануға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: жүрек-тамыр аурулары, генетикалық факторлар, гендер, жүрек ишемиясы, миокардит, жүрек ревматизмі, ішкі факторлар.

Исабеков Б.М.¹, Есқожаева Ж.М.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТЫЕ ЗАБОЛЕВАНИЯ И ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА НИХ

Аннотация

По данным всемирной организации здравоохранения, смертельный исход от сердечно-сосудистых заболеваний занимает первое место в мире. В связи с этим исследования природы заболевания, а так же принятие профилактических мер для предотвращения данного заболевания в настоящее время

является одной из актуальных проблем. Во внимание можно взять часто встречающиеся в популяции человека заболевания сердца, например, ишемия сердца, ревматизм сердца, миокардит и эндокардит, нарушение кровяного давления, кардиомиопатия и другие. Возникновению этих заболеваний в основном способствуют вредные факторы окружающей среды и генетические факторы, т.е. «внутренние» факторы.

В разрезе генетического фактора на основе последних проводимых исследований выделили около 150 генов. В организме все они участвуют в разных процессах. Исследование полиморфных состояний названных генов и определение его у больных – способствуют своевременному применению лечебно-профилактических мер.

Ключевые слова: сердечно-сосудистые заболевания, генетические факторы, гены, ишемическая болезнь сердца, миокардит, ревматизм сердца, внутренние факторы.

B.M. Isabekov¹, Zh.M. Yeskozhaeva¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

CARDIOVASCULAR DISEASES AND FACTORS AFFECTING THEM

Abstract

According to the World Health Organization, from cardiovascular diseases, death from cardiovascular diseases ranks first in the world. In this regard, the study of the nature of the disease, as well as the adoption of preventive measures to prevent this disease is currently one of the urgent problems. It is possible to take into account heart disease that is often found in a human population, for example, ischemia of the heart, rheumatism of the heart, myocarditis and endocarditis, blood pressure disorder, cardiomyopathy and others. The occurrence of these diseases is mainly harmful environmental factors and genetic factors, i.e. "internal" factors.

In the context of the genetic factor, about 150 genes have been identified on the basis of recent studies. All of them in the body are involved in different processes. The study of the polymorphic states of these genes and its determination in patients has a timely application of therapeutic and prophylactic measures.

Keywords: cardiovascular diseases, genetic factors, genes, coronary heart disease, miocarditis, rheumatism of the heart, internal factors.

Жүректің ишемиялық ауруы

Бұл ауру жүрек бұлшықетінің қанмен жабдықталуының жетіспеушілігінен туындайды. Яғни, жүрек бұлшықетіне коронарлы артерияларымен келетін оттегінің жетіспеуі. Коронарлы артериялардың тарылу себебі негізінен атеросклероз, яғни, тамырдың ішкі қабырғасына холестериннің жиналуынан болады. Холестерин жиналуының нәтижесінде артериялардың ішкі саңылауы тарылып, миокарданың қанмен қамтамасыз етуі азаяды да, әсіресе адамға физикалық күш түскен кезде жүрек жиі соғып, оған жеткізілетін ауа мен қанның мөлшері жетіспей жүрек аймағында ауыру белгілері пайда болады (жүрек талмасы) [1].

Ревматикалық жүрек ауруы – стрептококк бактериялары тудыратын, жүрек бұлшықетінің және жүрек клапандарының ревматикалық шабуыл нәтижесінде бұзылуы. Бұл аурудың бірінші белгілері жәй ғана ангина, ал кішкентай балаларда тонзиллит ретінде байқалады. Оның симптомдары: тынысалудың қиындауы, шаршау, жүрек қағысының бірқалыпты болмауы, кеуде тұсының ауруы, есінен тану [2].

Миокардит – жүрек бұлшықет қабырғаларының қабынуы. Миокардит созылмалы немесе асқынған болуы мүмкін. Асқынған миокардит, демікпе, цианоз, аяқтың ісуі, мойындағы көктамырлардың ісінуі, жүректің тез қағуы сияқты белгілер арқылы байқалады. Миокардит көбінесе 30-40 жастағы адамдарда кездеседі және әйел адамдарға қарағанда ер адамдар бұл ауруға көбірек шалдығады. Миокардит жүрек жетіспеушілігінің дамуына және жүрек қағысының бұзылуына әкеліп соғады. Миокардиттің пайда болуына көбінесе төмендегі инфекциялық аурулар себепкер болады:

- Вирустық (Коксаки вирусы, тұмау, аденовирус, ұшық, гепатит В және С).
- Бактериялық (дифтерия коринеобактериялары, стафилококктар, стрептококктар, сальмонеллалар, хламидиялар).

- Саңырауқұлақты (аспергиллдер және кандидалар).
- Паразиттік (трихинеллалар, эхинококктар т.б.).

Кейде миокардит қызыл жегі, ревматизм, васкулит, ревматоидты артрит, аллергиялық аурулар сияқты жүйелік ауруларда дамуы мүмкін. Сонымен қатар миокардит, кейбір дәрілік препараттарға, алкоголь, иондық сәулеге токсикалық әсер көрсетуі кезінде дамуы мүмкін. Көп жағдайда, миокардит эндокардит пен перикардитке жалғасуы мүмкін [3].

Жүрек жетіспеушілігі.

Жүрек жетіспеушілігі – үлкен немесе кіші қанайналымда қан ұйып қалу, яғни миокардтың жиырылу қабілеттілігін төмендетеді. Бұның белгілері физикалық ауырлық түскенде немесе тыныштық күйінде тұрғанда да, демікпе арқылы, сонымен қатар шаршау, ісіну, цианоз т.б. жағдайларда білінеді. Асқынған жүрек жетіспеушілігі өкпенің ісінуіне, кардиогендік шокка әкеліп соғуы мүмкін, ал созылмалы жүрек жетіспеушілігі ағзаның оттегімен жабдықталуын төмендетуі мүмкін. Жүрек жетіспеушілігі өлімге апаратын, ең жиі кездесетін ауру болып табылады.

Жүрек клапанының ақаулары, ишемиялық аурулар, артериялық гипертензия, кардиомиопатия сияқты аурулардың асқынуы, осы жүрек жетіспеушілігіне әкеледі. Негізінен жүрек жетіспеушілігі бірден бірден білінбейтіндіктен, созылмалы болады.

Созылмалы жүрек жетіспеушілігімен халықтың 0,5-2% шалдыққан, ал 75 жастан асқан соң оның таралуы 10%-ға дейін жоғарылайды [4, 5].

Миокард инфарктысы.

Жүрек бұлшықетінің қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуы, яғни ол тіндердің жансыздануына әкеліп соғады. Зерттелінген 100 000 ер адамның 500-і, 100 000 әйел адамның 100-і осы ауруға шалдығады. АҚШ-та жылына 1,3 миллион адам миокард инфарктісімен ауырады және де көбінесе 40-70 жас аралығындағы адамдарда кездеседі. Миокард инфарктісінің пайда болу себебі – атеросклеротикалық өзгерістер салдарынан, көктамыр артериясының тромбозы. Кокаин, амфетомин тәрізді заттарды қабылдағаннан көктамыр артерияларының бұзылуына әкеледі.

Инфарктың көлеміне қарап:


1. Трансмуралды.
2. Интрамуралды.
3. Субэндокардиалды.
4. Перикардты түрлерін ажыратады.

Трансмуралды инфаркт деп инфарктың жүрек қабырғасының барлық қабаттарына жайылуын түсінеміз. Инфарктың жедел кезеңдегі асқынулар осы түрде көп кездеседі. Оларға төмендегі өзгерістерді кіргізуге болады. Жүректің жарылып кетуі – ол некрозға ұшыраған жүректің сол қарыншасының алдыңғы бөлігі, сирек жағдайларда қарыншалар арасындағы перде немесе басқа бөліктері жарылып, жүрек қабына 500 мл-ге дейін қан шығады. Осыған байланысты, жиналаған қан жүректің өзін басып тастайды (жүрек тампонадасы) Инфарктың осы асқынуы 10-15% мөлшерінде кездеседі. Кейде қарыншалар арасындағы перде жарылады немесе инфарктқа байланысты қақпақшалардың еміздікті бұлшықеттері үзіліп кетеді.

Миокардтың субэндокардиалды инфаркты жүректің ішкі қабатында дамып, жүрек қабырғасының 1/3 бөлігін, сирек жағдайда жартысын қамтиды. Қалыпты жағдайда жүректің эндокард астындағы аймағы коронарлық қан айналымның шетінде жайғасқан, сондықтан жүрек тамырларындағы қан қысымының төмендеуі осы жерде ишемияның, одан әрі инфарктың дамуына әкеледі.

Жүректің субэндокардиалды инфарктың белгілері: құсу, лоқсу, тыныс алуы қиындайды, іш ауруын сезінуі мүмкін. Сол жақ кеудесінің ауырғаны білінеді, одан кейін сол қолға, иыққа беріледі. Жауырыны қысылғандай болады, суық тер бөлінеді, кей жағдайда науқастың дене температурасы көтеріледі [5].

2012 жылғы статистикалық есептеулер мәліметтеріне қарағанда әлем бойынша барлық қаза болған 17,5 млн адамның, шамамен 31% жүрек-тамыр ауруымен ауырған адамдардың өлімі құрайды. Оның ішінде 7,4 млн адам жүректің ишемиялық ауруларынан, ал 6,7 млн адам инсульт әсерінен өлімге ұшыраған [7]. Бұл мәліметтегі ең жоғары орында Грузия елі тұр (1 сурет).



Сурет-1. Жүрек-тамыр ауруларының әлем бойынша таралу деңгейі

Адам ағзасындағы жүрек-тамыр ауруларының дамуына көптеген факторлар әсер етеді. Соның ішінде темекі шегу – орта есеппен алғанда адам өмірін 7-10 жылға қысқартады екен. Темекі шекпейтіндерге қарағанда темекі шегетін адамдар миокард инфарктісіне шалдығуы екі есе көп. Ал осы аурудан қайтыс болғандардың саны темекі шегетіндер арасында шекпейтіндермен салыстырғанда 4 есеге артық болады екен [8]. Артериялық гипертензия – бұл қан қысымының жоғары болуы. Ол жүректің ишемиялық ауруына әкелетін басты фактор болып табылады.

Артериялық қысымды қалыпты жағдайда ұстау үшін төмендегі талаптарды орындау керек:

- артық салмақты болдырмау;
- майлы тамақты аз тұтыну, жемістер мен көкөністерді жиі қолдану;
- тамақтағы тұз мөлшерін азайту;
- күніне 30 минут уақытты қажетінше физикалық қозғалысқа жұмсау;
- алкоголь ішімдіктері мөлшері күніне 20-30 г аспауы тиіс.

Көмірсу алмасуының бұзылуы және қант диабеті – егер қанда глюкоза мөлшері шамадан тыс көп болған жағдайда пациент диабетке шалдығады оған қосымша жүрек-тамыр ауруына шалдығу мүмкіншілігі артады. Сонымен қатар дұрыс тамақтанбау әсерінен де әртүрлі жүрек-тамыр аурулары туындауы мүмкін. Спирттік ішімдіктерді шамадан тыс қолдану да аталған ауруға әкелуі мүмкін [9]. Адамның көңіл-күйінің де денсаулыққа әсері мол. Көңіл-күйдің бұзылуы, мазасыздану ол алдымен адамның миы арқылы беріледі. Жағымсыз эмоциялар вегетативтік жүйені қоздырады, келесі ретте ағзадағы қан айналымына, ішкі мүшелерге, эндокриндік бездердің қызметіне және тағы басқада әсері болады. Соның салдарынан ағзадағы гормондардың тепе-теңдігі бұзылады. Оның әсері жүрек соғысының, ырғағының бұзылуына, қан қысымының көтерілуіне, бұлшық еттердің, қан тамырларының тартылуына себеп болады. Мидың қан айналымы нашарлайды, мидың клеткаларында оттегі жетіспеушілігі пайда болады. Жүрек-қан тамырының ауруларына әйелдерден гөрі ерлер көп шалдығады.

Бұл факторлардан бөлек өте маңызды фактор, ол тұқымқуалау факторлары. Егер науқас ешқашан шылым шекпеген, салауатты өмір салтын ұстанған, салмағы орнында, қан қысымы қалыпты болып бірақ жүрек ауруына шалдықса онда оның арғы аталарында, генінде жүрек ауруының болғандығын көрсетеді. Ғалымдар гомоцистеиннің жүрек тамыр ауруларына әсер ететін тағы бір генетикалық фактор екендігін анықтаған. Гомоцистеин – ақуыз метаболизмінің өнімі болып табылады және ол уақытылы организмде жойылып отыру керек. Кейбір адамдарда, ол уақытында жойылып кетпейтіндіктен, көбейіп ауруға шалдықтырады. Гомоцистеин В6 және В12 витамині жетіспейтін адамдарда көп болады. Гомоцистеинді жою үшін осы витаминдері бар қоспаларды және метионин аминқышқылын пайдалану керек. Зерттеулердің нәтижесінде гомоцистеиннің холестериннен де қауіпті екенін анықталынған [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Поздняков Ю.М., Красницкий В.Б. *Практическая кардиология*. – Москва: БИНОМ, 2007. – 776 с.
- 2 *Наглядная кардиология = The Cardiovascular System at a Glance / Ф.Аронсон, Дж.Вард, Г.Винер; пер. с англ.; под ред. С.Л. Дземешкевича*. – Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2011. – 120 с.
- 3 Беленков Ю.Н., Привалова Е.В., Каплунова В.Ю. *Гипертрофическая кардиомиопатия*. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2011. – 392 с.
- 4 Моисеев В.С., Киякбаев Г.К. *Кардиомиопатии и миокардиты*. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2013. – 352 с.
- 5 Доклад экспертов ВОЗ. – Женева, 2009.
- 6 Бермагамбетова Г.Н., Брозовская Р.Г., Бекжанова А.К. и др. *Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения: Статистический сборник*. – Астана-Алматы, 2011. – С.57-58.
- 7 Алиханова К.А., Омаркулов Б.К., Аbugалиева Т.О., Жакипбекова В.А. *Изучение распространенности заболеваний сердечно-сосудистой системы среди населения Карагандинской области // Фундаментальные исследования*. – 2013. – №9-5. – С.804-809.
- 8 Арутюнов Г.П. *Терапия факторов риска сердечно-сосудистых заболеваний*. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2010. – 672 с.
- 9 *Европейская база данных по смертности регионального бюро ВОЗ*.
- 10 Березин И.И. *Рациональное питание и его роль в профилактике сердечно-сосудистой патологии; Минздравсоцразвития СО, ГОУ ВПО СамГМУ Росздрава*. – Самара, 2007. – 24 с.

ӘОЖ 612.66/68; 591.139

FTAMP 34.39.51

С.Т. Хайроллаева¹, Ш.А. Балғынбеков¹, Д.Қ. Құлжанова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖАСӨСПІРІМ ОҚУШЫ ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ЖИІ БАЙҚАЛАТЫН ҚАНАЗДЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада жасөспірім оқушы қыздар арасындағы жиі бақалатын қаназдылықтың алдын алуға байланысты жасөспірімдерде байқалатын өзгерістер және соңғы жылдары жүргізілген көптеген ғылыми зерттеулер барысында балалар мен жасөспірімдерде қаназдылықтың дамуындағы маңызды рөл атқаратын негізгі факторлар анықталған. Бүгінгі күні балалар мен жасөспірімдер денсаулығына теріс әсер етуші кәтерлі факторлардың бірі кеңінен тараған қаназдылық болып отыр. Қазақстанда соңғы жылдары жүргізілген кең ауқымды ғылыми зерттеулер жас қыздар мен аналар арасында қаназдылықтың таралуы, әсіресе теміртапшылығымен байланысты манифестік түрлері жоғары деңгейде сақталып отырғандығын көрсетті. Сонымен қатар, бұл дерт еліміздегі нәрестелер мен аналар өлімінің, сонымен қатар жалпы аурушандықтың басты себептерінің бірі болып отыр.

Зерттеу нәтижелері жасөспірім оқушы қыздар арасында қаназдылықтың, яғни эритроциттер саны мен гемоглобин мөлшерін зерттеу нәтижелері алдын алуға бағытталған, олардың арасында қан жүйесіндегі патологиялық өзгерістің бірі – қаназдылықтың таралуы айтарлықтай жоғары деңгейде екендігін көрсетті.

Түйін сөздер: оқушы қыз, жасөспірім, қаназдылық, алиментарлық фактор, эритроцит, гемоглобин, темір, алдын алу, тағамдық өнімдер.

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

АНЕМИЯ, ЧАСТО ВСТРЕЧАЕМАЯ У ДЕВОЧЕК-ПОДРОСТКОВ, ПУТИ ЕЕ РЕШЕНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются анемия, часто встречаемая у девочек-подростков, пути ее профилактики и изменения в подростковый период жизни, выявлены факторы развития анемии, которые встречаются часто в последние годы. В данный период у детей и подростков по наблюдениям опасным распространенным фактором является – анемия. По результатам исследования ученых в Казахстане в последние годы среди женщин и девочек является железодефицитная анемия, высоким уровнем сохраняется манифест вид. Это и является причиной смертности детей, женщин, а также слабостью и часто заболеваемостью.

По результатам исследования у девочек-подростков были подсчитаны количество эритроцитов и количество гемоглобина, среди них одним из патологических изменений является высокий уровень распространения анемии.

Ключевые слова: школьница, подросток, анемия, алиментарный фактор, эритроцит, гемоглобин, железо, профилактика, продукты питания.

S.T. Khayrollaeva¹, Sh.A. Balgimbekov¹, D.K. Kulzhanova¹

*¹Kazakh national pedagogical university named Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ANEMIA, COMMON IN ADOLESCENT GIRLS, SOLUTIONS

Abstract

The article deals with anemia, often found in teenage girls, ways of its prevention and changes in adolescence, identified factors, the development of anemia that occur frequently in recent years. In this period in children and adolescents according to the observations of common threat factor is anemia. According to the results of the study of scientists in Kazakhstan in recent years, iron deficiency anemia is among women and girls, a high level of the Manifesto is preserved. This is the cause of death of children, women, as well as weakness and often morbidity.

According to the results of the study in adolescent girls were counted, that is, the number of red blood cells and the amount of hemoglobin, among them one of the pathological changes is – a high level of anemia.

Keywords: schoolgirl, adolescent, anemia, alimentary factors, erythrocyte, hemoglobin, iron, prevention, food and eating.

Соңғы жылдары елімізде қан жүйесінің түрлі аурулары жиі таралып барады. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша қан жүйесі аурулары алдыңғы орындарда тұр, оның ішінде қаназдылық (анемия) кең таралып отыр. Сонымен қатар лейкопения, гемофилия аурулары да балалар мен жасөспірімдер арасында аз кездеспейді. Еліміз ТМД бойынша қан ауруларына шалдыққандардың қатарында Ресей мен Қырғызстаннан кейінгі орында тұр [1].

Қаназдылық, әсіресе темір тапшылығымен байланысты анемия қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде балалар мен жасөспірімдер организмнің қалыпты өсіп-дамуына кедергі тудырып, денсаулығына теріс әсер етуші кенінен тараған қатерлік факторлардың бірі болып отыр.

Соңғы жылдары Қазақстанда жүзеге асырылған кең ауқымды шараларға қарамастан, балалар мен жасөспірімдер арасында қаназдылық ауруы айтарлықтай жоғары деңгейде сақталып тұр. Бұл дерт еліміздегі балалар мен аналар өлімінің, сонымен қатар жалпы аурушандықтың басты себептерінің бірі болып қалуда [2].

ДДСҰ-ның мәліметі бойынша, бүгінгі күні қаназдылық ауруының салдарынан әлемде 3 миллиардқа жуық адам зардап шегетін көрінеді. Аталған дерт, әсіресе, балалар мен жасөспірімдер, ұрпақ

өрбіту жасындағы жас әйелдер сияқты топтар арасында жиі кездеседі [3]. Осыған байланысты қазіргі заманда әлемнің көптеген елдерінде қыздар мен әйелдердің денсаулығын сақтау және организмнің жеткілікті деңгейде дамып жетілуін қамтамасыз етудегі басты мәселелердің бірі қаназдылықтың алдын алу және оның салдарын жою болып отыр.

Қаназдылық болашақ ұрпақ денсаулығы мен өмір сүру сапасы үшін де өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қаназдылық балалар мен жасөспірімдер ағзасын әлсіретіп қана қоймай, түрлі жұқпалы аурулардың кеңінен таралуына, организмнің қоршаған ортаның зиянды факторларына қарсы тұрақтылығын төмендетеді. Сондықтан, БҰҰ Университеті эксперттерінің пікіріне сәйкес елдің тұрғындары арасында қаназдылық таралуының деңгейі 40% не одан жоғары болса, бұндай жағдай қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ауыр мәселе деп саналады. Осыған орай, қазіргі кезде қаназдылық ауруы тек медициналық мәселе ретінде қарастырылмай, қоғам және әлеуметтік қырынан да шешуге қажетті өзекті мәселе ретінде қарастырылуда.

Қазақстанда мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында да қаназдылық дерті кеңінен таралып отыр (1-кесте). Төменде берілген 1-кестеде көрсетілгендей, мектеп жасындағы балалардың 40%-дан астамы қаназдылықтан зардап шегеді. Бұл олардың денсаулық көрсеткіштерін мейілінше нашарлатады, аурушандықты өсіреді, еңбекке қабілеттілікті және танымдылық қызметтерді төмендетеді, оқу үлгеріміне кері әсерін тигізеді. Қаназдылық таралымы (49,4%), әсіресе 12-14 жастағы балалар арасында, сонымен қатар бала туу жасындағы әйелдер (48,2%) мен 6-59 айлық сәбилер (47,4%) арасында аса жоғары.

Бұрын қаназдылық тек қана әйелдерге тән дерт деп танылып келген еді. Алайда, Қазақстандағы әрбір үшінші еркек (28,1%) қаназдылықтан зардап шегетіні анықталды. Жалпы, еліміздегі барлық тұрғындар санына шаға келгенде, қаназдылықтың таралуы 41,9% құрайды.

Кесте-1. Әртүрлі жыныстық және жас топтарының арасында қаназдылықтың таралуы

Халық тобы	Қаназдылықтың таралуы, %
Балалар: 6-59 айлық	47,4
5-11 жас	41,2
12-14 жас	49,4
5 айдан – 14 жас (барлық балалар орта есеппен)	44,9
Әйелдер: 15-49 жас	48,2
50-59 жас	31,1
15-59 жас	45,3
Еркектер: 15-49 жас	26,9
50-59 жас	33,6
15-59 жас	28,1
Барлық халық (орташасы)	41,9

Қаназдылық (анемия) – организмде эритроциттер саны мен оның құрамындағы гемоглобин мөлшерінің азаюымен сипатталатын қан жүйесінің жиі ұшырысатын патологиялық өзгерістерінің бірі. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының (ДДСҰ) ұсынысы бойынша қаназдылық диагнозы қанда гемоглобин (Hb) мөлшерінің көрсеткіші 110г/л-ден төмен (15 жасқа дейін), ал 15 жастан асқанда – 120г/л-ден кем болғанда қойылады. Гемоглобин мөлшері 90-110г/л шамасында болса, анемияның жеңіл дәрежесі, 89-70 г/л шамасында – орташа ауыр дәрежесі, 70 г/л-ден төмен шамада болса – ауыр дәрежесі деп ажыратады [4].

Қаназдылықпен байланысты жас қыздарда байқалатын өзгерістер мыналар болып табылады:

- әлсіздену, тез шаршау пайда болады;
- тері бозарып, қуарып өңі қашады;
- қабақ үсті терісінің өңі кетіп, бозарады;
- тістің қызыл еті бозарыңқырап, ағарады;

- шашта, тырнақтарда өзгерістер байқалады;
- топырақ, бор жеуге әуестік пайда болады;
- аурудың ауыр түрі байқалғанда, бет-аяғы ісініп, жүрек соғысы жиілейді, демігу пайда болуы мүмкін.

Қаназдылықтың тұрғындар арасында кеңінен таралуына әр түрлі әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ұлттық, этникалық, медициналық, экологиялық және тағы да басқа себептер әсер етеді.

Біздің мектептің жоғары сыныптарындағы оқушы қыздардан алынған қан сынамаларында эритроциттер саны мен гемоглобин мөлшерін зерттеу нәтижелеріміз олардың арасында қан жүйесіндегі патологиялық өзгерістің бірі – қаназдылықтың таралуы айтарлықтай жоғары деңгейде екендігін көрсетті.

Қаназдықтың негізгі себептері:

1. Қоректік заттармен темірдің ағзаға жеткіліксіз мөлшерде түсуі.

2. Қоректік заттардың қорытылуына қатысатын бездер қызметінің бұзылуы немесе төменгі биокүндылік.

3. Қан кетулердің кез-келген түрлері, әр түрлі инфекциялардың әсерінен, малярия, туберкулез немесе құрттардың нәтижесінде эритроциттердің бұзылуы немесе жоғалуы.

4. Эритроциттердің генетикалық ақаулары.

Қаназдықтың клиникалық белгілері – жалпы организм әлсіздігі, тез шаршағыштық, енгізу, физикалық ауыртпалық түскен жағдайлардағы жүректің соғуы, құлақтың шулауы, көз алдының қарауытуы, көз нервісінің зақымдануына байланысты көру қабілетінің төмендеуі, гипоксия нәтижесінде бастың ауруы, ұйқысыздық.

Қаназдықтың алдын алу жолдары:

Фармакологиялық. Құрамында витаминдердің кең жинағы және микроэлементтері, оның ішінде темірі бар препараттар.

Түімді тамақтану. Тағам рационына құрамы темірге бай заттарды, сонымен қатар темірдің сіңірілуін жоғарылататын компоненттері бар тағам өнімдерін жүйелі түрде енгізу.

Адам өміріне көбірек әсер ететін үш нәрсе: ауа, су және тағам. Сондықтан қаназдықтың алдын алу үшін осы үш құрамдас бөлікті реттеген жөн.

Шамаға сай дене жаттығулары, таза ауада серуендеу қаназдықтың алдын алудағы қолдан келетін тірліктер. Демек, үш қарапайым ережені – тамақтануды, тыныс алуды және қозғалысты ұдайы есте ұстау қаназдықтың алдын алуға елеулі ықпал етеді.

Қаназдық – қандағы эритроциттер саны мен оның құрамындағы гемоглобин мөлшерінің азаюымен сипатталатын қан жүйесінің жиі ұшырысатын патологиялық өзгерістерінің бірі.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының ұсынысы бойынша қаназдық ауруының (анемияның) диагнозы қанда гемоглобин мөлшерінің көрсеткіші 110г/л-ден төмен (15 жасқа дейін), ал 15 жастан үлкендерге – 120г/л-ден кем болғанда қойылады. Гемоглобин мөлшері 90-110г/л шамасында болса, анемияның жеңіл түрі, 89-70 г/л шамасында – орташа ауыр түрі, 70 г/л-ден төмен шамада болса – ауыр түрі деп ажыратады [6].

Эритроциттерде (қызыл қан жасаушаларында) гемоглобиннің түзілуі үшін қажет маңызды микроэлемент – темір екендігі белгілі. Темірдің өмірлік маңызы жоғары, гемоглобиннің түзілуіне, миоглобиннің (бұлшық еттегі қызыл пигмент) және кейбір ферменттердің түзілуіне қажетті минерал. Темір гемоглобин молекуласының құрамына кіреді және оттегі мен көмірқышқыл газының тасымалдануына қатысады.

Адам организміндегі жалпы темірдің салмағы 4,25г. Осы көлемнен 57%-ы қандағы гемоглобинде болады, 23%-ы ферменттерде, 20%-ы бауырда, сүйек майында жинақталған және қосалқы темір қорын құрады. Жалпы әйел организмінде адамдарда темір және кальций тапшылығы жиі кездесіп отырады. Темір организмнен несеп арқылы (күніне 0,5 мг), терлеу нәтижесінде жоғалады. Қыздар мен әйелдер айына етеккірмен 10-40 мг темір жоғалтып отырады.

Ағзадағы темірдің үйлесімді деңгейі, балалар мен жасөспірімдердің толыққанды өсіп-дамуына аса қажетті болып келеді. Темірдің ағзадағы мөлшерінің жетіспеушілігі, адам мүшелеріне яғни тыныс алу мүшесіне, көру мүшесіне, есту мүшелеріне көптеген инфекциялық ауруларға шалдығу қауіптілігін жоғарлатады. Сонымен қатар, баланың психикалық, жүйкелік дамуына кері әсер етуі мүмкін. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, нәрестелік шағында темір тапшылығына шалдыққан балалар, өсе келе 3-4 жасында орталық ми жүйесінен тыныс алу, көру мүшелеріне берілетін жүйкелік импульстардың қызметінің бұзылуына алып келетінін анықтап отыр. Ал мектеп жасына жеткен бұл

балалардың біраз бөлігі психикалық және интеллектуалды дамуында артта қалып қояды[5]. Өз кезегінде, бұл интеллектуалды немесе психикалық жағынан артта қалған баланың болашағына балта шабылып қана қоймай, оның отбасылық жағдайына әлеуметтік, қаржылық қиындықтар алып келуі мүмкін.

Жыныстық жетілу кезеңіндегі қыздардың бойының өсуіне және жыныстық дамуының ерекшеліктеріне байланысты организмге тәулігіне 33-34 мг темір қажет.

Жасөспірім қыздарда жүргізілген қан көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері эритроциттер саны мен гемоглобин мөлшерінің көрсеткіштерінің қалыпты шамалардың төменгі шекаралық деңгейде екендігін көрсетті. Әсіресе, 14 жасар қыздарда эритроциттер саны мен гемоглобин ең аз шамаларымен сипатталды. Зерттеумен қамтылған қыздарда эритроциттер саны мен гемоглобин мөлшерін зерттеу нәтижелері олардың арасында қан жүйесіндегі патологиялық өзгерістің бірі – қаназдықтың таралымы айтарлықтай жоғары деңгейде екендігін көрсетті.

Қаназдықтан зардап шегетін аналардан туылған қыз балаларда, тіптен анемия туындамаған күнде де, жасырын теміртапшылық «бағдарламалық жоспарланған» бағыт алуы ықтимал. Етеккірінің келуі басталған кезде, мұндай қыз балаларда ювенильдік қан кетулер деп аталатын, яғни көп мөлшерде қан кетулер пайда болады – ал бұл өз кезегінде қаназдықтың дамуының ең «қарапайым» себебі.

Қаназдық белгілері оқушы қыздардың 14 жастағыларының 21,3%-да, 15 жастағылардың 19,6%-да, 16 жастағылардың 18,2%-да анықталды. Ауру жас оқушы қыздардың барлық топтарында көбінесе жеңіл дәрежелі түрінде байқалды (57,2%-68,5%), алайда, орташа ауыр түрі 14 жастағы қыздар тобында басқалармен салыстырғанда жиірек кездесті. Біздің ойымызша, бұл жастағы қыздарда жыныстық жетілудің ерекшеліктерімен байланысты етеккірі келгенде қан көп жоғалтуы мүмкін және мұрыннан қан кетуі жиі байқалады. Оның үстіне дұрыс тамақтанбау нәтижесінде ағзада қанның түзілуіне қажетті заттектермен жеткіліксіз қамтамасыз етіледі. Жекеленген оқушы қыздарда қаназдықпен байланысты ауруларда мынадай өзгерістер байқалады: терінің бозарып, қуарып өңі қашады, қабақ үсті терісінің өңі кетіп, бозарады, тіс қызыл еті қаны қашып, ағарады, тырнақ ағарып кетеді, әлсіздену, тез шаршау пайда болады, топырақ, бор жеуге әуестік пайда болады.

Соңғы жылдары жүргізілген көптеген ғылыми зерттеулер барысында балалар мен жасөспірімдерде қаназдықтың дамуында маңызды рөл атқаратын 5 негізгі фактор анықталған:

1. Дұрыс тамақтанбау, тағамдық рацион құрамында темірдің және басқа минералдар мен дәрумендердің тапшылығы.

2. Анасының жүктілік кезінде қаназдық кеселімен ауыруы.

3. Созылмалы инфекция ошақтарының болуы.

4. Асқазан-ішек сырқаттары.

5. Етеккір келудің бұзылыстары және мұрыннан жиі қан кетуі.

Дұрыс тамақтанбауға байланысты темір, фолий қышқылы, В12 витамині, мыс және басқа да элементтердің жетіспеуінен қаназдық жас организмде тез дамиды.

Тәулік бойын тұтынған тағамдық өнімдерден темірдің тек 8% ғана сіңіріледі, нәтижесінде қан құрамына енеді. Қанның негізгі бөлігін қамтитын гемоглобин әрбір 120 күн сайын өңделіп және қайта айналымға түседі.

Тағамдық өнімдердегі темірдің сіңірілу үрдісіне мыс, кобальт, марганец және С дәрумені өте қажет. Темір бойдың өсуіне, түрлі ауру түрлеріне қарсы тұруға мүмкіндік береді, шаршаудың алдын алады. Темірге кептірілген ақ саңырауқұлақтар, жануарлардың бауыры мен бүйрегі, шабдалы, жасыл өсімдіктер, картоп, пияз, асқабақ, алма, айва, алмұрт, бұршақ, жұмыртқа сияқты тағамдық өнімдер өте бай.

Теміртапшылықты қаназдықтың кеңінен таралуында тағам фактордың ролінің маңызы зор екендігін ескере отырып, қазіргі уақытта анемияның алдын алу мен күресудің үш стратегиясы ұсынылып отыр:

1. Саплементация – микроэлементтер мен витаминдер препараттарын таблеткалар, капсулалар және тағы басқа түрде қабылдау.

2. Фортификация – тағамдық өнімдерді темірмен және дәрумендермен байыту.

3. Тағамдық диверсификация – үйлесімді дұрыс тамақтану.

Саплементация тез арада әсер ететіндігімен жақсы, әсіресе гиповитаминоздың алдын алу үшін, өйткені дәрумендер жақсы сіңіріледі. Бұл стратегияны қолдану, өзге стратегиялар іске аспаған жағдайларда тез арада өз нәтижесін береді.

Қазақстанда, гиповитаминоздармен қатар, кейбір микроэлементтердің де жетіспеушілігі соның ішінде темір, мырыш, мыс, селен, йод және бірнеше дәрумендер тапшылығы жатады. Осыған байланысты қаназдықтың алдын алу мақсатында көп дәрумендік-минералдық кешендік препараттарды күніне біреуден немесе күнара қабылдаған дұрыс. Әрине, мұндай жағдайларда құрамына дәрумендермен қатар темір, мырыш, мыс, селен сияқты микроэлементтер де кіретін препараттарға назар аударған дұрыс. Айта кететін жайт, бұл қаназдықтың алдын алу мақсатында жүзеге асырылуы өте қымбат стратегия, өйткені дәрілік препараттарды өндіру әр уақытта қымбатқа түседі. Темір және дәрумен препараттарын дәрілік зат ретінде қолдану едәуір қаржылық шығынға ұшыратады. Қаназдық даму қатері жоғары адамдар үшін ұдайы дәрілік препараттарды қабылдап отыру керектігі жайлы алдын ала психологиялық дайындық қажет. Сонымен қатар, құрамында темірі бар препараттар жанама әсерлер беріп, кері субъективтік көзқарас қалдыруы мүмкін. Бұл өз кезегінде препараттарды үзіліссіз қабылдаудан бас тартқызуы мүмкін.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде микроэлементтер тапшылығын жою және алдын алу күресінің негізгі әдісі ретінде жалпылама пайдаланылатын тағамдық өнімдерге (ұн, нан – күлшелер, макарондар, кондитерлік өнімдер, сүт тағамдары, шырындар, сусындар) дәрумендер мен минералдар қосып байыту – фортификациялау кеңінен қолданылады.

Осы әдісті бірнеше жылдан бері қолданып келе жатқан өндірістік дамыған және дамушы елдерді қоса, ұдайы пайдаланылатын және барлық елдің қолжетерлік тағамдық өнімдерді үнемі витаминдермен және минералдармен байыту көптеген микроэлементтік тапшылықтардың алдын алуға, оның ішінде темір тапшылығымен байланысты қаназдықтың таралуын тежеп кемітуге септігін тигізді. Әлемнің 55 елінде, АҚШ, Канада, іс жүзінде Оңтүстік Американың барлық мемлекеттері, Африка мен Оңтүстік – Шығыс Азияның көптеген мемлекеттері, Батыс Европаның кейбір мемлекеттерін қоса, заң бойынша ұнды міндетті түрде микроэлементтермен байыту (фортификациялау) қарастырылған және де табысты түрде іске асырылуда.

Тағамдарды байыту, біріншіден, ең ыңғайлы табиғи шешім, бұл іс жүзінде тағамдық өнімдерге өңдеу және шикізаттарды сақтау кезінде жоғалтылған микронутриенттер қайтарылып беріледі, екіншіден, бұл – ең арзан және әлеуметтік әділ шешім болып табылады.

Қазақстанда соңғы жылдары халықаралық ұйымдардың қолдауымен бірінші және жоғары сұрыпты бидай ұндарын алты микроэлементтермен: темірмен, мырышпен және 4 витаминдермен (В1, В2, фолий және никотин қышқылдары) байыту бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Ұнды осы алты микроэлементтермен байытатын премиксті (қоспа) Қазақ тағамтану академиясы ғалымдары ұсынған. Бұл стратегияның артықшылығы – оның арзандығы және көпшілікті қамтитын мүмкіншілігінің зор болғандығында. Сонымен, қазіргі кезде елімізде бидай ұнын темір қосындыларымен байыту теміртапшылығының алдын алудың ұзақ мерзімді тиімді стратегиясы ретінде ұсынылып отыр.

Соңғы жылдары еліміздің білім беру жүйесінде оқытудың жаңа инновациялық технологиялары мен әдістерінің қарқынды енгізілуі, оқушылар игеруге қажетті білім мен ақпарат көлемінің артуы жасөспірім қыздар организмне, оның функциональдық мүмкіндіктері мен денсаулығына жоғары талаптар қоюда.

Жасөспірімдік кезең – қыз организмнің өсіп-дамуындағы ең жауапты шақтың бірі және ол негізінен жыныстық жетілу үдерістерінің басымдылығымен өтеді. Мұнда жетекші рөлді гипоталамус пен гипофизден тұратын жүйе атқарады. Гипофиздің троптық гормондары бірқатар ішкі секреция бездерінің (қалқанша без, бүйрек үсті безі, жыныс бездері) белсенділігін реттейді. Жыныс бездерінің гормондары қан арқылы денеге тарап, қыз баланың өсуіне, дамуына әсер етеді және жыныс мүшелерінің дамып жетілуін, жыныстық белгілердің пайда болуын қамтамасыз етеді.

Үнемі өсіп-даму жағдайындағы жас қыздар организмні қоршаған ортаның әр түрлі факторларының әсеріне өте сезімтал екендігі белгілі. Әйелдің тіршілік жағдайына бейімделу мүмкіндігі, яғни болашақтағы бүкіл ғұмырына қажетті бейімделудің «мүмкіндік қоры» организмнің өсіп даму кезеңдерінде, яғни, қыздың балалық және жасөспірімдік шақтарында қалыптасады.

Өскелең жас организмдегі қалыпты тіршілік процестері үшін ішкі ортаның тұрақтылығы (гомеостаз) өте маңызды. Гомеостаз бұзылса, клетканың құрылымдық элементтері зақымданып, өлімге душар болады, немесе ауруға шалдығады. Қан құрамының өзгерісіне организмдегі кез келген клетка, ұлпа, әсіресе, кейбір белгілі қызмет атқаруға бейімделген клеткалар тобы, оның ішінде орталық нерв жүйесінің жоғарғы бөлімдерінің нейрондары мен ішкі секреция бездерінің клеткалары өте сезімтал келеді. Осындай жағдайда жасөспірім қыз организмнің қалыпты өсіп дамуы үшін қан жүйесі аса маңызды роль атқарады.

Жас организмнің қан жүйесі сыртқы және іші орта әсерлерінен әр түрлі өзгерістерге тез ұшырайтындығы белгілі. Қанның құрамы мен қасиеттері шамамен тұрақты болғанымен, жыныстық жетілу кезеңінде, өскелең жас организмге мөлшерден тыс талап қойылғанда, бұл тұрақтылық өзгереді. Мектептегі оқу бағдарламасы жасына сәйкес болмағанда, оқушы қыз балаларда лейкоцитоз, яғни лейкоциттердің көбеюі байқалып, қанында нейтрофилдер мен лимфоциттер көбейетіндігі анықталған.

Қыздың жыныстық жетілу кезеңінде қан жүйесінің қалыптылық шегінен тыс өзгерістері организмнің физикалық және ақыл-ой дамуының тежелуіне, мектептегі сабақ үлгерімінің нашарлауына және денсаулықтың төмендеуіне соқтырады. Сонымен қатар, бұл жағдайда жүргізілетін егу шараларының тиімділігі жеткіліксіз, ал жұқпалы, паразитарлық және жұқпалы емес аурулар созылмалы түрде өтеді, кейде тіптен олар асқынуларға жалғасады. Жалпы алғанда, жас қыздардың – болашақ аналардың қан жүйесіндегі патологиялық ауытқулар интеллектуалдық және адами потенциалын едәуір төмендетіндігі сөзсіз.

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер жас қыздар арасында қан жүйесінің жиі кездесетін ауытқуларының бірі, қаназдықтың таралу деңгейі 88,7%-ға дейін құрайтынын, оның 25%-ы гиперполименореямен байланысты екендігін көрсетті. Қазақстан профилактикалық медицина Академиясы ғалымдарының пікірінше, еліміздің бойжеткен 15-19 жас аралығындағы қыздар арасында қаназдықтың таралу деңгейі жоғары, әсіресе оңтүстік және батыс аймақтарында жиі ұшырасады.

Біздің жұмысымыздың мақсаты – жасөспірім қыздарда жиі байқалатын қаназдық мәселесінің өзектілігін негіздеп, оның алдын алуға бағытталған шараларды анықтау болып табылады.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде микроэлементтер тапшылығын жою және алдын алу күресінің негізгі әдісі ретінде жалпылама пайдаланылатын тағамдық өнімдерге (ұн, нан – күлшелер, макарондар, кондитерлік өнімдер, сүт тағамдары, шырындар, сусындар) дәрумендер мен минералдар қосып байыту – фортификациялау кеңінен қолданылады.

Осы әдісті бірнеше жылдан бері қолданып келе жатқан өндірістік дамыған және дамушы елдерді қоса, ұдайы пайдаланылатын және барлық елдің қолыжетерлік тағамдық өнімдерді үнемі витаминдермен және минералдармен байыту көптеген микроэлементтік тапшылықтардың алдын алуға, оның ішінде темір тапшылығымен байланысты қаназдықтың таралуын тежеп кемітуге септігін тигізді. Әлемнің 55 елінде, АҚШ, Канада, іс жүзінде Оңтүстік Американың барлық мемлекеттері, Африка мен Оңтүстік – Шығыс Азияның көптеген мемлекеттері, Батыс Еуропаның кейбір мемлекеттерін қоса, заң бойынша ұнды міндетті түрде микроэлементтермен байыту (фортификациялау) қарастырылған және де табысты түрде іске асырылуда.

Қазіргі кезде орта білім беру саласында жаңа инновациялық технологиялар мен әдістердің кеңінен енгізілуі, білім мен ақпарат көлемінің артуы және елімізде соңғы жылдары қалыптасқан экономикалық-әлеуметтік жағдай мен қоршаған ортаның ластануы мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер организмне, әсіресе, қыз балалардың функциональдық мүмкіндіктері мен денсаулығына жоғары талаптар қоюда.

Жасөспірім қыз ағзасының болашақтағы бүкіл ғұмырына қажетті бейімделудің «мүмкіндік қоры» организмнің өсіп даму кезеңдерінде, яғни, балалық және жасөспірімдік шақтарында қалыптасады. Қыздың жасөспірімдік кезеңі оның өміріндегі ең жауапты шақтың бірі екендігі белгілі, себебі бұл кезеңде қыз баланың қарқынды өсуі мен дамуы байқалып, жыныстық жетілуі жүреді. Осындай жағдайда жасөспірім қыз ағзасының қан жүйесі өз қызметтерін талапқа сай деңгейде атқарғаны аса маңызды, себебі қан құрамының өзгерістеріне организмдегі кез келген клетка, ұлпа, әсіресе, жоғары деңгейде белгілі қызмет атқаруға бейімделген клеткалар тобы, оның ішінде орталық нерв жүйесінің жоғарғы бөлімдерінің нейрондары мен ішкі секция бездерінің клеткалары өте сезімтал келеді.

Ағзадағы қанның құрамы мен қасиеттері физиологиялық тұрақтылықпен сипатталғанымен, өскелең жас организмге шамадан тыс талап қойылғанда, бұл тұрақтылық өзгереді. Жасөспірімдік кезеңінде қандағы қалыптылық шегінен тыс өзгерістер қыз организмнің физикалық және ақыл-ой дамуының тежелуіне, мектептегі сабақ үлгерімінің төмендеуіне, аурушаңдық белең алып, денсаулығының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан, осы бағытта қыздардың жыныстық жетілу кезеңінде қан жүйесіндегі жиі тараған өзгерістерінің бірі – қаназдылықтың алдын алу өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шарманов Т.Ш., Балгимбеков Ш.А. Распространенность анемии у детей и женщин репродуктивного возраста в Казахстане и основные принципы ее профилактики // Вопросы питания. 2013. – Том. 82. – №5. – С.58-62.
- 2 Ракишева А.Г., Беркинбаев С.Ф., Мусагалиева А.Т., Кубеева А.Ш., Хан О.Р. Распространенность анемии и железодефицитного состояния по городу Алматы и Алматинской области // Medicine. – Алматы, 2017. – №5(179). – Р.62-65.
- 3 Статистический сборник «Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2015 г.». – Астана, 2016. – С.49-53. <http://www.enbek.gov.kz>
- 4 Тәжібаев Ш.С., Оспанова Ф.Е, Ергалиева А.А, Сарсембаева А.П. Оқушылардағы анемияның, йод тапшылықтың және витаминдер жетіспеушілігінің алдын алу туралы, «Мектеп тамақтану сериясы». – Астана-Алматы, 2008. – 140 б.
- 5 Самсыгина Г. А., Казюкова Т. В., Левина А.А. Дефицит железа у детей и подростков. Рос. гос. медицинский ун-т. — М.: 2006. — 32 с.
- 6 Коровина Н.А., Заплатников А.Л., Захарова И.Н. Железодефицитные анемии у детей / Руководство для врачей – М., 2001. – 56 с.
- 7 Возрастная физиология и гигиена детей и подростков / И.С. Жоголева, Р.В. Лялина, И.И. Чериев, Е.Е. Коровкова: Учебно-метод. центр. Саранск // Рус. мед. журн.: РЖМ. 2002. – №2. – С.240-242.
- 8 Богданова Н.М. и др. Дефицит железа и его отрицательное влияние на развитие детей раннего возраста. Диетологические возможности постнатальной коррекции дефицита железа // Ж: Лечащий врач, 2011. – №8. – С.38-45.
- 9 Worldwide prevalence of anaemia 1993-2005: WHO global database on anaemia. – WHO, 2008. – 40 p.
- 10 WHO, UNICEF, and UNU, Iron Deficiency Anaemia: Assessment, Prevention and Control, A Guide for Programme Managers, WHO, UNICEF, UNU, Geneva, Switzerland, 2001. http://www.who.int/nutrition/publications/micronutrients/anaemia_iron_deficiency/WHO_NHD_01.3/en/index.html

ЭКОЛОГИЯ

ӘОЖ 37.016:911.0

А.Жансарбаева¹, Қ.Сарқытқан¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада табиғат ресурстары оның түрлері мен жер бетінде таралуы және сарқылуын, табиғатты ұтымды пайдалану көздерін жан-жақты зерттей отырып, еліміздегі және әлемдегі ресурстардың сарқылуына байланысты туындап отырған экологиялық жағдайлар, экономиканы экологиялау, энергияның баламалы көздерін алу, табиғи ортаның сыйымдылығын, оның ресурстарының құндылығын анықтау әдістерін, табиғатты қорғау шараларын экономикалық тиімділігін анықтау, нарық жағдайында табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жолдарын тұрақты даму стратегиясы мен тетіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: табиғат ресурстары, ресурстардың жіктелуі, байлықтар шамасы, болашақта дамуы.

Жансарбаева А.¹, Сарқытқан Қ.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИРОДНЫХ БОГАТСТВ ПО ВСЕМУ МИРУ И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются ресурсы, природные ресурсы и их виды, размещения природных ресурсов по всему миру, истощения ресурсов в стране и в мире, возникающих в связи с экологической ситуацией, рационального природопользования, альтернативных источников энергии, емкости природной среды, ее ресурсов, методы определения ценности, определение экономической эффективности природоохранных мероприятий, устойчивого развития и рационального использования природных ресурсов в условиях рынка.

Ключевые слова: природные ресурсы, величина богатства, состояние в будущем.

A.Zansarbaeva¹, K.Sarkitkan¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE CURRENT STATE OF THE USE OF NATURAL RESOURCES AROUND THE WORLD AND THE PROBLEMS OF DEVELOPMENT

Abstract

Resources are examined in the article, natural resources their kinds, placing of natural resources all over the world, exhaustions of resources in a country and in the world of arising up in connection with ecological environmental management, rational environmental management, alternative energy, capacity of natural environment, her resources sources, methods of determination of value, determination of economic efficiency of nature protection events, steady development and rational use of natural resources in the conditions of market.

Keywords: natural resources, size of riches, state in the future.

Табиғат байлықтарының шектеулі екенін, кейбіреуінің қалпына өздігінен келмейтінін, табиғаттың байлығын сақтауға, молайтуға қамқорлық қажет екенін, олай етпеген жағдайда адамдар өздерін қоршаған табиғи ортаны, оның байлығын жойып алатынын түсіну үшін қаншама уақыт өтті. Табиғат ресурстарын қалпына келтірмей, өсіріп сақтамай табиғи ортаның тазалығын қорғамай шексіз ала беру, оны бүлдіре беру түптің түбінде табиғи ортаның өзгеруі мен бұзылуына, ресурстардың сарқылуына әкеп соғады [1].

Қазіргі кезде қоғамның дамуының табиғатпен үйлесімділігі өте өзекті мәселеге айналды. Табиғатпен үйлесімсіз экономиканың өсуі болмайтындығын дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан табиғатқа және табиғатты пайдалануға жаңа көзқарас қалыптасуы керек.

Жер қойнауындағы ресурстарды пайдалану қарқыны алдағы уақытта төмендемейтін болса, олардың қоры азаятыны сөзсіз. Ғалымдардың болжамы бойынша, мысалы, алюминий кенінің қоры 500-600 жылға, темірдікі – 150 жылға, мырыштікі 200-230 жылға жетеді екен. Осындай дағдарыстан шығу үшін ресурстар қорын үнемдеп пайдалану, сақтау және жаңа қорларын барлау, қайтара пайдаланатын шикізатты қолдану, металл сынықтарын қайта өңдеу, сондай-ақ құнды және сирек кездесетін металдарды, істен шыққан аспаптарды қайта жөндеу, тағы да басқа шараларды іске асыру орынды. Ал отындық ресурстардың қайтадан қалпына келмейтіндігіне байланысты анықталады. Қазіргі кезеңде кен байлықтарын түзетін процестердің жүруіне бұрынғыдай жағдай жоқ, сондықтан олардың орнының тез арада толуы тіптен мүмкін емес [2].

Қазіргі таңда адам қоғамы табиғатты тиімді пайдалану жолында қоршаған ортамен үйлесімді әрекет жасауға ұмтылуда. Осы себепті, адамдар табиғатты өз пайдасына орнымен жаратып қолдануда әрі оның неғұрлым тиімді жолдарын іздестіруде. Сонымен, *табиғатты пайдалану* дегеніміз – табиғат байлықтарын игеру мен қолдану ғана емес, оны жан-жақты зерттеуді жетілдіру, табиғатты қорғау, аялау бағытында жүргізілетін экологиялық іс-шаралардың жиынтығы.

Табиғатты тиімді пайдалану ережесінің бұзылуы салдарынан орны толмайтын ресурстар қатарына соңғы уақытта тұщы су, оттек т.б. қосылды, себебі бұлардың шығындалуы табиғаттың өздігінен қалпына келу мүмкіндігінен асып түсуде. Бұл дегеніміз – сарқылмайтын ресурстардың кейбір түрлерінің мүлдем сарқылу жағдайына жеткендігінің куәсі, сол сияқты мұндай мүшкіл жағдай қалпына келетін ресурстарда да қазіргі кезеңде орын алған.

Жер шарының географиялық қабығында орасан мол әрі алуан түрлі табиғи байлықтар кездеседі. Бірақ олардың жеке түрлерінің қорлары жер шары бойынша орналасуы біркелкі емес. Тіптен материктерден тыс жекелеген елдер мен ірі аймақтардың табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілуінде тек сандық емес, сапалық жағынан да үлкен айырмашылықтар байқалады. *Ресурстармен қамтамасыз етілу көрсеткіші* оның қорының мөлшері мен өндіру, яғни қолданыс масштабының арақатынасына тең. Бұл жерде минералдық ресурстармен қамтамасыз етілуі оның қазіргі қолданыстағы қарқынында барланған қорының қанша жылға жететіндігіне қарай бағаланса, ал жер, орман, су ресурстары олардың қорларын жан басына шығумен есептелінеді. Табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілу деңгейі мен оның сипатына қарай дүниежүзінің жекелеген аймақтары мен елдерінің бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар [3].

Дүниежүзінің көптеген елдері ғаламдық маңызы бар бір немесе бірнеше ресурс түрлерінің қорларына ие. Мәселен, Оңтүстік-Батыс Азия елдері аса ірі мұнай мен газ, Оңтүстік Африка – алтын мен алмаз, Чили, Замбия, Қазақстан – мыс кені, Аустралия, Гвинея, Ямайка – алюминий қорларымен көзге түсті. Тек бірнеше мемлекетте ғана табиғат ресурстарының барлық түрлері кездеседі деуге болады. Мысалға, Ресей, АҚШ, Қытай – минералдық, орман, су, жер, т.б. ресурстардың біршама ірі қорларына ие. Сол сияқты Бразилия, Үндістан, Канада, Аустралия мемлекеттері бұлардан қалыс қалғанымен, табиғат ресурстарымен өте жақсы қамтамасыз етілген. Әрбір мемлекеттер үшін олардың жер аумағында табиғат ресурстарының көптүрлілігі аса маңызды. Бірақ табиғат ресурстарының болуы әрбір ел үшін қажетті болғанымен, олардың дамып өркендеуі үшін шарт емес. Экономикасының даму қарқыны жоғары жетістіктерге жеткен, бірақ өнеркәсібінің дамуына қажетті табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілмеген Жапония, Италия, Оңтүстік Корея, Сингапур сияқты елдер бұған айқын мысал. Қазіргі дүниежүзілік шаруашылықтың күрделі жүйесі мен халықаралық еңбек бөлінісінде көбінесе дамыған елдер тұтынушы, ал дамушы елдер табиғат ресурстарын өндіруші әрі сыртқы экспортқа шығарушы рөл атқаруда [4].

Ғалымдардың есебі бойынша минералдық отынның дүниежүзілік жалпы геологиялық қоры 12,5 трлн, т-дан асады. Бұл қазіргі өндіру деңгейінде 1000 жылдан астам уақытқа жетеді деген сөз! Бірақ өндіруге мүмкін болатын қорын, сонымен бірге пайдаланудың үнемі өсіп отыратынын (оның ішінде оларды орналастыру жағдайын) ескерсек, бұлайша қамтамасыз ету бірнеше есе қысқарады.

Адамдар бұл байлықтардың кейбіреуін пайдалануды ежелгі кезден-ақ үйренген. Ол адам өркениеті дамуының "тас ғасыры", "қол ғасыры", "темір ғасыры" сияқты тарихи дәуірлерінің аттарынан керінеді. Қазіргі кезде минералдық байлықтардың 200–ден артық түрі пайдаланылады. Академик А.Е. Ферсманның (1883-1945) бейнелеп айтқанындай, бұл күндері Менделеевтің бүкіл периодтық жүйесі адамзаттың аяғында жатыр.

Отын пайдалы қазбалары шөгіндімен байланысты және әдетте ежелгі платформалардың жамылғысында, сонымен бірге ішкі және шеткі иіндерінде кездеседі.

Жер шарында 3,6 мыңнан астам көмір алаптары мен кен орындары белгілі. Олардың бәрі жиналып, құрлық аумағының 15%-ін қамтиды. Бір геологиялық жастағы көмір алаптары көбінесе мыңдаған километрге созылатын көмір белдеулерін құрайды. Көмір байлықтарының негізгі бөлігі Азияның, Солтүстік Америка мен Еуропаның үлесіне тиеді және аса ірі 10 алапқа шоғырланған.

Мұнайлы-газды алаптардың 600-ден астамы барланған, олардың 450-і өндірісте, ал мұнай кен орындарының жалпы саны 35 мыңға жетеді. Негізгі қорлары солтүстік жарты шарда және негізінен мезозой шөгінділеріне жинақталған. Бұл қорлардың да басты бөлігі санаулы ірі алаптарға шоғырланған.

Кенді *пайдалы қазбалар* әдетте ежелгі платформалардың шеткі бөліктері мен дөңдеріне (қалқандарға), сонымен бірге қатпарлы аймақтарға жиналған. Көбінесе, олар мұндай аймақтарда шығу тегі жер қабығындағы терең жарықтармен байланысты аса ұзын кенді (металлогендік) белдеулер құрайды. Мұндай белдеулердің (Альпі – Гималай, Тынық мұхит) аумақтары тау - кен және металлургия өнеркәсібінің шикізат базасы болады да, көп жағдайда жеке аудандардың, тіпті тұтас елдердің шаруашылық мамандануын анықтайды [5].

Кенсіз пайдалы қазбалар да кең таралған, олардың кен орындары платформалық және қатпарлы аймақтарда кездеседі.

Жер байлықтары адамның тіршілігіне және шаруашылықтың барлық салаларына қажет. Адамзаттың жер байлықтарымен қамтамасыз етілуі дүниежүзілік жер қорына байланысты, ол 13,4 млрд. га болады. Оның құрылымы онша қолайлы емес. Сондықтан да адамзатқа қажетті тамақ өнімдерінің 88%-ін беретін өңделетін жерлер аса құнды болып табылады. Өңделетін (бәрінен бұрын жыртатын) жерлер ғаламшарымыздың негізінен орман, орманды дала және дала зоналарында шоғырланған. Шабындықтар мен жайылым жерлердің де маңызы зор, олар адамзат пайдаланатын тамақтың 10%-ін қамтамасыз етеді.

Алайда *ғаламшарымыздағы жер қорының құрылымы өзгермей тұрмайды*. Оған бір-біріне қарама – қарсы сипаттағы екі процесс ұдайы ықпал жасайды.

Бір жағынан, адамзат мыңдаған жылдар бойы мекендейтін және ауыл шаруашылығына пайдалануға жарамды жерді кеңейту үшін табанды күрес жүргізіп келеді. Тек ХХ ғасырдың ішінде құрлық жердің жырттылу мөлшері екі есе артты. Мұнда Ресей, Қазақстан, АҚШ, Канада, Қытай, Бразилия тың жерлерді кең көлемде игерген елдер болды. Ал жері аз, бірақ халық жиі қоныстанған Нидерланды, Жапония секілді елдер теңіз жағалауындағы жерлерге шабуылды күшейтті.

Екінші жағынан, жер барған сайын азып-тозып, нашарлай берді. Эрозияның салдарынан жылмажыл 6-7 млн. га жердің ауылшаруашылық айналымынан шығып қалатыны есептеп шығарылған. Батпаққа, сортаңға айналу салдарынан тағы 1,5 млн. га жер пайдалануға жарамсыз болып қалады. Қалалардың өсуіне қарай тұрғын үй, өнеркәсіп және жол-көлік құрылысы да ауылшаруашылық жерлеріне шабуылын үдете түсуде. *Дүние жүзінің құрғақшылық аймақтарында жердің аса ірі «жалмауызы» шөлейттену болып отыр.*

Осындай процестердің нәтижесінде жерге түсетін ауыртпалық барған сайын артып, оның байлықтары азайып барады.

Құрлықтың су байлықтары: тұщы су проблемасы. Таяу уақытқа дейін су да ауа секілді табиғаттың тегін тартуларының бірі деп есептелінетін. Ол жерді қолдан суаратын аудандарда ғана жоғары бағаланатын. Соңғы кезде құрлықтың су байлықтарына деген көзқарас өзгерді. Оның себебі, тұщы су қоры гидросфераның жалпы көлемінің 2,5%-ін ғана құрайды. Оның үстіне, бұл қордың негізгі бөлігі Антарктиданың, Гренландияның мұздықтарында, Арктика мұздарында, тау мұздықтарында "сақталып", әзірше адам оларды пайдалана алмай отыр [6].

Адамзаттың тұщы суға деген қажетін өтеудің басты көзі – ғаламшарымыздың "су үлесі" саналатын 47 мың км³ өзен суы болып табылады. Іс жүзінде бұл шаманың жартысына жуығын ғана пайдалануға болатындықтан, өзен суын жеткілікті деп айта алмаймыз. Тұщы суды пайдалану барған сайын артып келеді. 1990 жылы 3,5 мың км³ тұщы су пайдаланылса, 2010 жылға қарай бұл көрсеткіш

6 мың км³-ден асып түсуге тиіс. Оның үстіне, тұщы су негізінен ауыл шаруашылығына жұмсалады, мұнда судың қайтадан айналымға қосылмайтын шығыны өте көп. Өзен суының қоры өзгеріссіз қолып отырған жағдайда оны пайдаланудың бұлайша өсуі тұщы судың жетіспеуі қаупін төндіреді. Алайда Жер бетінде тұщы су қоры мейлінше әркелкі таралған. Экваторлық белдеуде және қоңыржай белдеудің солтүстік бөлігінде тұщы су қоры жеткілікті, тіпті артық деуге болады. Мұнда ең су қоры көп елдер орналасқан, олардағы су қоры жан басына шаққанда жылына 25 мың м³-ден асады. Құрлық аумағының 1/3-іне жуығын қамтитын Жердің құрғақшылық белдеуінде су тапшылығы ерекше сезіледі. Мұнда ең су қоры аз елдер орналасқан, олардағы су қоры жан басына есептегенде жылына 5 мың м³-ге жетпейді, ал ауыл шаруашылығын қолдан суаратын жағдайда ғана жүргізуге болады.

Адамзаттың су проблемасын шешудің, бірнеше жолдары бар. Олардың ең бастысы – өндіріс процестерінің суды қажетсінуін азайтып, оның ысырап болуына тосқауыл қою. Су ағынын реттеп отыратын бөген салудың зор маңызы бар [7].

Қоғам дамуының сатысы жоғарлаған сайын, әлем шаршауашылығында ресурстардың қолданылуы соғұрлым артып келе жатыр. Олар табиғат, еңбек және экономикалық ресурстар. Біздің ғаламшарымыздың ең басты байлығы ол – жерде өмір сүрушілер. Бірақ, еңбек және экономикалық ресурстардың көлемі олардың толықтырылуы мен басқарылу дәрежесі адамдармен қадағаланатын болса, табиғат ресурстары – бұл, адамзатқа берілген сый, және қоғам дамуының басты факторы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әлімбетов Қ.Ә., Оспанова Г.С., Мейірбеков А.Қ. *Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері.* – Алматы, 2000. – 19 б.
- 2 Үргішев Е.М., Мұқахұлы С. *Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау.* – Семей, 2006. – 37 б.
- 3 Маскаленко А.П., Гутенев В.В., Маскаленко С.А., Денисов В.В. *Экономика природопользования и ресурсосбережения.* – М., 2014. – 71 б.
- 4 Хаустова А.П. *Природопользование, охрана окружающей среды и экономика.* – М., 2006. – 49 б.
- 5 Оралова А.Т. *Природопользование.* – Қарағанды, 2004. – 61 б.
- 6 Тонкопий М.С., Стамкулова К.У. *Экономика природопользования.* – Алматы, 2015. – 73 б.
- 7 Мамыров Н.К., Тонкопий М.С., Упушев Е.М. *Экономика природопользования.* – Алматы, 2003. – 103 б.

ӘОЖ 581.552.6

Г.Н. Нұрғали¹, Қ.Л. Мұсаев¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН ФЛОРАСЫНДАҒЫ КӨКНӘР ТУЫСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІНЕ БИОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Көкнәр тұқымдасына - Papaveraceae Juss. жататын, көкнәр туысы – Papaver L. өте ежелгі өсімдіктер қатарына жатады. Олардың тұқымы тіпті алғашқы қауым адамдарының тұрағын қазған кезде табылған. Қазақстан территориясында көкнәрдің 11- түрі өседі. Олар Республикамыздың барлық аймақтарында, көп жағыдайда далалы, шөлейтті және таулы жерлерде де кездеседі.

Мақалада Қазақстанда өсетін көкнәр туысының сипаттама беріліп, олардың ерекшеліктеріне тоқталған. Сол сияқты еліміздегі және әлемдегі өсу аймақтары, географиялық таралуы келтірілген. Олардың халық шаруашылығында халықтық, ресми медицинада, тамақ өнеркәсібінде пайдаланатыны және құрамынан алынатын биологиялық белсенді заттарға тоқталған. Қазақстан аймағында өсетін эндемді және Қызыл кітапқа енген өсімдік түрі айтылған. Қазіргі кезде бұл өсімдік түрлеріне тек қана Қазақстан емес, басқа да шет мемлекеттердің сұранысына ие екендігі көрсетілген.

Түйін сөздер: ресми медицина, халықтық медицина, Қызыл кітап, алкалоид, флавоноид, гүл, тостағанша, күлте, аталық, аналық, жеміс, эндемик, морфин, апиин.

Нурғали Г.Н.¹, Мусаев Қ.Л.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

БИОМОРФОЛОГИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ И ЗНАЧИМОСТЬ СЕМЕЙСТВА МАКОВЫЕ (РОД МАК-PAPAVER L.) ВО ФЛОРЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Мак - Papaver L. – относится одним из древних видов из семейства маковых – Papaveraceae Juss. На территории Казахстана произрастает 11- видов мака. Они распространены во всех регионах, в основном как в степных так и в пустынных и в горных регионах.

В статье описываются особенности и биоморфологические характеристики и содержание в них биологических активных веществ. А также, использование в народной и официальной медицине, пищевой промышленности и их значение в народном хозяйстве. Описываются эндемичные и виды занесенные в Красную книгу Казахстана. В настоящее время эти виды растений востребованы не только в Казахстане, но и в других странах мира.

Ключевые слова: официальная медицина, народная медицина, Красная книга, алколоид, флавоноид, цветок, чашелистик, венчик, андроцей, гиницей, плод, эндемик, морфин, мак.

G.N. Nurgali¹, K.L. Musaev¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

BIOMORPHOLOGICAL DESCRIPTION AND ITS IMPORTANCE OF PAPAVER L IN KAZAKHSTAN

Abstract

The poppy belongs-Papaveraceae Juss, genus of the poppy-Papaver L. is among the very oldest plants. Their breed was discovered even during excavations of sites of primitive people. On the territory of Kazakhstan grows 11 species of poppy. They are found in all regions of the Republic, largely in the steppe, semi-desert and mountainous regions.

The article describes the characteristics of the poppy spring growing in Kazakhstan, its features. The growth zones in the country and the world are also given. That they are used in national economy in national, official medicine, the food industry and receive biologically active substances from its structure. On the territory of Kazakhstan grows endemic and red book species of plants listed in the Red book. Currently, these types of plants are in demand not only in Kazakhstan but also in other foreign countries of the world.

Keywords: scientific medicine, traditional medicine, Red book, alkaloid, flavonoid, flower, sepals, corolla, androcea, heinica, fruit, endemic, morphine.

Кең байтақ Қазақстанның флорасындағы жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің ішінде пайдалы өсімдіктердің алатын орны ерекше.

Көп жылғы ғылыми мәліметтерге сол сияқты 2014 жылы жарыққа шыққан «Аннотированный список лекарственных растений Казахстана» атты коллективті ғылыми еңбекке сүйенсек, Қазақстанның табиғи флорасының құрамында жоғарғы сатыдағы гүлді өсімдіктердің 1400-ден астамы дәрілік өсімдіктер екені, олар 134 тұқымдасқа жататын 612 туысты қамтитыны берілген. 1406 дәрілік өсімдіктердің ішінен 230 түр ресми медицинада, 312 түр Қытай, Моңғолия, Тибет, Бурят сияқты Орталық және Шығыс Азия елдерінің халықтық медицинасында қолданылады. Ал 92 түр бүгінгі күні еліміздің әр жерлерінде экстракт, қоспалар, тұнбалар түрінде шипагерлік медицинада пайдалануда [3].

Жоғарғыда айтылғандай, Қазақстан жері дертке дауа, жанға шипа дәрілік өсімдіктерге бай. Солардың ішінен халықтық, ресми медицинада пайдаланып жүрген елімізде өсетін шипалы өсімдіктер туысының бірі – көкнәр тұқымдасына Papaveraceae Juss .жататын көкнәр туысының *Papaver L.* өкілдері. Бұл тұқымдастың көптеген түрлері жер шарында молынан таралған [9].

Papaveraceae Juss. тұқымдасының құрамына 450- дей түр кіреді. Әдетте шөптесін өсімдіктер, кішігірім ағаштары мен бұталары да бар. Солтүстік ендіктің тропикалық, субтропикалық және қоңыржай климатты аймақтарында өседі. Жапырақтары кезектесіп кейде топтасып орналасады, әдетте олардың шеттері тілімделген, қосалқы жапырақшалары жоқ болып келеді. Ішінде сүтті шырындар жиналатын қапшық тәрізді клеткаларымен бунақты шайыр жолдары болады. Құрамында әртүрлі алколоидтары бар, әсіресе морфин, кодеин, пантопин және тағы басқада апиыны бар сүтті шырындары болады (қызыл, сары, ақ түсті). Гүлдері қос жынысты, көп жағдайда актиноморфты, сиректеу зигоморфты болып келеді. Тостағаншасы гүлдеудің бастапқы кездерінде-ақ түсіп қалып отыратын 2 тостағанша жапырақшадан, ал күлтесі 4 дұрыс қатпарланбаған күлте жапырақшалардан тұрады, кейде соңғысының саны 12-ге жетеді. Андроцейі көптеген шеңбердің және спиральдің бойымен бос орналасқан. Олардың саны кейде 4-тен немесе 6-12- ден аспайды. Гинецейі ценокарпты, екі немесе бірнеше жеміс жапырақшалардан тұрады. Гүл түйіні жоғарғы, 2- немесе көп ұялы болып келеді, аналықтың ауызы барлық уақытта отырмалы. Гүлдері үлкен, бояуы қанық, біреуден немесе симподиальды гүлі аз болып келетін гүлшоғырларынан тұрады. Жемісі қорапша [5].

Шаруашылықтағы маңызы көбінесе улы немесе дәрілік түрде болса, кейбіреулері сәндік үшін пайдаланады. Ежелгі Египетте көкнәрді арнайы плантацияларда өсіріп, одан ауруды басатын дәрі ретінде қолданылатын ұйқы ішімдігін дайындағаны белгілі. Ал Ежелгі Грецияда бұл гүл түс құдайы Морфей мен ұйқы құдайы Гипносқа арналып, оларды көкнәрдан жасалған гүлшоғымен немесе гүлтәжімен бірге бейнелейтін болған. Қазақстан флорасында көкнәр тұқымдастарының 8 туысы, олардың 44 түрі бар. Олар: Ақшагүл - *Hypocoum* L, сүйелшөп - *Chelidonium* L, мүйізді көкнәр - *Glaucium* Mill, қызылтандай - *Roemeria* Medic, көкнәр - *Papaver* L, айдаршөп - *Corydalis* Vent, көгілдір - *Fumaria* L, және үрме айдаршөп туыстары - *Cysticozydalis* Fedde [6, 7].

Қазақстанда кең таралған аймақтарға Қарқаралы тауларын, Тарбағатайдан Батыс Тянь-Шаньға дейінгі аралықта таудың төменгі белдеулерінде және республиканың шөлді аймақтарында кездесе, әлемде көп бөлігі Шығыс Азия, Солтүстік Американың батыс бөлігі, Австралия және Еуропаның оңтүстігімен орталығында таралған [8].

Papaveraceae Juss. тұқымдасының ішіндегі біздің айрықша тоқталатын ең үлкен туысымыз – көкнәр *Papaver* L. туысы болып табылмақ. Көкнәр – өте ежелгі өсімдік. Оның тұқымы тіпті алғашқы қауым адамдарының тұрағын қазған кезде табылған. Бұл туыс біржылдық, көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Көбінесе жалаңаш немесе түкті тікенекті өсімдіктер. Ақ және сары шырынды болып келеді. Жапырақтары жалпақ. Олар бір реттік, екі реттік, үш реттік бөліктерге бөлінген. Гүлдері ірі, бояуы қанық болып келеді, күлте жапырақшалары қызыл түсті. Аналықтары көп, жіпшелері кеңейген болады. Бұларды жәндіктер тозандандырады, кейде өздігінен тозанданады. Жемісі – қауашақ. КСРО-ның аумағында 52 түрі, ал Қазақстанда 11 түрі далалы, шөлейтті және таулы аудандарында таралған. Олар: Апиын - *P.somniferum* L, тауыс - *P.pavoninum* Shrenk, сеппе - *P. rhoeas* L, жіңішке - *P. tenellum* Tolm, литвинов - *P. litwinovii* Fedde, құм - *P. arenarium* L, жалаңсабақ - *P. nudicaule* L, жирен - *P.croceum* Ldb, тәңіртау - *P. tianschanicum* M.Pop, боз - *P. canescens* A.Tolm, және бозша көкнәрлары - *P. pseudocanescens* M.Pop. [7]. Шаруашылықтағы маңызы сүтті шырындары алколоидтарға бай: морфин, кодеин т.б., ал тұқымдары майлы болып келеді.

Апиын көкнәрі - P.somniferum L. - биіктігі 1 метрге дейін жететін, бір жылдық, шөп тектес өсімдік. Сабағы тік әрі қысқа, жапырақтары ірі, сопақша, ұзындықтары 20-30 см-ге жуық. Сабағынан өсіп шыққан жапырақтары отырмалы, жұмыртқа тәрізді, шеттері ара тісті, төменгі жағы сабақты айнала қоршап, оған жабыса біткен. Ашылардан бұрын гүл тостағаншасы төмен қарай салбырап тұрады. Оның екі қалақшасы бар, гүл ашылған кезде олар түсіп қалады. Гүл жапырақшалары төртеу. Олардың түсі кейде ақ, кейде ашық қызыл, көк түсті болып келе береді. Гүл жапырақшаларының түп жағында қара дақтары болады. Жемісі піспей тұрған кезде тіліп қарасаңыз, ауада шамалы тұрса кеуіп, қарайып кететін тұқым қабының ішіндегі сүт тәрізді сөлді көресіз. Бұл – апиын деп аталатын улы зат. Апиын көкнәр мәдени өсімдік. Табиғатта жабайы түрінде еш жерде кездеспейді. Оның сүтті сөлін кептіріп, дәрі үшін жинап алады. Апиынның құрамында морфин, кодеин, папаверин, тебаин, наркотин деген алколоидтер, каучук, қоймалжың заттар бар. Оның организмге ететін әсері морфиннің нерв жүйесін тыныштандыратын, жөтел басатын қасиеттеріне байланысты. Папаверин мидың, жүректің қан тамырларын кеңейтеді. Апиын жөтел басатын дәрі ретінде де, асқазан, ішек түйнеп ауырғанда да, іш өткенде де қолданылады [4]. Апиын-көне Грекия да, Египетте дәрі есебінде ерте заманнан белгілі болған. Парсы елдерінде апиынды тек дәрігерлердің көмегімен қолданған. Қытайда апиын туралы медициналық мәлімет 973 жылы жазылған. 1669 жылы ағылшын дәрігері

Томас Сайденгейм апиынның бәйшешекпен қосылған спирттегі ерітіндісін ауруға қолданудың дәл мөлшерін анықтаған. Апиынның белгіленген мөлшері артық болса уландыратынын ескерткен. Өсімдіктің барлық мүшесі улы. Алкалоидтарының ішінен морфинді 1803 жылы иттің тамағына қосып бергенде иттің қатты ұйқыға кетіп, ауырған жерін сезбейтіндігін анықталған. Бұл препаратты Сертюнер ұйқы құдайы Морфиннің есімімен атаған. Морфин негізінен таза күйінде жанға батып ауырған жерді басып тыныштандыруға қолданылады. Көбінесе апиынды халықтық медицинада асқазан қатты түйіп ауырғанда, іші өткенде болар болмас түйірін суға езіп берген. Қарақұрт, жылан және т.б. шаққанда апиынды езіп шаққан жерге жаққан және азғана мөлшерін ішкен [10]. Пайдалы қасиеті бар апиынды бау-бақшаларда, егістіктерде және мәдени өсімдік ретінде Қазақстанның барлық облыстарында өсірілсе, жалпы таралуы Евразия аумағы болып саналады.

Тоты көкнәр – P. pavoninum Shrenk. – Қазақстанда кездесетін он бір түрдің ішіндегі ең кең тарағаны, таудың төменгі белдеулерінде Тарбағатайдан Батыс Тянь-Шаньға дейінгі аралықта және Республиканың шөлді аймақтарында кездеседі. Ол сазды және құмды шөлдерде, тастақты және қиыршық тасты жерлерде аласа таулардың беткейлерінде өседі. Оңтүстік облыстарға тән саз балшықтан құйған дуалдарда өседі. Ал дүниежүзі бойынша көбінесе Орталық Азия, Иран, Батыс Қытайда таралған болып саналады. Біржылдық өсімдік. Көктемде гүлдейтін, көлемі мен қаулай өсуі көктем мезгіліндегі ауа-райына тығыз байланысты. Жаңбыр көп болған жылдары көкнәр қаптап кетеді, сабағының биіктігі 70 см-ге жетеді. Бұтағы көбейіп, гүлдеу мерзімі 1 айға созылады. Мұндай жылдары гүлдеген көкнәр үздіксіз бірнеше километрге дейін таралады [5]. Шөлдерде, тау арасындағы аңғарларда табиғатқа сән беріп тұрады. Алыстан қарағанда үлкен ашық қызыл түсті төсенішпен бүкіл алқапты жауып қойғандай көрінеді, құрғақшылық жылдары көкнәр өте аз және гүлдеу мезгілі қысқа болады, бұтақтанбайды. Бір немесе бірнеше гүл салады. Ауа-райы қолайсыз жылдары өте аласа, биіктігі бар болғаны 2-3 см, гүл мөлшері өзгермейді. Бұл түрдің сабағын қатты түк басқан, жапырағы қауырсын тәрізді бөлек сегменттерге бөлінген, тістері тарамдалған ұшында қылтанағы бар, желек саны төртеу. Бүршік кезінде олар бозғылт күлгін, жұмырлана тығыздалған. Ертеңгілік уақытта гүл ашады, екі тостағанша жапырақшасы түсіп қалады, желектер бойларын түзейді. Олар ашық қызыл түсті, желектерінің түп жағы қою сия көк дақты анық кара жолақпен көмкерілген. Ашылған гүлдері үлкен (диаметрі 6 см-ге дейін), аталықтарының саны көп, өте жұқа, күнгірт жіпшелер және ұсақ тозаңқаптар көкшіл түсті [10]. Көкнәр жәндіктермен тозаңданады, оларды гүлдердің ашық түсі және ашылған тозаңқаптардан желектерге себіліп қалатын көкшіл тозаңдардың көптігі тартады. Пісіп жетілген жемістің пішіні сопақ, қабырғалы, жоғары жағы дөңгелек (диск) тісті, ұшын өте қатты қылтанақтар басқан. Көбінесе бұл өсімдік улы болып келеді, эсер етуші құрамы сүтті шырынында алкалоидтар флавоноид, антоциан сақталған. Дәрі ретінде жүр үсті бөлігін пайдаланады. Халық медицинасында алатын орны ерекше. Оны әдетте фармакокология саласында нерв жүйесін тыныштандыруға, жүректің соғысын реттеуге және микробтарды жоюда пайдаланады.

Септе көкнәр – P. rhoeas L. көктемде шөлді аймақтарда, тау етектерінде қалың болып жайқалып өседі. Гүлдеген кездерінде ерекше көрік беретін, егістіктің біржылдық арамшөбі. Бойының ұзындығы 90 см-ге дейін, тікенекті тармақталған өсімдік. Жапырақтары бөліктерге бөлінген, ірі, жоғарғы жағы отырмалы, төменгі жағы үшкір, ірі тісті және тікенектермен аяқталады. Гүлдері ірі жеке орналасады; жапырақшалары дөңгелектелген; ені 7 см-ге дейін, қызыл немесе қызғылт түсті. Гүл жапырақшаларының түп жағында ерекше ірі кара дақтарымен кейде дақтарсыз болады және олар бір-бірімен қиылысады. Қауашағы жалаң, жазық дискті, мембранасыз [11]. Көбінесе бақшада кей жағдайда жабайы табиғатта өседі. Әлемде Батыс Сібір, Батыс Европа, Иран, Кавказ жерлерінде көптеп кездеседі. Негізінен олардың ақ, кара, қызыл жапырақшаларын сәндік мақсатта бау-бақшаларда өсіреді. Сонымен қоса кептірілген жапырақшаларының бойында редин, морфин алкалоидтары болады, оны жанға батып ауырған жерді тыныштандырудың тиімді құралы ретінде пайдаланады. Жапырақшаларында пигмент антоцианидин сақталады, оны жиі шәрбәт түсін өзгерту үшін қолданады [4].

Жіңішке көкнәр – P. tenellum A. Tolm. – көкнәрлер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Орталық Қазақстанның ұсақ шоқыларының шығыс бөлігінде, Қарқаралы тауларында, Кент және Қызыларай шоқыларында тасты, жартасты беткейлерінде, шалғынды жерлерде, көлеңкелі сайларда кездеседі. Әсіресе Алтайда өсетін түрлері ашық түсті, гүлдері ірі келеді. Биіктігі 30 см-дей, тықыр кейде сыртын ақ түк жауып жатады. Жапырақтары сағақты, гүлсидамынан 2-3 есе қысқа. Гүлсидамы жіңішке, түзу. Гүлшанағы домалақ, сирек қылтанды келеді. Гүлдері ақ немесе сары түсті.

Тұқымынан көбейеді. Маусым-шілде айларында гүлдеп, шілде-тамызда жеміс салады. Жемісі – домалақ қорапша [8]. Жіңішке көкнәр – өте сирек кездесетін эндемик түр, жылдан-жылға таралу аймағы тарылуда, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген [10].

Литвинов көкнәрі – *P. litwinovii Fedde.* – биіктігі 10-50 см. Сабағы иілмелі, ұзындығына қарай қалың емес түктер басқан немесе кейде тықыр болып келеді. Төменгі жапырақшалары негізіне қарай жіңішкерген, ұзындығы 10-12 мм. Жапырақтары ерте түсетін, ұзындығы 15-30 мм болып келетін дөңгелек пішінді. Жапырақтарының жоғарғы жағындағы тісшелері әр түрлі болса, төменгі бөлігіде дәл солай орналасқан. Гүлдері қызғылт немесе қызғылт қызыл жалтыраған ақ түсті. Гүл жапырақшаларының түп жағында қара дақтары болады, кейде сирек кездесетінінде бір түсті ақ болып келеді. Жемісі – жұмыртқа пішінді қорапша. Тасты және қиыршық беткейлерде, құрғақ арналарда және сортаңдалған тау жыныстарында кездеседі. Еліміздің Зайсан, Жоңғар Алатауы, Шу-Іле өзендерінің аңғарларында таралған. Ал шет елдерде көптеп Орталық Азияда Иран, Ауғанстан таулы беткейлерінде кездеседі.

Құм көкнәрі – *P. arenarium L.* – биіктігі 40-50 см, тармақталған, қысқа жасыл өсімдіктер. Жапырақтары еніне дейін екі есе ширатылған, түтікті тілімдерге бөлінген. Гүл сабақтары ұзын, жіңішке, сирек түктер басқан. Гүлдері ірі, жапырақшаларының ұзындығы 4см, ашық қызыл түсті көп бөлігін негізінен дөңгелектенген қара дақтары болады. Жемісі куб тәрізді қорапша. Жапырақшалары тісшелі және 7-9 сәулелі. Көбінесе балшықта, сазды беткейлерде, таулы және құмды, шөлді жерлерде таралған және Солтүстік Иран, Кавказ және Еуропа бөліктерінде көбірек кездеседі.

Жалаңсабақ көкнәр – *P. nudicaule L.* – көпжылдық шөптекті өсімдік. Жапырағы жай қылтанды жасыл немесе күлгін түсті, үшкір және сызықты тісті тілімдерге бөлінген. Гүл сабағы басылған алыс тікенекті, тік және мықты биіктігі 50 см-ге дейін болады. Қорапшасын ақ немесе қызылдау тікенектер басып жатады, дискісі 4-6 сәулелі, терең шоқты. Жапырақшалары күлгін сары немесе сары ірілеу ұзын. Таралуы еліміздің таулы беткейлерінде, таулы жоталарда, құмды мекендерде, субальпілі және альпілі тау белдеулерінде жиі кездеседі. Олардың қатарына Алтай мен Тарбағатайда таулы бөліктерін жатқызсақ болады. Негізінен Батыс және Шығыс Сібір немесе Монғолияда жиі өсіріледі. Сонымен қоса оның сүтті шырынының құрамында флавоноид, цианогендік қосылысты заттар антоцианд және алкалоидтар бар. Дәрі алу мақсатында жер үсті бөліктерін пайдаланады. Медицинада жараларды емдеуде, ұйықтататын дәрілер алуда, анестезиялық және ыстықты түсіретін дәрі ретінде пайдаланады. Біздің халық медицинамызбен қоса шығыс медицинасында алатын орны ерекше [3]. Еліміздің таулы беткейлерінде, таулы жоталарда, құмды мекендерде, субальпілі және альпілі тау белдеулерінде жиі кездеседі. Олардың қатарына Алтай мен Тарбағатайда таулы бөліктерін жатқызсақ болады. Негізінен Батыс және Шығыс Сібір немесе Монғолияда жиі өсіріледі.

Жирен көкнәр – *P. croceum Lhdb.* – биіктігі 20-70 см сұр және сары түсті тікенекті, тықыр болып келеді. Жапырақтары ұзын, тікенекті, түкті және тықыр сонымен қоса 3-5 бөліктерге тілімделген. Пішіні ұзын жұмыртқа тәрізді, кейде тұтас жалпақ күрек тәрізді. Сабағы ұзын 50 см-ге дейін, жабыны ақшыл түсті, ал жоғарғы бөлігі қызғылт түсті түктермен жабылған. Шанағы ірі 50 мм-ге шейін жетеді. Гүлсерігі ірі, диаметрі 4-6 см. Жапырақшалары күлгін, жирен түсті. Аталық жіпшесі қою жасыл, ұзындығымен бекіген. Жемісі қорапша сирек түкті болып келеді. Маусым-тамыз айларында гүлдейді. Көбінесе біз оны далалы және құрғақ шалғындықтарда, сортаң жерлерде, биік емес тау шыңдарында кездестіре аламыз. Еліміздің Зайсан, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы, Қаратау т.б. бөліктерінде таралған. Әлемде Орта Азияда, Батыс және Шығыс Сібірде, Индияда, Монғолияда өсіріледі. Бұл өсімдік негізінен өте улы, алайда дәрілікте қасиеті бар. Оның сүтті шырынында морфин және папаверин алкалоидтары бар. Бұлардың көмегімен адам ағзасына пайдасын тигізетін дәрі-дәрмек алуымызға болады [4].

Тәңіртау көкнәр – *P. tianschanicum M.Pop.* биіктігі 5-20 см. Жапырақтары ұсақ, жай бөліктерге бөлінген жұмыртқа тәрізді, сүйірленген тістері бар. Сабағының ұзындығы 5-15 см, жіңішке, бүгілмелі, жабыны сарғыш түктерімен жабылған. Шанағы 10 мм, домалақ әрі сопақша, қалың үлпілдек қоңыр тікенекті болып келеді. Күлтесінің диаметрі 3-4 см, сонымен қоса жапырақшалары ерте түсіп қалады. Жапырақтары күлгін және негізгі бөлігінде қара немесе қою жасыл түсті дақтары болады. Қорапшасы 10 мм-ге дейін, сырты ақшыл немесе сарғыш тікенектермен қапталған. Көп бөлігі Алтай, Тарбағатай тау жоталарында, Жоңғар Алатауының бөктерінде, Қырғыз Алатауында жиі кездеседі [5].

Боз көкнәр – *P. canescens A.Tolm* – сұр түсті өсімдік, ұсақ қабатты, жапырақтарының ұзындығы 5 см-ге дейін жетеді. Жіңішке сағақты, ұзындығы бірдей қалқаншаларға бөлінген. Жапырақ ала-

қанының шектері 2-3 бөлікке бөлінген тісті болып келеді. Сабағы 5-10 см-ге шейін жететін мықты, кейде иілгіш болса, сыртқы бөлігін күлгін тікенек қаптап жатады. Шанағы домалақ ұзындығы 10 мм құраса, сонымен қоса қалың қою сұр түсті түктер жауып тұрады. Күлте жапырақтары сары, диаметрі 3 см-ді құрайды және жапырақшалары ерте түсіп қалады. Жемісі яғни қорапшасы өте кең алайда үлкен емес, ақшыл тікенектермен қапталған. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Еліміздің Тарбағатай өңірлерінде, таулы бөліктерде, альпілі жазықтықтарда жиі таралған. Жалпы таралуы бойынша эндемик болып табылады.

Бозша көкнәр – P. pseudocanescens M. Pop. – жасыл жапырақты, мүк тәрізді тікенекті. Сонымен қоса бір-біріне жақын орналасқан қауырсындары кең, тұйық болып келеді. Сабағының биіктігі 10-15 см, сарғыш түсті жабынымен жабылған және жоғарғы бөлігі сұр тікенекті. Шанағы қалың қара түкті. Күлте жапырақшалары ірі, диаметрі 5 см-ді құрайтын ақшыл, сары түсті болып келеді. Қорапшасы кері жұмыртқа тәрізді, ақшыл тікенектермен жабылған. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Еліміздің Алтай таулы аймақтарында жиі таралған. Негізінен Батыс және Шығыс Сібірде, Моңғолияда көптеп өсіріледі. Бозша көкнәрдің бұл түрі боз көкнәрға жақындау болып келеді. Алайда гүлдерінің ірі болып келуі, сабағының жоғарғы жағының қою сұр түстілігі, үлпілдекті жапырақтарының болуымен ерекшеленеді.

Қорытындылай келгенде жалпы көкнәр қай сала болмасын медицинада, өнеркәсіпте және халық емшілігінде де маңызды рөл атқарады. Сонымен қоса бұл өсімдік құрамында папаверин, морфин, кадеин, апиын деп аталатын алколоидтар болады. Тұқым шашар алдында осы алколоидтар оның қалпақшасына жиналады, ал тұқымының құрамында алколоидтар болмайды. Сондықтан да, көкнәрдің тұқымы тамақ, өнер кәсібінде жиі қолданылады. Мал дәрігерлігі практикасында бұл өсімдіктің шикізаты тікелей қолданылмайды. Бірақ одан арнайы орындарда дайындалған дәрілер емдік мақсатта жиі пайдаланады. Көкнәрдың павлиндік түрін жаңадан өсіп келе жатқанда барлық мал түлігі жей береді. Бірақ оны көп жеп қойған мал уланады, яғни оларды артық мөлшерде қабылдау өте улы болып келеді. Көкнәрді медицинада қатерлі ісік ауруларына, асқазан ауырғанда, өт жолы ауруларында өте көп қолданады. Дәрілік өсімдік ретінде 500-ден астам медициналық дәрілерге қосады. Соның ішінде халық медицинасында апиын- көкнәрдің гүлі мен тұқымы да іске асады. Оның тұқымын майдалап суға салса, сүтке ұқсас сұйық ақ зат пайда болады. Мұны халық арасында апиын сүті деп атайды. Осы сүтті күніне жарты стаканнан 3-4 рет ішеді. Ол өкпе қабынуын, геморройды емдеуге пайдалы. Апиын гүлдерінің кептірілгенінен жасалған тұнбаны асқазан қабынғанда ішеді, ал оның спиртті тұнбасын ұйқы бұзылғанда, адам ой еңбегінен шаршағанда пайдаланады.

Халық медицинасында пайдаланып жүрген шөптердің бәрі бірдей медициналық тұрғыдан өз бағасын алған жоқ, ал ондай шөп қолында барлар көбіне оны қате пайдаланады. Бұл дегеніміз халық арасында көкнәр туысы туралы ақпараттың аздығы, болған жағдайда да қазақша мәліметтердің жеткіліксіздігі. Сондықтанда өлкеміздігі дәрілік шөптер туралы толық қазақша мәліметтер бере отырып, оны көбірек насихаттауымыз керек. Көкнәрдің әлемдік деңгейде көбірек таралуына себеп болған жайт ол СПИД және альцгеймер ауруының емі бола алатындығы. Осыған байланысты бұл өсімдікті көптеген елдер молынан өсіруге бет алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Павлов Н.В. *Растительное сырье Казахстана*. – М.-Л., 1947. – 552 с.
- 2 Кукенов М.К. *Ботаническое ресурсосведение*. – Алматы, 1999. – 160 с.
- 3 Грудзинская Л.М., Гемеджиева Н.Г. *Список лекарственных растений Казахстана*. – Алматы, 2012. – 105-106 с.
- 4 Искендіров Ә. *Қазақстанның дәрілік өсімдіктері*. – Алматы: “Қазақстан”, 1982. – 14-15 б.
- 5 *Флора Казахстана*. – *Алма-Ата*, 1961. – Т.4. – С.151-158.
- 6 Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. *Қазақстан өсімдіктері*. – *Алма-Ата*, 1977. – 97-98 б.
- 7 Аралбай Н.К., Қуатбаев А.Т. т.б. *Қазақстан өсімдіктерінің заманауи номенклатурасы*. – Алматы, 2017. – Б.28-31.
- 8 Попов М.Г. Род 556. *Мак-Paraver* // *Флора СССР. В 30-ти томах / Главный редактор акад. В.Л. Комаров; Издательство Академии Наук СССР, 1937. – Т. VII. – С.630-631. – 792 + XXVI с.*
- 9 Хажымұратов М. *Қазақстанда кездесетін улы өсімдіктер*. – Алматы: Қайнар баспасы, 1972. – 112-113 бб.
- 10 *Красная книга Казахской ССР. Часть 2. Растения*. – *Алма-Ата*, 1981. – 331 с.
- 11 *Paraver rhoeas L. – мак-самодейка* - www.officinalis-plants.com/papaver-rhoeas.html

Қ.Ы. Шалабаев¹, С.А. Есентұрова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ІЛЕ АЛАТАУЫНЫҢ КІШІ АЛМАТЫ ШАТҚАЛЫ ФЛОРАСЫНЫҢ АЛУАНТҮРЛІГІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ

Аңдатпа

Табиғи флораның нәсілдік қорын, алуан түрлілігін сақтау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының жекелеген аудандардың өсімдіктер жамылғысын және флорасын зерттеу мәселесі туындайды. Іле Алатауының флорасы біршама зерттелгенімен, антропогендік әсерлері басым территориялардың өсімдіктер жамылғысымен флорасына мониторинг жүргізіп тұру өте маңызды мәселелердің бірі.

Кіші Алматы шатқалының өсімдіктер жамылғысы мен флорасы жайлы толық біртұтас ғылыми мәліметтер жеткіліксіз. Кіші Алматы шатқалында оның өсімдіктер жамылғысында, флорасының құрамында қалаға жақын болғандықтан адамдар жиі барып өсімдіктерді жинау әсіресе дәрілік тағы басқа да пайдалы өсімдіктерді қолдануына байланысты кейбір өсімдік түрлерінің жойылып кетуіне немесе олардың азаюына қатер төніп тұр. Шатқалда ерекше ғылыми маңызы бар, эндемикалық және сирек кездесетін өсімдік түрлері бар. Сондықтан сирек кездесетін және эндемиктердің азайып, жойылып кету қаупі төнген өсімдіктерді анықтап, саралап, олардың (ареалын) анықтап, бүгінгі жайын білуде, зерттеліп отырған аймақтың флорасына талдау жасаудың маңызы үлкен.

Кіші Алматы шатқалы Қазақстандағы үлкен мегаполис Алматы қаласына жақын орналасуына байланысты шатқалдың өсімдік жамылғысына әсері өте зор болғанымен, флорасы салыстырмалы түрде биологиялық көптүрлілігімен ерекшеленеді. Ғылыми мекемелер мен арнайы ботаникалық зерттеулердің, ғылыми әдебиеттердің негізінде белгілі болғандай. Кіші Алматы шатқалының флорасының негізгі систематикалық топтарының арақатынасы төменде көрсетілгендей. Гүлді өсімдіктердің тұқымдастары 470 түрді немесе жалпы флора өсімдіктерінің 97,7% құрайды. Жабық тұқымды өсімдіктердің қос жарнақтылар класына 379 түр немесе 78,9 % дара жарнақтылар класы 91 түр немесе 18,9% құрайды, шаңжапырақ тәрізділерге 3 түр немесе 0,6% қырықбуындылар тәрізділерге 1 түр немесе 0,2% жатады. Кіші Алматы шатқалының территориясында Іле Алатауының барлық негізгі тұқымдастары кездеседі. Туыстар және түрлер саны жағынан Кіші Алматы шатқалының флорасы Солтүстік Тянь-Шянь таулары жүйесінің флоралық құрамынан аз болып келеді.

Түйін сөздер: флора, таксондар, фанерофит, хамефит, гемикриптофит, петрофитті, литофилді, инвентаризация, мониторинг, ретроспективті.

Шалабаев Қ.Ы.¹, Есентұрова С.А.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

АНАЛИЗ РАЗНООБРАЗИЯ ФЛОРЫ МАЛОГО АЛМАТИНСКОГО УЩЕЛЬЯ ЗАИЛИЙСКОГО АЛАТАУ

Аннотация

Сохранение генетического фонда естественной флоры и биоразнообразия видового состава является актуальной проблемой сегодняшнего дня. Для решения этой проблемы возникает необходимость исследования растительного покрова отдельных районов, регионов Республики Казахстан. Одной из малоизученных территорий является Заилийский Алатау, в том числе, малого Алматинское ущелье для которого влияние антропогенного воздействия усиливается из года в год, в связи с этим встает вопрос о проведении мониторинга растительного покрова и флоры. По

растительному покрову и флоре малого Алматинского ущелья нет достаточно полноценных и единых научных сведений.

В связи с близкой расположенностью малого Алматинского ущелья к городу и частым сбором растений жителями, особенно, лекарственных и других полезных растений, возникает опасность сокращения и исчезновения некоторых видов растений. Поэтому выявление ареалов и распространение редких и эндемичных растений, а также анализ флоры изученного региона имеет большое значение.

Несмотря на большое влияние на растительный покров малого Алматинского ущелья близкой расположенности крупного мегаполиса Алматы, флористический состав характеризуется сравнительно большим биологическим разнообразием. По данным научных учреждений и специальных ботанических исследований, по научным литературным источникам соотношение основных систематических групп флоры малого Алматинского ущелья выглядит следующим образом. Семейства цветковых растений составляет 470 видов или 97,7% от общей флоры ущелья. Из покрытосеменных растений к двудольным относятся 379 видов или 78,9%, однодольным 91 видов или 18,9%, папоротниковидные 3 видов или 0,6%, хвощевидные 1 вид или 0,2%. На территории малого Алматинского ущелья Заилийского Алатау встречаются все основные семейства. По числу родов и видов флора малого Алматинского ущелья меньше, чем флоры горной системы Северного Тянь-Шаня.

Ключевые слова: флора, таксоны, фанерофит, хамефит, гемикриптофит, петрофильные, литофильные, инвентаризация, мониторинг, ретроспективный.

K.Y. Shalabaev¹, S.A. Yessenturova¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ANALYSIS OF THE FLORA DIVERSITY OF THE SMALL ALMATY GORGE OF THE TRANS-ILI ALATAU

Abstract

The preservation of the genetic Fund of natural flora and biodiversity of species composition is an urgent problem today. To solve this problem it is necessary to study the vegetation cover certain areas, regions of the Republic of Kazakhstan. One of the little-studied areas is the TRANS-ili Alatau, including the Maloalmatinsky gorge for which the impact of anthropogenic impact is increasing from year to year, in this regard, the question arises of monitoring of vegetation and flora. On the vegetation and flora of the Little Almaty gorge there are not enough complete and unified scientific information.

Due to the proximity of the Little Almaty gorge to the city and the private collection of plants by residents, especially medicinal and other useful plants, there is a danger of reduction and disappearance of some plant species.

Therefore, the identification of habitats and distribution of rare and endemic plants, as well as the analysis of the flora of the studied region is of great importance. Despite the large impact on vegetation Little Almaty Gorge closely spaced large city of Almaty, floristic composition is characterized by a relatively high biological diversity. According to scientific institutions and special Botanical studies, according to scientific literature, the ratio of the main systematic groups of flora of Little Almaty gorge is as follows. Family of flowering plants account for 470 species, or 97,7% of the total flora of the gorge. Of angiosperms to bipartite include 379 species, or 78,9%, 91 monocotyledonous species, or 18,9%, 3 species of fern, or 0,6%, 1 kind or class of the Horsetail 0,2%.

On the territory of the Little Almaty gorge of the TRANS-ili Alatau there are all major families. The number of genera and species of flora of The Almaty gorge is less than the flora of the mountain system of the Northern Tien Shan.

Keywords: petrofite, lithophytic, inventory, monitoring, retrospective, flora, taxa, fanerofit, hamefit, gemikriptofit.

Табиғи территорияларда ғылыми зерттеу жұмыстарының басты бағыты кешенді бақылау (мониторинг) болып табылады, мониторинг В.Д. Утехиннің [1] жіктелімі бойынша 4 бақылау тобына

бөлінеді: инвентаризациялау (түгелдеу), ретроспективті (өткенді шолатын), режимді (тәртіпті) және әдістемелік. Осы аталғандардың ішінде ең өзектесі түгелдеу және тәртіпті зерттеу болып саналады [2].

Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуы бағдарламасының негізгі бір саласы болып қоршаған ортаны қорғау, табиғат қорларын тиімді пайдалану және оны зерттеу мәселесі қойылған. Сондықтан табиғи флораның нәсілдік қорын, алуан түрлілігін сақтау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселелерді шешу үшін Қазақстанның жекелеген территорияларының өсімдіктер жамылғысын және флорасын зерттеу қажеттігі туындайды. Іле Алатауының флорасы біршама зерттелгенімен, антропогендік әсерлері басым территориялардың флоралық құрамына мониторинг жүргізіп тұруды қажет етеді.

Кіші Алматы шатқалының флорасында Республиканың ең үлкен мегаполисі Алматы қаласына жақын орналасқандықтан адамдар жиі барып өсімдіктерді жинау әсіресе дәрілік тағы басқа да, пайдалы өсімдіктер түрлерін қолдануына байланысты кейбір өсімдік түрлерінің және ерекше ғылыми маңызы бар эндемикалық түрлердің жойылып кетуіне немесе олардың азаюына қатер төніп тұр.

Ботаник Иващенко А.А. [3, 4] мәліметі бойынша Іле-Алатауының әсем ландшафтары қорғау өсімдік жамылғысымен жануарлар әлемін сақтау туризмді дамыту сатысында 1996 жылы құрылған Іле-Алатауы ұлттық саябағына 20 жыл толғанымен аталған территорияның флорасына инвентаризациялау (түгелдеу) жұмысы әлі толық аяқталған жоқ. Сондықтан Іле-Алатау ұлттық саябақ территориясына жататын Қазақстан Республикасының ең ірі мегаполисі Алматы қаласына жақын орналасқан Түрген, Медеу, Кіші және Үлкен Алматы, Ақсай шатқалдарының флорасына зерттеу жүргізіп тұру өзекті мәселе болып саналады [5].

Кіші Алматы шатқалы қалаға жақын орналасқанымен флорасы салыстырмалы түрде биологиялық көптүрлілігімен ерекшеленеді [6, 7]. Ғылыми мекемелер мен арнайы ботаникалық зерттеудің және ғылыми әдебиеттердің негізінде белгілі болғандай Кіші Алматы шатқалының флорасының негізгі жүйелік топтарының арақатынасы 1-кестеде көрсетілгендей.

Кесте-1. Кіші Алматы шатқалы флорасының негізгі жүйелік топтарының арақатынасы

Қс	Таксондар	Тұқымдастар	Туыстар саны	Түрлер саны	Жалпы түрлер санынан, %
1.	Polypodiophyta	2	3	3	0,63
2.	Equisetophyta	1	1	1	0,21
3.	Pinophyta	3	3	7	1,46
4.	Magnoliophyte	55	224	470	97,7
5.	1 class Magnolioplida	48	187	379	78,9
6.	2 class Lilioplida	7	37	91	18,9
Барлығы		61	231	481	100

Кестенің мәліметі бойынша жабықтұқымдастар 470 түрді немесе флорасының жалпы түрлер санының 97,7% құрайды. Жабықтұқымды өсімдіктердің қосжарнақтылар класына 379 түр немесе 78,9%, даражарнақтылар класы 91 түр немесе 19,0% құрайды, шаңжапырақ тәрізділерге (Polypodiophyta) 3 түр немесе 0,63%, қырықбуын тәрізділерге (Equisetophyta) 1 түр немесе 0,2% жатады.

Кіші Алматы шатқалының территориясында ботаник ғалымдардың [8-10] және біздің зерттеулеріміздің мәліметтерінше Іле Алатауынан негізгі тұқымдастарының барлығы кездеседі.

Кіші Алматы шатқалының флоралық спектрі бойынша тұқымдастар, туыстар және түрлер саны жағынан зерттелген аймақтың флорасы Солтүстік Тянь-Шань таулары жүйесінің флоралық құрама жағынан аз болып келеді. Флоралық спектрдің мәліметінше 2 кестеде Кіші Алматы шатқалының ірі тұқымдастары қатарына Asteraceae-Астралылар (78 түр, 16,2%), Poaceae-Қоңырбастар (52 түр, 10,8%), Fabaceae-Бұршақтар (26 түр, 5,4%), Lamiaceae-Тауқалақайлар (25 түр, 5,2%), Brassicaceae-Орамжапырақтар (24 түр, 5,0%), Ranunculaceae-Сағалдақтар, Rosaceae-Раушангүлдер, Scrophulariaceae-Сабынкөктер (23 түр, 4,8%) жатады.

Кесте-2. Кіші Алматы шатқалының флорасының жетекші тұқымдастары

Қ/с	Тұқымдастар	Туыс саны	Түрлер саны	Жалпы түрлер санынан, %
1.	Asteraceae – Астралылар	29	78	16,3
2.	Рoaceae – Қоңырбастар	25	52	16,9
3.	Fabaceae – Бұршақтар	12	26	5,4
4.	Lamiaceae – Тауқалақайлар	14	25	5,2
5.	Brassicaceae – Орамжапырақтар	10	24	5,0
6.	Ranunculaceae – Сарғалдақтар	11	23	4,8
7.	Rosaceae – Раушангүлдер	16	23	4,8
8.	Scrophulariaceae – Сабынкөктер	7	23	4,8

Зерттеліп отырған территориядағы түрлер санынан 57,2% жоғарыда көрсетілген 8 тұқымдастардың үлесіне тиеді.

Орналасуы жағынан голарктикалық тұқымдастардың: Asteraceae – Астралылар, Poaceae – Қоңырбастар, Fabaceae – Бұршақтар, Lamiaceae – Тауқалақайлар, Brassicaceae – Орамжапырақтар басым болуы, Кіші Алматы шатқалының флорасы Н.И.Рубцовтың [11] мәліметіне сәйкес негізінен жергілікті флораның үштік элементтерінен құралған, сондықтан Евразияның матеріктік флорасына жатуы керек. Бірақ ірі (жетекші) тұқымдастардың арасында бореалды тұқымдастар Ranunculaceae – Сарғалдақтар, Rosaceae – Раушангүлділердің кездесуі. Кіші Алматы шатқалы флорасының автохтонды дамуын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар Іле Алатауына мұзды дәуір кезеңінде Алтай және Саяи таулары арқылы кіруі мүмкін бореалды және мезофильді флораға жақын байланысын көрсетеді.

Құрамында 5 және одан көп түрлер саны бар Кіші Алматы шатқалының ең ірі туыстары 3-кестеде келтірілген. Мұндай туыстар Кіші Алматы шатқалында жиырмаға тең.

Ірі туыстардың үлесіне 124 түр (жалпы түрлер санының 25,9%) немесе флора құрамының үштен (төрттен) бір бөлігі жатады.

Кіші Алматы шатқалы флорасының ең ірі туыстарының түрлер санының азаю ретіне қарай, бірақ олардың ботаникалық-географиялық талдануын қозғалмай қысқаша сипаттамасына тоқталамыз.

Кесте-3. Кіші Алматы шатқалы флорасының ірі туыстары

№	Туыстар	Түрлер саны	Жалпы түрлер санынан, %
1.	Carex – Қиякөлең	11	2,3
2.	Veronica – Бөденешөп	9	1,9
3.	Erigeron – Майдажелек	8	1,7
4.	Poa – Қоңырбас	7	1,5
5.	Allium – Жуа	8	1,7
6.	Salix – Тал	7	1,5
7.	Artemisia – Жусан	7	1,5
8.	Saussurea – Соссгорей	6	1,3
9.	Taraxacum – Бақбақ	6	1,3
10.	Tulipa – Қызғалдақ	5	1,0
11.	Ranunculus – Сарғалдақ	5	1,0
12.	Cerastium – Мүйізшөп	5	1,0
13.	Potentilla – Қазтабан	5	1,0
14.	Astragalus – Астрагүл	5	1,0
15.	Viola – Шегіргүл	5	1,0
16.	Gentiana – Көкгүл	5	1,0
17.	Peolicularis – Қандыгүл	5	1,0
18.	Oxytropis – Кеңре	5	1,0
19.	Lonicera – Үшқат	5	1,0
20.	Dracoscephalum – Жалаңбас	5	1,0

Кіші Алматы шатқалы флорасында ең ірі туыс Carex – Қиякөлең (11 түр) болып табылады. Аталған туыс Potentilla – Қазтабан, Ranunculus – Сарғалдақ тағы басқаларынан сан жағынан екі есе артық.

Экологиялық факторлардың жүздеген жылдар бойындағы әсері және бейімделу реакциялары негізінде өсімдіктердің осы флораларға қарым-қатынасы және олардың сырт пішіні немесе тіршілік формасы қалыптасады. Жоғарыда атап өткендей, бірдей жағдайда әртүрлі тұқымдастарға, тіпті кластарға жататын, өзара туыстығы жоқ түрлерде ұқсас тіршілік формалары қалыптасады.

Даниялық ғалым К.Раункиер [12] жылдың қолайсыз мезгілінде, жаңарту бүршіктерінің орналасу және қорғану тәсілдеріне негізделген өсімдіктердің тіршілік формалары классификациясын (жіктелімін) ұсынды.

Раункиер ұсынған өсімдіктердің тіршілік формаларының классификациясы, дүние жүзі елдерінде кең тарап, ғылыми еңбектерге және оқулықтарға енді.

Кіші Алматы шатқалында кездесетін өсімдіктердің тіршілік формаларын К.Раункиердің классификациясы бойынша талдауда бірінші орында көпжылдық шөптесін өсімдіктер – гемикриптофиттер (360 түр немесе 74,8%), олар өте кең қоңырбастар, қиякөлендер, сарғалдақтар, қалампырлар, сельдерейлер, тауқалақайлар және астралылар тұқымдастарында кездеседі (4-кесте).

Екінші орында жылдам даму кезеңі бар (54 түр немесе 11,2%) құрайтын бір жылдық сирек екі жылдық теорофит өсімдіктер. Олар ерекше көп кездесетін тұқымдастар қоңырбастар, айлаулықтар, сабынкөктер және астралылар.

Кесте-4. Кіші Алматы шатқалы флорасының К.Раункиердің тіршілік формасы бойынша бөлінуі

қ/с	Өсімдіктердің тіршілік формалары	Түрлер саны	Жалпы түрлер санынан, %
1	Фанерофиттер	13	2,7
2	Хамефиттер	34	7,1
3	Гемикриптофиттер	360	74,8
4	Криптофиттер	20	4,2
5	Терофиттер	54	11,2
Барлығы		481	100

Үшінші орында (34 түр немесе 7,1%) құрамына жартылай бұташықтар, жартас өсімдіктері, жастықша формалы және төменгі өркендерімен қыстайтын өсімдіктер жататын хамефиттер орналасқан. Хамефиттер талдар, алабұталар, бұршақтар, раушангүлділер, тауқалақайлар және астралылар тұқымдастарында кең таралған, бірақ бұл топтың өсімдіктері даражарнақтылар арасында мүлдем кездеспейді.

Төртінші орында (20 түр немесе 4,2%) криптофиттер. Криптофиттер толығымен жуашықты өсімдіктер арасында, лалагүлділер және жуалар тұқымдастарында кең тараған.

Фанерофиттер немесе үлкен сүректі ағаштар Кіші Алматы шатқалында ең аз кездесетін топ небары (13 түр немесе 2,7%) және олар тек қана қарағайлар, талдар, қайындар, раушангүлділер, жиделер тұқымдастарында кездеседі. Қалған тұқымдастар арасында сүректі ағаш формалары жоқ.

Әдетте өсімдіктердің экологиялық топтарын қоршаған ортаның маңызды форма түзуші факторларының біріне байланысты анықтайды. Кіші Алматы шатқалының көптеген түрлері (154 түр немесе 32,0%) тастақты және шиыршықты жерлерде өсетін петрофильді өсімдіктерге жатады.

Олар даражарнақты, қосжарнақты өсімдіктер арасында басымырақ және қоңырбастар, лалагүлдер, алабұталар, қалампырлар, орамжапырақтар, раушангүлділер, бұршақтар, тауқалақайлар, сабынкөктер және астралылар тұқымдастарында көптеп кездеседі.

Екінші орында түрлер саны жағынан (82 түр немесе 17,0%) далалы жерлерде өсетін өсімдіктер. Бұларда даражарнақты, қосжарнақты өсімдіктер арасында көбірек және қоңырбастар, қалампырлар, орамжапырақтар, бұршақтар, сельдерейлер, тауқалақайлар, астралылар тұқымдастарында кездеседі.

Үшінші орында (62 түр немесе 12,9%) шалғындық жерлердің өсімдіктері. Төртінші орынды иемденетін (48 түр немесе 10,0%) бірге олар Кіші Алматы шатқалында кездесетін барлық өсімдік түрлерінің (220 түр немесе 45,9%) бес бөлігін құрайды. Шалғындық түрлер қоңырбастар, лалагүлдер, сарғалдақтар, раушангүлділер, бұршақтар, тауқалақайлар, сабынкөктер және астралылар тұқымдастарында басымырақ. Кейбір тұқымдастарда шалғындық түрлер жоқ (алабұталар) немесе өте аз кездеседі (қиякөлендер). Орман-шалғынды түрлер көпшілігінде қоңырбастар, раушангүлділер тұқымдастарында жиі кездеседі.

Бесінші орында (40 түр немесе 8,4) батпақты-сулы және батпақты-шалғынды жерлердің өсімдіктері. Аталған өсімдіктер мейлінше ылғалды жерлерде өседі және олар қырық буындар, шыландар, алисмалар тұқымдастарына тән. Батпақты-сулы өсімдік түрлерінде қиякөлендер, елек-шөптәрізділер тұқымдас-тарында кең тараған. Олардың кейбір түрлері қоңырбастар, сарғалдақтар, тауқалақайлар, астралылар тұқымдастарында кездеседі.

Алтыншы орында (50 түрмен немесе 10,3%) негізінен қоңырбастар, алабұталар, орамжапырақтар, айлауықтар және астралылар тұқымдастарында кездесетін рудеральды арам шөпті өсімдіктер орналасқан. Жетінші орында (25 түр немесе 5,2 %) шатқалдың жартастарында, олардың жарықшақтарында өсетін литофильді өсімдіктер. Олар шаңжапырақтылар, орамжапырақтар, айлаулықтар, тауқалақайлар және астралылар тұқымдастарында кең таралған. Сегізінші орында (20 түр немесе 4,1%) орман белдеуінің жоғары шекарасынан төмен түспейтін криофильді өсімдіктер тобы орналасқан.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Кіші Алматы шатқалын Қазақстанда ең ірі мегаполис Алматы қаласына жақын орналасуына байланысты шатқалдың өсімдік жамылғысында антропогендік әсердің үлкен болғанымен флорасы салыстырмалы түрде биологиялық көптүрлілігімен ерекшеленеді.

Зерттеудің және ғылыми әдебиеттердің негізінде белгілі болғандай Кіші Алматы шатқалы флорасының негізгі жүйелік таксондарында жоғары споралы өсімдіктер 4 түр, ашықтұқымдылар 7 түр магнолиялар 470 түр, соның ішінде қосжарнақтылар класы 379 түрді, дара жарнақтылар 91 түрді құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Утехин В.Д. Проект инструкции по организации и осуществлению мониторинга в биосферных заповедниках. – М., 1984 – С.14-32.
- 2 Шалабаев Қ.Ы. Иле-Алатау ұлттық саябағы флорасының зерттелу тарихына қысқаша талдау // “Орта және жоғары мектептерде биологиялық және экологиялық білім берудің өзекті проблемалары: Инновация және тәжірбие” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 14-15 қазан, 2016 ж. – Б.401-403.
- 3 Иващенко А.А. Материалы к флоре Иле-Алатауского национального парка // Терра научный журнал, 2007. №2(3). – С.98-105.
- 4 Иващенко А.А. Редкие виды цветковых растений Иле-Алатауского национального парка // Проблемы обеспечения биологической безопасности Казахстана: Сборник материалов науч. конф., посвященный 80-летию академика И.О. Байтулина. – Алматы, 2008. – С.138-141.
- 5 Шалабаев Қ.Ы., Спан Ә.М. Түрген шатқалының эндемик және сирек өсімдіктерін талдау. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы “Жаратылыстану-география ғылымдары” сериясы. – №3(53). – Алматы, 2017. – Б.75-78.
- 6 Грудзинский М.Е. По долине Малой Алматинки. – Алма-Ата, 1965 – 110 с.
- 7 Нестерова С.Г., Инелова З.А., Ерубеева Г.К., Нұрамхетова А.Р., Сатқадыр К. Разнообразие семейства Fabaceae Lindley Зайлийского Алатау // Вестник КазНУ серия биологическая. №3(65) 2015. – С.41-43.
- 8 Камелин Р.В. Флористический анализ естественной флоры Горной средней Азии. – М.-Л: Наука, 1873. – С.354.
- 9 Кокарева И.И. Растения Джунгарского и Зайлийского Алатау, нуждающихся в охране. – Алматы, 2007. – С.212.
- 10 Кокарева И.И. Анализ угроз редким и эндемичным видам Зайлийского Алатау // Проблемы сохранения горного растительного агробиоразнообразия в Казахстане. – Алматы, 2007. – С.59-61.
- 11 Рубцов Н.И. Флора Северного Тянь-Шаня и ее географические связи // Бот.журнал, 1956. – Т.41, №1. – С.23-42.
- 12 Раункиер К. Жизненные формы растений. – М., 1934. – С.200.

Қ.Ы. Шалабаев¹, Б.Б. Мұстафа¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

КІШІ АЛМАТЫ ӨЗЕНІ АЛЬГОФЛОРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Балдырлар – өсімдіктер дүниесінің ең ерте пайда болған түрі. Балдырлардың көпшілігі суда негізінен теңіз суларын мекендейді. Кіші Алматы өзені альгофлорасын ерекшелігін зерттеп, оны биология сабағында пайдалану өзекті мәселе болып табылады. Мақалада балдыр және Кіші Алматы өзені туралы мағлұмат берілген. Қазіргі кезде оқушыларға әсіресе, өзіміздің Кіші Алматы өзені балдырларының адам өміріндегі маңызымен таныстыра отырып, оларды тиімді пайдалануға баулу, оларды зертханалық жұмысты сауатты орындау дағдыларын қалыптастыру. Зерттеу жұмысында талданып, зерделенген ғылыми және практикалық деректерді жоғары оқу орындарының «биология» мамандықтарының оқу жоспарына енгізілген пәнінің балдырлар тарауын оқытуда пайдалануға болады. Балдырлар тау жыныстарын ыдыратып, топырақ түзуге қатысады. Содан кейін біртіндеп жер бетінде өсімдіктермен қоректенетін, оттегімен тыныс алатын жан-жануарлар пайда болды.

Түйін сөздер: кіші Алматы өзені, альгофлора, биология, зертханалық жұмыс, оқу жоспары, практикалық дерек, тау жыныстары, өсімдік, өттек, жануарлар.

Шалабаев К.Ы.¹, Мұстафа Б.Б.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ИЗУЧЕНИЕ АЛГОФЛОРЫ МАЛОЙ РЕКИ АЛМАТИНКИ

Аннотация

Водоросли являются самыми ранними формами в мире дискриминации. Большинство водорослей живут в основном в морской воде в воде. Актуальным является изучение специфики альгофлоры Малой Алматинки и ее использования на уроках биологии. В статье приводятся сведения о водорослях и Малой Алматинке. В настоящее время студентам предлагается эффективно использовать их, представляя важность малых водорослей в жизни человека и их способность правильно выполнять лабораторные работы. Исследование может быть использовано для изучения изученных и практических данных при изучении раздела водорослей по дисциплине, включенной в учебный план специальности «Биология» Водоросли разрушают камни и участвуют в формировании почвы, затем постепенно животные с кислородно-бактерицидными животными питаются землей. практические данные, камни, растения, кислород, животные.

Ключевые слова: малая река Алматы, альгофлора, биология, лабораторная работа, учебный план.

K.I. Shalabaev¹, B.B. Mustafa¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE STUDY OF ALGAL FLORA OF THE SMALL ALMATY RIVER

Abstract

Algae are the earliest forms in the world of discrimination. Most algae live mainly in seawater in water. It is relevant to study the specifics of the Algotoflora of Small Almaty and its use in biology lessons. The article provides information about algae and Small Almaty River. Currently, students are encouraged to use them

effectively, presenting the importance of Small Almaty River in a person's life and their ability to properly perform laboratory work. The study can be used to study the studied and practical data when studying the section of algae in the discipline included in the curriculum of the specialty "Biology". The algae break up the rocks and participate in the formation of soil. Then, gradually, animals with oxygen-bactericidal animals feed on the earth.

Keywords: small Almaty River, algal flora, biology, laboratory work, curriculum, practical data, rocks, plants, oxygen, animals.

Балдырлар – төменгі сатыдағы су өсімдіктері. Теңіз, көл, өзендерде, ағынсыз суда өседі. Олардың клеткалық құрылымы болмайды, бір клеткалы, колониялы, көп клеткалы түрлері бар. Көп клеткалы өкілдерінің денесін таллом деп атайды. Клетка қабығы гемицеллюлозадан және пектинді заттардан тұрады. Клеткасы негізінен бір ядролы. Цитоплазмасында митохондрия, диктиосома, рибосома, хромотофора сияқты органоидтары және вакуоли (бос қуысы) болады. Балдырлар (Algae) биохимиялық қасиеттеріне және клеткалық құрылымына қарай он екі типке бөлінеді: көкжасыл балдырлар (Cyanophyta), прохлорофитті балдырлар (Prochlorophyta), қызыл балдырлар (Rhodophyta), жалтырауық балдырлар (Chrysophyta), диатомды балдырлар (Diatomeae), криптофитті балдырлар (Cryptophyta), динофитті балдырлар (Dinophyta), қоңыр балдырлар (Phaeophyta), сарыжасыл балдырлар (Xanthophyta), эвгленді балдырлар (Euglenophyta), жасыл балдырлар (Chlorophyta), хара балдырлары (Charophyta). Бұлардың отыз мыңға жуық түрі белгілі, олардың бір мыңнан астам түрі Қазақстанда кездеседі. Клеткасында балдырларға түс беріп тұратын хромотофораларының саны әр түрлі (біреу, екеу, көп) болады. Олардың пішіндері тақта, астау, білезік, дән, лента, жұлдыз тәрізді болып келеді. Балдырлардың көпшілігінің хлорофилі болғандықтан көмірқышқыл газын сіңіріп, фотосинтез процесіне қатысады. Сондай-ақ, дайын органикалық заттарды пайдаланатын паразит түрлері де бар, бірақ бұлардың хлорофилі болмайды. Дарвин ілімі бойынша, тіршілік бір клеткалы организмдерден пайда болған, ал құрлықтағы барлық өсімдіктер балдырлардан шыққан деп есептеледі [1].

Көптеген балдырлар саңырауқұлақтармен симбиозды тіршілік етіп, қыналарды құрайды. Ал, балдырлардың табиғаттағы геохимиялық рөлі кальций мен кремний айналымымен тығыз байланысты. Олардың көптеген түрі ақаба суларды биологиялық жолмен тазартуда және бөгендердің ластануының биоиндикаторы ретінде қолданылады. Теңіз, мұхит жағалауындағы балдырлар – жан-жануарлардың мекені, тіршіліктерінің көзі. Бентосты балдырларға (теңіз, мұхит түбінде тіршілік етеді) қарағанда планктонды балдырлардың (суда қалқып жүретіндер) саны анағұрлым басым, сондықтан олар көптеген организмдердің қорегі болып табылады. Ағынсыз суларда өсетін балдырлар шіріп, сапропельге айналады. Сапропельден смола, бензин, керосин, техникалық майлар, лактар алынады. Балдырлардың қалдығы балшыққа емдік қасиет береді. Қызыл балдырлардан өндірілетін агар тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады, оларды мата бұйымдарының және қағаздың құрамына беріктік беру үшін қосады. Қоңыр балдырлардан алынатын альгин мата тоқуда желім есебінде жасанды талшықтар, пластмасса өндіруде және табиғи тыңайтқыш, малға жем ретінде пайдаланылады, сондай-ақ күлінен калий, натрий тұздары, йод өндіріледі [2].

Балдырларды шаруашылыққа кеңінен пайдаланады. Қоңыр балдырлар мен қызыл балдырларды ертеден-ақ тамаққа, мал азығына пайдаланып келеді. Себебі бұлардың құрамында йод, фосфор, мыс болады. Қытай мен Жапонияда порфира балдырын арнайы табиғи жағдайға жақын ортала өсіріп, көкөніс есебінде тамаққа пайдаланады. Ламинария балдырын теңіз орамжапырағы деген атпен адамның қалқанша безінің жұмысын жақсарту, жемсау ауруынан сақтандыру үшін тамаққа қосады. Теңіз балдырларын өнеркәсіптің көптеген салаларына шикізат есебінде қолданады. Олардан йод, спирт» сірке қышқылы, жасунық, агарагар (ғылыми зертханаларда бактериялар мен саңырауқұлақтарды, балдырларды өсіретін қоректік орта) алынады. Агарагарды тамақ өнеркәсібінде де пайдаланады. Теңізде толқындық әсерінен жағаға шығып қалған балдырлар тыңайтқыш есебінде қолданылады. Оларды келтіреді де, топыраққа араластырады. Әсіресе бау-бақша өсімдіктері мен жүзімнің түсімі артады. Кладофора жасыл балдырларын қағаз өндірісінде пайдаланады [3].

Егістіктен шыққан, құрамында ерітінді күйінде тыңайтқыштары бар сулар және қаладан, елді мекендерден шыққан сулар өзен, көлдерді ластайды. Лас көлдердегі жасыл балдырлар біртіндеп түгел жойылып кетеді де, тек бактериялар, көк-жасыл балдырлар және диатом балдырлары ғана қалады. Олар су жәндіктері мен балықтардың қорегіне жарамайды. Алматы қаласынан шыққан лас сулар жеті тазартқыштан өтіп, Сорбұлақ көліне құяды. Содан соң үш тазартқыштан өтіп, Іле өзенше

қосылады. Адамзаттық алдында тұрған міндет – өндіріс орындарынан шыққан лас сулар мен ауыл шаруашылық егiстiктерiне шашылған химиялық қосылыстардан суды тазарту. Теңіз суында қоңыр және қызыл балдырлар тiршiлiк етедi. Табиғатта қоңыр балдырлардың 1500 түрi бар. Бұлар – ядролы төменгi сатылары өсiмдiктер. Қоңыр балдыр теңiздiң 180-200 м тереңдiгiнде өседi. Олардың ұзындығы 30-50 метрге дейiн жетедi. Қызыл балдырлардың 4 мыңға дейiн түрi белгiлi. Олардың 200-ге жуығы тұщы суқоймалары мен топырақта өседi. Ұзындығы 2 м шамасында болады. Балдырлардың жоғары сатыдағы өсiмдiк тамырына сәйкес ризоиды бар және сабақшасы мен жапырақ тақташасы айқын көрiнедi. Бұлар өсiмдi, жыныссыз және жынысты жолмен көбейедi [4].

Қазiргi уақытта өсу қарқыны, қаланың дамуы және өнеркәсiп кәсiпорындарында ағынды сулардың көбеюi байқалады. Бұл жағдай қолданыстағы ағынды суларды тазарту жүйелерiне әкеледi су жеткiлiктi тиiмдi емес және тазаланған ағын судың сапасы жиi талап етiлетiн стандарттарға сәйкес келмейдi. Негiзгi жолдардың бiрi: ағынды суларды тазартуда балдырлардың көмегi орасан зор. Биосфера мен адам өмiрi су қолдануға негiзделген.

Қазiргi техносфера дамуында, әлемде адамның биосфераға әсер ету дәрежесi өсiп, табиғи жүйе өзiнiң қорғау қасиеттерiн жоғалтуда.

Табиғатты қорғау жұмысының ең маңызды құрамының бiрi – гидросфера ресурстарына жататын су ресурстарын қорғау.

Планетада қанша өзен, өзеншелер, тоғандар бар екенi нақты белгiсiз. Олардың саны бiздiң шаруашылық қызметiмiзге елеулi байланысты. Осы шаруашылық қызметi салдарынан су көздерiнiң саны шұғыл қысқаруда.

Соңғы он жылда тұщы су проблемасы күрт өзгердi: су көздерiне бай елдерде судың жетiспеушiлiк белгiлерi байқала басталды; жалпы планетарлық масштабта су балансының жетiспеушiлiгi айқын байқалуда.

Ластаушы заттар әсерiнен тұщы су экожүйесiнiң тамақтық пирамидасы және биоценоза байланыстарының сигнал (дабыл) беруi бұзылуынан, микробиологиялық ластануынан, эвтрофикация және басқа жағымсыз үдерiстерден тұрақтылығы төмендегенi байқалады. Бұлар гидробионаттардың өсу қарқынын, олардың өнiмдiлiгiн төмендетедi, кейде олардың құрып кетуiне әкеледi.

Суаттардағы эвтрофикация үдерiсi әбден зерттелген. Бұл барлық планеталардың геологиялық өткен уақытына тән табиғи үдерiс, әдетте ол өте ақырын және бiртiндеп жүредi, бiрақ соңғы он жылда антропогендiк әсердiң өсуiне байланысты оның даму жылдамдығы шұғыл өстi. Алматы облысында, Первомайские ауылынан жиналған балдырға сандық және сапалық сараптамалар жасалды. Сараптама нәтижесi бойынша төмендегiдей биологиялық белсендi қосылыстардың бар екендiгiн көрсеттi: Амин қышқылдары, алкалоид, фенол, каротиноид, ксантонид [5].

ББК бойынша балдырдың құрамындағы қосылыстардың пайыздық үлесi зерттелiп анықталды. Жалпы күлдiлiгi – 9,26%, кептiру кезiндегi массасының шығыны – 5,2%, құрамындағы экстрактивтi заттар – 29,67%, құрамындағы органикалық заттар – 20,41%, флаваноид – 24%, алкалоид – 1,8%, каротиноид – 5,39%, полисахаридтер – 0,42% (Құрғақ шикiзат үшiн қаныттар).

ББК БАК Осы сараптамалар (тағы жасалғын барқатар зерттеулер) негiзiнде жасалған қорытындылар нәтижесi бойынша, су өсiмдiктерiнiң iшiндегi балдыр өсiмдiгiнiң Қазақстанда қоры жеткiлiктi, әрi әрқайсысы сала бойынша кең ауқымды сұранысқа ие болып отыр. Сол тұрғыдан балдыр өсiмдiгiнен субстанция дайындауға және осы өсiмдiктiң мүмкiндiгiн толық пайдалана отырып фитопрепарат алуға сол арқылы қажеттiлiктi қанағаттандыруға ұмтылыс жасауға болады. Үдемелi, немесе антропогендiк эвтрофикация суаттарға едәуiр мөлшерде биогендiк заттар – азот, фосфор және басқа элементтер, тыңайтқыш, жуғыш зат, мал шаруашылығы тасталымдары, атмосфералық аэрозоль және басқалар түрiнде түсуiне байланысты. Қазiргi жағдайда суаттардың эвтрофикация үдерiсi едәуiр аз мерзiмде – бiрнеше онжылдықтарда немесе одан да аз уақытта жүредi [6].

Антропогендiк эвтрофикация тұщы су экожүйесiне терiс әсер бередi, гидробионаттардың трофикалық байланыстарының қайта құрылуына, судың «гүлденуiн» тудыратын, сапасы мен гидробионаттардың өмiр сүру жағдайын төмендететiн жаппай көк-жасыл балдырлардың көбеюi фитопланктондар массасының кенет өсуiне әкеледi. Ал фитопланктондар массасының өсуi әр түрлi түрдiң кему iне әкелiп, орны толмас генофонның жоғалуына, экожүйенiң гомеостазы мен өздiгiнен реттелу қабiлетiнiң төмендеуiне әкеледi.

Судың ластануының белгiсi суаттарда көк-жасыл балдырлардың өсуiмен сипатталады. Осының нәтижесiнде балықтар жаппай қырылады, суат өздiгiнен тазалану қабiлетiн жоғалтады. Кiшi Алматы өзенi үш ландшафттық аймақта орналасқан: таулы, қырытты және тегiс. Өзеннiң таулы аймақтағы

бөлігі анағұрлым иректелген. Өзеннің ені 3-13 м; теререндігі 0,15-0,5 м; өзеннің орташа көпжылдық жылдық су шығыны 0,32 м/с құрайды [7].

Кіші Алматы өзені шатқалдан шығаберісте Есентай (Весновка), Жарбулак (Казачка) және Кіші Алматы өзендеріне тармақталады. Кіші Алматы өзені қаланың оң жақ шығыс бөлігімен ағады. Өзеннің бассейнінде 46 көлдер, су қоймалары бар, олардың жалпы көлемі 2,5 км². Қазіргі кезде су объектілеріндегі флорасы табиғи және антропогендік процестерінің нәтижесінде үнемі өзгереді. Кіші Алматы өзенін зерттеу және қорғау қажет, ал су экожүйелері түрлерінің құрамын анықтау биоәртүрлілікті сақтаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Әлбетте, аз зерттелген су қоймаларындағы түрлердің түгендеуі маңызды. Балдырлар динамикасы айқын маусымдық сипатталады. Биологиялық көктем (сәуір-маусым) макрофитке арналған альгокееноздардың пайда болуы қайтадан басталады. Маусым айының ортасында жаздың (шілде-тамыз) қысқаратын планктонның айтарлықтай массасы құрылды. Күзде (тамыз-қазан) балдыр биомассасы қайтадан өсіп, қазан айына дейін жетеді. Қыстың соңында белсенді көбеюге қабілетті үлгілерде кішкене нысандар бар. Осылайша, альголь алгоценозының маусымдық динамикасында биомассаның екі кезеңі байқалады – жазда және күзде. Жылдың әртүрлі кезеңдерінде басым түрлердің құрылымына белгілі бір түрлердің үлесі елеулі өзгерістерге ұшырайды [8].

Жасыл балдырлар – Хлорофита 30-дан астам түрі бар. Әртүрлілік пен жануарлардың байлығы тұрғысынан алғанда, олар диатомадан кем емес, тіпті асып түседі. Көк-жасыл өсімдіктер жаздың соңында Gloeocapsa, Anabena және Oscillatoria таралуының арқасында өседі. Евгений балдырларының тұрақты болуы (Евгень-фицца) байқалды. Олардың ең үлкен шоғырлануы жыртылған жасыл (Spirogira, Cladophora) және көгілдір жасыл балдырлар топтары арасында өсіп келе жатқан таяз, жақсы жылыған жерлерде байқалды. Өсімдіктің түрлілігі мен ұзақтығы бойынша бентос және ластану түрлерінде Fragilariophyceae (Fragilarophyceae) сыныбының түрлері басым болды: Fragilaria crotonensis Kütz., Ceratoneis arcus (Ehr.) Kütz., Meridion circulare Ag, Cocconeis placentula Ehr, Asterionella нысаны ұлпа (Nitzsch.) Ehr. Diatoma vulgare Bory., D. hiemale (Lyngb.) Хайб. Bacillariophyceae (bacillary) класының ең көп кездесетін түрлері: Cocconeis placentula Ehr, Amphora ovalis Кутц., Symbella ventricosa Kütz., Navicula oblonga Kütz., Nitzschia acicularis W. Sm. және т.б. Диатомалар арасында ең үлкен түрлердің көптігі Navicula (28 түрі, сорттары мен түрлері), Pinnularia (26 түрі, intraspecific taxa), Symbella – 19, Gomphonema – 17, Эунотия – 13, Ницшия – 11 және Суррейла (11 түрі, интраспозиционные така). Жасыл балдырлар 96 түрімен ұсынылған, олардың ішіне тән така. Ең үлкен түрі Desmidiaceae түрі: Космариум (18 түр және сортты), Euastrum (15 түрі мен түрлері), Cosmoastrum (10 түрі мен сорттары). Хлорококкаттардан: Scenedesmus (6 түрі), Pediastrum (6 түрі). Көк-жасыл балдырлар (Цянопрокаріота) байлығымен зерттелген су объектілерінің флорасында үшінші орынды (20 түрі немесе 5,9%) алады [9].

Балдырлардың табиғатта маңызы зор. Топырақта өсетіндері оттегі бөлуден қатар өздері шіріп, топырақты құнарландырады. Бір грамм қара топырақта 50 000 балдыр болады. Суда өсетін жасыл балдырлар көмірқышқыл газын сіңірт, оттегін бөледі. Онымен су жәндіктері, балықтар тыныс алады. Судағы ағзалық заттарды денесіне сіңіріп отырып, суды тазартады. Ал азық болатын ұсақ жәндіктер балдырларды қорек етеді. Балдырлармен балықтар, теңіз жәндіктері де қоректенеді. Балдырлар тау жыныстарын ыдыратып, топырақ түзуге қатысады. Содан кейін біртіндеп жер бетінде өсімдіктермен қоректенетін, оттегімен тыныс алатын жан-жануарлар пайда болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Абрамов Н.А. Роль высших водных растений в интенсификации бактериального разложения нефти путем метаболических выделений: Тез. докл. Всесоюз. конф. по современным проблемам самоочищения и регулирования качества воды. – Таллин, 1972. – С.47.
- 2 Пржеменецкая (Макиенко) В.Ф. Гербарий морских водорослей. Учеб. пособие. – Владивосток: Дальнаука, 2010.
- 3 Вассер С.П. Водоросли. – Киев, 1989. – С.85.
- 4 Горбунова Н.П. Альгология, 1991. – С.20-24.
- 5 Жатқанбаев Ж.Ж. Биология «Төменгі сатыдағы өсімдіктер биологиясы, систематикасы, экологиясы». – Алматы, 2009.
- 6 Груздинский М.Е. Подолине Малой Алматинки. – Алма-Ата, 1965. – С.102.
- 7 Жизнь растений. Водоросли. Лишайники. – Мхи-Москва, 2002. – С.50-52.
- 8 Абрахманов О. Төменгі сатыдағы өсімдіктер систематикасы. – Алматы, 1972. – Б.68.
- 9 Волович В.И. Человек в экстремальных условиях природной среды. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Мысль, 1983.

ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ **МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН**

ӘОЖ 582.4
ҒТАМР 34.01.45

Г.Р. Алайдарова¹, М.Б. Аманбаева¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДА ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жоба тарихы туралы жалпы мәлімет беріле отырып жобаның классификациясы және бағалау критерийлері қарастырылған. Сонымен қатар болашақ мамандарды дайындауда жобалық іс-әрекеттің маңызын түсіндіре отырып, сол болашақ мамандардың жобалық іс-әрекетті ұйымдастыруды қаншалықты деңгейде меңгергендігін талдау мақсаты қойылған.

Мақала қазіргі кездегі жобалық іс-әрекеттің білім алушыларда өздігінен ойлап, білім іздеп, табу және оны пайдалана білу қабілетімен қамтып қана қоймай, жаңа қарым қатынастарға, мәдени байланыстарға жақын болуға, әртүрлі топтар мен орталарда жұмыс істей білуге, өз әрекеттерін нақты жоспарлауға бағыттайтындығын алға тартады. Қорытындысында болашақ мамандардың білім алушыларға ұсынуға болатын биология саласына байланысты жоба тақырыптары қарастырылған.

Түйін сөздер: жоба, жоба классификациясы, жобалық іс-әрекет, жоба түрлері.

Алайдарова Г.Р.¹, Аманбаева М.Б.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ БИОЛОГИИ

Аннотация

В данной статье рассмотрены критерии оценки и классификация проекта с указанием общей информации об истории проекта. Кроме того, была поставлена цель анализа того, насколько будущие специалисты владеют организацией проектной деятельности, объясняя важность проектной деятельности в подготовке будущих специалистов.

Статья предполагает, что современная проектная деятельность позволяет не только охватывать способность самостоятельно мыслить, находить и использовать знания у обучающихся, но и ориентироваться на новые отношения, близость к культурным связям, умение работать в различных группах и кругах, четко планировать свои действия. В заключении были рассмотрены темы проектов, касающиеся биологии, которые могут быть предложены будущим специалистам обучающимся.

Ключевые слова: проект, классификация проектов, проектная деятельность, роль преподавателя в проектной деятельности, проекты на уроках биологии.

¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

METHODOLOGICAL BASIS OF THE FORMATION OF THE PROJECT ACTIVITY IN PREPARING FUTURE TEACHERS OF BIOLOGY

Abstract

This article describes the criteria for evaluation and classification of the project with General information about the history of the project. In addition, the aim was to analyze how future specialists have mastered the organization of project activities, explained the importance of project activities in the training of future specialists.

The article suggests that the modern project activity allows not only to cover the ability to think independently, to find and use the knowledge of students, but also to focus on new relationships, proximity to cultural ties, the ability to work in different groups and circles, clearly plan their actions. In conclusion, the topics of projects related to biology, which can be offered to future specialists of students, were considered.

Keywords: project, project classification, project activities, teacher's role in project activities, projects in biology lessons.

Қазақстандағы саяси-әлеуметтік және экономикалық даму жоғары білім беру жүйесін жаңартуды, яғни бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын кәсіби мамандар дайындауды талап етуде. Қазіргі тенденциялар бойынша білім саласында қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби қызметінің сапалы өзгеруімен және шығармашылық жұмыстары секілді проблемаларға бетпе бет келеді, солардың бірі жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру: мұғалім тек педагогикалық процесті ғана емес, оның нәтижелерін, жағдайларын және даму перспективаларын да жобалауы керек.

Жоба әдісі педагогикалық технология ретінде зерттеу, іздену, мәселелілік әдістер мен шығармашылық жиынтықты өзінің мәні бойынша болжайды. «Менің барлық біліп, үйреніп жатқаным маған қай жерде, не үшін қажет, осы білімді қалай пайдалануыма болады?» - жоба әдісін заманауи түсіндірудің ең негізгі тезисі болып табылады.

Жоба (латын тілінде *projectus*, алға қойылған деген мағынаны білдіреді):

1. Қандай да бір құрылым мен бұйым жасауға арналған құжаттар жиынтығы, есебі, сызу және т.б.
2. Қандай да бір құжаттың алдын ала берілетін мәтіні.
3. Ой, жоспар.

Жоба әдісінің негізі – жоба түсінігінің мәнін беретін, оның теориялық және практикалық мәселелерді шешу кезіндегі нәтижеге деген прагматикалық бағыттылығы болып табылады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін өзіндік ойлау, мәселені тауып оны шеше білу қабілетіне, осы мақсаттағы түрлі саладағы білімді пайдалану, нәтижелер мен түрлі шешімдердің соның болжай алу қабілетін ие болуы қажет [4].

Ал XVI ғасыр жоба әдісінің пайда болуының алғышарты ретінде аталып өтіледі. Осы кезеңде техниктер мен сәулетшілердің әрекеттерінде жоба терминінің өзі пайда болды. Кейінірек ғалымдар баланың ішкі қабілеттері мен еркіндігіне назар аударды. Осы кепілдіктердің негізінде балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұсынды. Бұл ретте оқыту процесі оқушы тапсырмаларды орындай отырып, Әлемді танып, сол арқылы өзін-өзі тәрбиелеу және практикада өзін-өзі дамыту процесін жүзеге асыратын деңгейде болуы тиіс [3].

Жобалау технологиясы 19 ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауыл шаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаға – Джон Дьюи атты психолог және педагог, философ. Дьюидің ілімін жалғастырушы – Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры Ульям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе- бұл мысал жобалау технологиясының нағыз титік үлгісі» - деген үлкен Килпатрик [1].

Жобалық іс-әрекет шығармашылықтың ерекше түрі ретінде адам дамуының құралы. Оны педагогикалық мақсатта әртүрлі жастағылардың тұлғалық дамуына қолдануға да болады: кіші жастағы (бұл ойын әрекетіне жобалық мәніне байланысты мүмкін болады), жасөспірім кез (өзінің пәндік қызығушылығын және өзін дамыту үшін), жастық шақ (жарқын болашаққа ұмтылу мақсатында, өзін тұлға ретінде дамыту үшін). Ересек адамдарға жобалық іс-әрекеттер кәсіби-жеке дамуы үшін, айналадағыны және өзін тану үшін септігін тигізеді. Сонымен бірге жобалық іс-әрекеттер әр жас кезеңінде әртүрлі педагогикалық потенциалдарын анықтай отырып, жан-жақтылығына және жеке тұлғаның шығармашық жақтарын дамытуға негізделеді [2].

Оқыту үрдісінде қазіргі уақытта оқыту үрдісінде жобалау әдісі кеңінен қолданылуда. Оны мектептегі кез келген пәндерге пайдалануға болады, әсіресе осы жоба арқылы биология пәнінен 6-11 сыныптардың оқушылары үшін көлемі жағынан көптеген міндеттерді шешеді. Оқушылардың көмегімен бүгін мектепте ойлау жоба жұмыстарын дамыту үшін көптеген мүмкіндіктер бар – ол жобалық іс-әрекеттер. Жобалау технологиясы оқушылардың жеке тұлғасын, олардың өзіндік жұмысы мен шығармашылығын дамытуға мақсатталған. Оқушылар жобалаумен жұмыс істеу нәтижесінде өз бетімен ізденеді, ақпаратты саралайды, пәннен алған білімін қорытындылап және оны қолданады, өзіндік жұмыс пен жауапкершілікке ие болады, жоспарлау икемділігі мен шешімді қабылдауды дамытады және қалыптастырады. Балалар өздерінің еңбек нәтижелерінің сынақтан өткеніне қанағаттанады сонымен қатар оны басқа оқушылар үйренуге пайдалана алады. Оқушылардың еңбек нәтижесі неғұрлым сұраныста болса, солғұрлым олардың жауапкершілігі мен ынтасы арта түседі. Оқушылардың оқу-танымдылық іс-әректінен нәтиже бағыты туралы идея жобалау әдісі негізінде жатыр, практикалық немесе теориялық маңызды мәселелерді шешуге болады. Жобалау әдісі оқушылардың шығармашылық потенциалын жоғарлатады, шамадан тыс оқуды төмендетеді, білімді дәлелдейді әрі жоғары тиімділікті демонстрациялайды.

Жобалық тапсырмаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кірігу үдерісіне қажетті тұлғаның ең басты функциялық сапалары – белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлау және шешім қабылдай білу, кәсіби жолын таңдау, өмір бойы білім алуға дайын тұру және т.б., осы функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық дағдылар оқушылардың танымдық қабілеттері мен өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады [7].

Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан «Жаратылыстану» білім саласындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жобалық тапсырмалар арқылы келесі жолдармен жүзеге асыруды ұсынамыз:

- химия, биология және физика ғылымдарының, инновациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін енгізу;
- ұлттық компонентті кеңейту;
- Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуын негізге ала отырып, оқытудың өндірістік, технологиялық үдеріспен байланысын ірілендір және жаратылыстану өндіріс саласындағы болашақ кәсіби кадрларды дайындау;
- оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту, олардың табиғат пен минералды ресурстарға, туған өлкесінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне ұқыптылықпен қарау және өз елінің табиғи байлығын қорғау мен көбейту негізінде жаратылыстану саласында білім берудің экологиялық құраушысын кеңейту;
- мектептегі жаратылыстану-ғылыми білімді жетілдіру оқушылардың практикалық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға, оқу жобаларын орындаудағы креативтілік ойлауын қалыптастыруға, алған білімдерін болашақ кәсіби қызметтерінде қолдана білуге дайындауға бағытталу;
- өздігінен орындайтын тәжірибелік, эксперименттік жұмыстарды сан түрлі әдістер мен технологияларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықтарға жататын бөлігіне ерекше мән беріп, жүйелеп үйрету;
- жазбаша жұмыстарды, практикалық тәжірибелерді, құзыреттіліктерді қажет ететін өздік жұмыстар мен тапсырмаларды іс жүзінде орындау. Осы айтылғандарды қалыптастыру үшін жаратылыстану пәндерінің мазмұнына әрекеттік сипаттағы келесі білімдерді кіріктіру қажет:
- күнделікті өмірде бізді қоршаған химиялық, физикалық, биологиялық құбылыстарды, әртүрлі заттар мен азықтарды қауіпсіз және тиімді пайдалану;

– химиялық технология және полимерлер өндірісі, жаңа құрылыс және құрастыру материалдары, тұрмыстық химия, фармакология, ауыл шаруашылығы және биотехнология және т.б. облыстарындағы алғашқыпрактикалық дағдыларының болуы;

– жаратылыстану пәні бойынша практикалық жұмыстарды жобалау, моделдеу және орындау, диаграммаларды, реакция теңдеулерінің сұлбаларын оқи білу; байқау немесе өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктер көмегімен көрсету;

– моделдердің көмегімен қоршаған әлемдегі табиғи құбылыстарды түсіндіру, мәліметтерге талдау жасау негізінде қорытынды жасау;

– жаратылыстану аймағындағы зерттеулердің негізгі ерекшеліктерін түсіну;

– алған білімдері негізінде жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу, сонымен қатар өзгерістерді болжау;

– қорытынды шығару, оларды талдау және негіздемесін бағалау үшін ғылыми дәлелдеулерді және мәліметтерді пайдалану [5].

Жобалық тапсырмаларды тиімді пайдалану оқушының дүниетанымы кеңейе түседі, әдеби тіл мәнерімен сөйлеуге және жазуға дағдыланады. Тапсырма жұмыстарының мазмұнына сәйкес әдістемелік негізділік тиянақты зерттеулерді, нақты мәтіндерді дәйектемелік тұрғыдан пайдалануға үйрету арқылы шығармашыл тұлғаны қалыптастырады. Сондықтан жобалық тапсырмалар көмегімен қалыптасқан білім, білік пен дағдылар оқушылардың жоғары оқу орындарында ойдағыдай оқуына ықпалдасып, қазіргі заман талаптарына сәйкес маман болуына жол ашады [8].

Бұл қазіргі әлем өркениетіндегі оқу мен ғылыми зерттеу жұмыстарының жүйесіндегі көрсеткіштер оқушының барлық деңгейдегі оқу кезеңдерінде іздену, зерттеу қабілеттерін дамытады. Меңгерілген ұғымдардың тереңдігінде, яғни жобалық тапсырмаларды пайдалану арқылы олардың көпқырлы дәйектері ескеріліп, білім деңгейі артады. Зерделенетін мәселелер арасында табиғи өзара байланыстың орнауымен, жетекші идеялардың бағытындағы оқу материалын қарауды қамтамасыз ететін, зияткерлік әрекет деңгейі өзгереді [6].

Биология бойынша жобалау жұмыстарының тақырыптары:

1. Үйдегі ароматерапия.
2. Фитонцидтердің бактерицидтік әсері.
3. Биологиялық белсенді заттар. Витаминдер.
4. Бөлме өсімдіктерінің зиянкестерімен күрестің биологиялық әдістері.
5. Майда еритін витаминдердің биологиялық маңызы.
6. Биологиялық қару және биотерроризм.
7. Әр адамның өміріндегі биология.
8. Бионика. Тірі табиғатқа техникалық көзқарас.
9. Біздің айналамыздағы биоритмдер.
10. Биоритм – адамның ішкі сағаты.
11. Дәрумендердің биоролі.
12. Шаршау процесінің биохимиялық диагностикасы.
13. Адамның биофизикасы.
14. Тірі организмдерге судың әсері.
15. Қаланың жасыл өсімдіктеріне зиянкес жәндіктердің әсері.

Педагог пен студенттің бірлескен іс-әрекеті нәтижесінде олардың жобамен жұмыс істеу барысында тығыз байланыста болуын байқауға болады.

Осылайша, білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметі оқытушылар студенттердің бойында одан әрі оқу үшін, кәсіби және әлеуметтік бейімделу үшін қажетті сапаларды қалыптастыртуға көмектеседі [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Ивашкевич Р.В. Проектная деятельность учащихся на уроках биологии МОУ «Гимназия №159», г. Омск Альманах современной науки и образования, №4 (23) 2009. – Часть 1. – 93 б.*

2 *Кильпатрик В. Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе. – Л.: Брокгауз-Ефрон, 1925. – 43 б.*

3 *Колесникова И.А. Педагогическое проектирование: Учеб. пособие для высш. учеб. заведений, 2005. – 58 б.*

4 Мәдиева Г.Б., Утепова Б.Т., Исакова Г.Н. Жоба жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 4-16 б.

5 Оразымбетова Б.Б. Биология пәнінде жобалап оқыту технологиясын қолдану тиімділігі. – Қостанай, 2012. – 303 б.

6 Тұрдалиева Э., Ақынова Ж. Жобалау технологиясын қолдану әдістері оқытушы // ҚазҰТУ Хабаршы. Қазақ тілі мен әдебиеті. №5, 2006. – 36-40 б.

7 Громыко Ю.В. Проектное сознание. – Москва, 1998. – 15 б.

8 Яковлева Н.Ф. Проектная деятельность в образовательном учреждении [Электронный ресурс]: учеб.пособие. – 2-е изд., стер. – М.: Флинта, 2014. – 102 б.

ӘӘЖ 546 (077,3)

Д.А. Қасымбекова¹, К.Түрік¹, З.Зұлыхар¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ІСКЕ АСЫРУ

Аңдатпа

Мақалада химияны оқытуда ақпаратты-коммуникативті технологиялардың мүмкіншіліктері мен тиімділігі жайлы баяндалған. Сабақ мұғалім мен оқушының өзара әрекетінің негізгі формасы болып қала береді. Заманауи сабаққа ең жоғары талаптар қойылады: оқушылардың жеке қасиеттерін дамыту, оқытудың түрлі тәсілдерін, соның ішінде сараланған және проблемалық, дидактикалық материалдарды пайдалану.

Мақалада, химия сабақтарында ақпаратты-коммуникативті технологияны қолдану мүмкіндіктері мен талдауы жүргізілді. Компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып, бейорганикалық химияны оқыту кезінде әртүрлі тапсырмалардың түрлері келтірілген. Компьютерлік бағдарлама бойынша орындаған тапсырмалар бойынша білім көрсеткіштерінің нәтижелері көрсетілген.

Түйін сөздер: білім беру жүйесі, ақпараттандыру, телекоммуникация, технология, ақпарат, Microsoft Word, EquPixy-MS бағдарламалары.

Қасымбекова Д.А.¹, Түрік К.¹, Зұлыхар З.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

ВНЕДРЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В данной статье изложены возможности и эффективность информационно-коммуникативных технологий в обучении химии. Урок остается основной формой взаимодействия учителя и ученика. Самые высокие требования к современному уроку предъявляются: развитие индивидуальных качеств учащихся, использование различных методов обучения, в том числе дифференцированных и проблемных, дидактических материалов.

В статье проведен анализ и возможности применения информационно-коммуникативных технологий на уроках химии. Приведены различные виды заданий при обучении неорганической химии с использованием компьютерных программ. Показаны результаты показателей знаний по заданиям, выполненным по компьютерной программе.

Ключевые слова: система образования, информатизация, телекоммуникация, технология, информация, программы Microsoft Word, EquPixy-MS.

¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

INTRODUCTION OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN THE EDUCATION SYSTEM

Abstract

This article describes the possibilities and effectiveness of information and communication technologies in teaching chemistry. The lesson remains the main form of interaction between the teacher and the student. The highest requirements for the modern lesson are: the development of individual qualities of students, the use of different teaching methods, including differentiated and problematic, didactic materials.

The article analyzes the possibility of using information and communication technologies in chemistry lessons. Various types of tasks in teaching inorganic chemistry using computer programs are given. Results of indicators of knowledge on the tasks executed on the computer program are shown.

Keywords: education system, informatization, telecommunications, technology, information, Microsoft Word programs, EquPixy-MS.

Қазіргі уақытта, ақпарат саны күн сайын қарқынды өсіп келе жатқан кезде адам үшін оны тез табу қабілеті үлкен маңызға ие болады. Бүгін мұғалімдердің міндеті – бұл білім беру ғана емес, білім алушылардың оларға қол жеткізуін үйрету. Қазір көптеген білім беру мекемелері интернетке қолжетімділікке ие және оны білім беру үрдісінде толық көлемде пайдалануға тиіс. Мүмкіндіктер зор. Бұл іс жүзінде кез келген ақпаратты іздеу, оны электрондық пошта арқылы беру және алу; нақты уақытта қарым-қатынас; телеконференцияларға, форумдарға қатысу, чаттарда қарым-қатынас; ftp-мұрағаттарды пайдалану; қашықтық курстар, олимпиадалар, конкурстар, жобалар; виртуалды кітапханаларды, мұражайлар қорларын пайдалану және т.б. [1-2].

АКТ-ны қолдану сабақтары оқытудың классикалық жүйесінен түбегейлі айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық оқытушының рөлін өзгертуден тұрады: ол білімнің негізгі көзі емес, оның функциясы кеңестік – бағыттаушы болып табылады [3].

Электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторлары болып табылады және оларды қазіргі уақытта әйгілі ғалымдар мей тәжірибелі мұғалімдер жасауда [4].

Біздің педагогикалық тәжірибе Ғабиден Мустафин атындағы №191 жалпы білім беру мектебінде жүргізілді. Химияны оқытуда ақпаратты-коммуникативті технологиялар оқушыларды ұқыптылыққа, төзімділікке, қиыншылықты жеңе білуге, ізденушілікке, политехникалық дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Осы байланысты педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейіндегі оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын таңдап алу оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Сабақты өткізу әдісі дұрыс таңдалған болса, білім алушы оқу материалын толық меңгереді. Химияның оқу үрдісінде компьютердегі пайдаланушымен оған ыңғайлы режимде белсенді диалог ұйымдастыруымен түсіндіріледі. Осы мақсатта біз, химия сабағын оқыту кезінде әртүрлі бағдарламаларды қолдана отырып, тапсырмалар жүйесін жасадық.

Ең жиі қолданылатын мәтіндік редакторлардың бірі – **Microsoft Word** бағдарламасы. Оқушы осы бағдарламамен жұмыс істеудің жалпы дағдысын ғана емес, сонымен қатар химиялық формулалар, кванттық ұяшықтар және электрондық орбитальдарды жинақтауды жеңілдету үшін қолданылатын химиялық қондырмалармен жұмыс істеуді үйренеді. Қондырмалар жай ғана орнатылады және арнайы құралдар панелін білдіреді.

Біз оқушыларға химиялық реакцияларды жазуды үйрету үшін Мысалы, **EquPixy-MS** бағдарламасын қолдандық, бұл Word-ға арналған қондырма-химиялық формулаларда атомдардың санын белгілейтін цифрлардың жолдық мәтінге автоматты түрде ауысуын орындайды Мысалы: химиялық реакция теңдеуін осы бағдарлама арқылы жазады.



«Жетіспейтін элементті енгізу» тапсырмасы техникалық іске асыру тұрғысынан неғұрлым қарапайым болып табылады және екі нұсқамен берілуі мүмкін: көзбен шолып тексерумен және онсыз.

Сәйкестікке берілген тапсырмаларда тең, сондай-ақ сұрақтардың және жауап нұсқаларының саны тең емес. Бұл ретте, тапсырманың қай бөлігі өзгеріссіз қалады және қандай элементтерден ауысатынын анықтау қажет. Мысалы, оқушыларға аспаптардың суреттерін олардың мақсатына сәйкес жылжытуды ұсынуға болады. Зертханалық сабақтарда сәйкестік тапсырмаларды бердік. Суреттегі приборлардың аттауын тауып кестеге толтырады.

1-тапсырма: Сәйкестікке тапсырмалар. Тапсырмаларда сәйкестікке сұрақтар мен жауаптар нұсқаларының тең және тең емес санын келтіруге болады. Бұл ретте, тапсырманың қай бөлігі өзгеріссіз қалады және қай элементтерден ауысатынын анықтау қажет. Мысалы, оқушыларға аспаптардың суреттерін олардың мақсатына сәйкес жылжытуды ұсынуға болады (сурет. 1). Сәйкестік тапсырмаларында «қалам» функциясын пайдалануға болады. Бір жағынан Бейорганикалық заттардың кластарын, ал екінші жағынан химиялық формулаларды жазуға болады, содан кейін оларды салыстыруды ұсынуға болады.



Сурет-1. Сәйкестік тапсырмасының үлгісі


2-тапсырма: «Жетіспейтін элементті енгізу» тапсырмасы (сурет 2) үлгі болып табылады және екі нұсқамен ұсынылуы мүмкін: көзбен шолып тексерумен және онсыз.

Химиялық реакциядағы жетіспейтін заттардың формулаларын жазып, теңдеуді теңестіріңдер

а) $\text{CaCO}_3 + \dots \rightarrow \text{CaCl}_2 + \text{CO}_2\uparrow + \text{H}_2\text{O}$;
б) $\dots + \dots \rightarrow \text{AgBr}\downarrow + \text{KNO}_3$;
в) $\text{KOH} + \dots \rightarrow \text{K}_2\text{SO}_4 + \dots$;
г) $\dots + \text{HNO}_3 \rightarrow \text{NaNO}_3 + \text{CO}_2\uparrow + \text{H}_2\text{O}$;
д) $\dots + \dots \rightarrow \text{BaSO}_4\downarrow + \text{KNO}_3$;
е) $\text{KOH} + \dots \rightarrow \text{Fe}(\text{OH})_3\downarrow + \dots$

Сурет-2. Жетіспейтін элементті енгізу тапсырмасы

3-Тапсырма: Сұйықтықты айдау үшін қондырғының негізгі бөліктерін көрсетіңіз. «Дұрыс жауапты қою» тапсырмасы «таңдау» немесе «таңдалған элементті» құралдарын пайдалана отырып орындалады. Оқушылар ұсынылған терминдердің тізімінен суретте көрсетілген терминдерге сәйкес келетін және оларды біріктіретін терминдерді тандайды. Келесі тапсырмаларды құрастыруға болады: химиялық қондырғыны жеке компоненттерден (ыдыс, аспаптар) жинау; Оқу плакатының макетін құрастыру. Осыған ұқсас тапсырманың мысалы 3-суретте көрсетілген.




Сурет-3. Сұйықтықты айдау қондырғысы

Компьютерлік бағдарламалардың бірнеше түрін сабақта қолданып оқушылардың қаншалықты деңгейде меңгергенін тесттік тапсырмалар арқылы тексердік. Педагогикалық тәжірибе соңында эксперименттік және бақылау сыныптарында химия пәнінен сабақта оқушылардың компьютерлік бағдарламаларды игеру білімін бақылаудың дәстүрлі және компьютер технология көмегімен тест арқылы бағалау тиімділігін анықтау үшін саунама беріліп, жауаптарын он ұпайлық жүйе бойынша бағаланды. Алынған көрсеткіштердің нақтылығы статистикалық талдау арқылы дәлелденді, оның нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасалды:

1. Эксперимент топтарының орташа ұпай саны бақылау топтарының орташа ұпай сандарынан артық.

2. Оқушылардың критеріінің есептік нәтижесінің мәні ($5,47 > 2,01$), оқушылардың теориялық мәнінен жоғары, бұл зерттеу болжамның расталғанын дәлелдейді.



Сурет-4. Компьютерлік бағдарламаларды игеру нәтижесі

4-суретте көрініп тұрғандай, эксперименттік топ компьютерлік бағдарлама бойынша орындаған тапсырмалар бойынша білім көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда жоғары.

Қорытынды жасай отырып, компьютерді мектеп сабағында қолданудың маңызы зор. Компьютерлік техниканы пайдалана отырып, мұғалім оқыту процесін қарқындатады, оны көрнекі және динамикалық етеді. Сабақта компьютерді тиімді пайдалану, Педагогикалық шеберлік пен компьютерлік техника мүмкіндіктерінің шебер үйлесімі мұғалімге оқушылардың білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Полат Е.С. и др. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. / Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров. – М.: Издательский центр «Академия», 1999. – 224 с.*

2 Береснева Е.В. *Современные технологии обучения химии. Учебное пособие. – М., 2004. – 250 с.*

3 Құрманғалиев М.Қ. *Қазіргі педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2010. – 210 б.*

4 Нұрахметов Н.Н., Бекішов Қ.Б., Заграничная Н.А., Абрамова Г.В. *Химия оқулығы: 10-сынып. – «Мектеп» баспасы, 2014. – 300 б.*

ӘОЖ 37.016.54

Ж.Қ. Қорғанбаева¹, Ж.Т. Нүкенова¹, Г.Т. Мұстапаева¹, Ж.Ә. Шоқыбаев¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢАРТПА
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Аңдатпа

Заманауи білім беру жүйесі оқу үрдісінде жаңартпа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы шығармашылық ізденістің жоғарылауымен ерекшеленеді. Химия курстарын оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруда кіріктірілген оқыту технологиясына көбірек мән беру керек.

Бүгінгі білім беру, оқу пәні бойынша практикалық біліктілікті жетілдірумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оны үздіксіз жетілдіру мен дамытуды талап етеді. Интегративті оқыту технологиясы – сапалы оқыту көзі бола отырып, мұғалім мен оқушының өзара ізгілікті қарым-қатынасы негізінде пәнді сапалы меңгеруде игі ықпалын тигізеді. Бұл технологияның икемділігі мен өзгермелігі оқушылардың жеке мүмкіндіктерінің дамуына, танымдық белсендігі мен шығармашылық дербестігінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған орай мақалада химия пәнін жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқыту барысындағы ерекшеліктері қарастырылған.

Педагогикалық үрдістің нәтижелерін талдай келе, білім алушылардың химия пәнінен танымдық белсенділігі мен шығармашылық дербестігін қамтамасыз ету үшін, сабақтарды өткізу үдерісін соған қарай жоспарлауды қалыптастыру қажет. Сабақ барысында білім алушылардың танымдық белсендігі мен шығармашылық дербестігі іс-әрекеттері артқан сайын және олардың оқу барысындағы өзара ізгілікті қарым-қатынасы рационалды әрі мақсатты болса, соған орай оқыту ісінің қарқындылығы артады. Сондықтан да химия пәнін оқытуда педагогикалық технологияларды қолдану оқушылардың жеке мүмкіндіктерінің дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Түйін сөздер: кіріктіре оқыту, оқытудың жаңа әдістері, тәжірибелік дағды, педагогикалық технологиялар.

Корганбаева Ж.К.¹, Нукенова Ж.Т.¹, Мустапаева Г.Т.¹, Шоқыбаев Ж.А.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ХИМИИ

Аннотация

Современный процесс развития системы образования отличается высокими темпами творческого поиска в усовершенствовании методов обучения в использовании инновационной педагогической технологии. Для обеспечения познавательной активности и самостоятельности учащихся при изучении химии, больше необходимо уделить внимание на интегрированное обучение.

Сегодняшнее образование не ограничивается только достижением умения и практических навыков по учебному предмету, но и требует совершенствования его вперед и непрерывного развития. Интегративная технология обучения дает возможность гармонизировать жизнь знаниями полученными учащимися, а также учитывает индивидуальные особенности каждой личности. В соответствии с образованностью обучающимся дается ориентир, для прогрессивных шагов в развитии познавательной деятельности обучения. Поэтому в статье рассматривается проблема интегрирования учебного предмета химии с математикой, биологией, физикой и критериальное оценивания знания.

Анализируя результаты педагогической деятельности, можно прийти к выводу о необходимости планирования уроков так, чтобы обеспечить познавательную активность и самостоятельность учащихся при изучении химии. Чем больше учебно-познавательных действий и операций выполнено учащимися за урок и чем более они рациональны и целесообразны, тем выше интенсивность учебного труда. Поэтому мы считаем, что использование педагогических технологии в обучении химии поможет достичь роста познавательной активности учащихся.

Ключевые слова: интегрированное обучение, новые методы обучения, практические навыки, внешнее суммативное оценивание.

Zh.K. Korganbaev¹, Zh.T. Nuknova¹, G.T. Mustapaeva¹, Zh.A. Shokybaev¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

APPLICATION OF INNOVATIVE PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES IN CHEMISTRY LESSONS

Abstract

The modern process of development of the education system is characterized by high rates of creative search in improving the methods of teaching in the implementation of innovative pedagogical technology. To ensure the cognitive activity and independence of students in the study of chemistry, it is more necessary to pay attention to integrated learning.

Today's education is not only limited to the achievement of the skills and practical skills in academic subjects but also requires improving its forward and continuous development. Integrative education technology enables life in harmony knowledge obtained by students, as well as takes into account the individual characteristics of each person. In accordance with education students given a landmark for progressive steps in the development of cognitive learning activities. Therefore, this article deals with the problem of integration of the subject of chemistry with mathematics, biology, physics and criteria-based assessment of knowledge.

Analyzing the results of pedagogical activity, we can come to the conclusion that it is necessary to plan lessons so as to ensure the cognitive activity and independence of students in studying chemistry. The more learning and cognitive actions and operations performed by students for a lesson and the more rational and expedient they are, the higher the intensity of educational work. Therefore, we believe that the use of

pedagogical technology in teaching chemistry will help achieve an increase in the cognitive activity of students.

Keywords: swelling ratio, swelling kinetics, polyelectrolytes, polymers, hydrogels, swelling, integrated training.

Егеменді еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы техникасы мен технологиясы дамыған елдермен қатарласа алуы бүгінгі ұрпақтың бейнесімен, білімі мен біліктілігі арқылы көрініс табады. Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан өзгерістерді, білім саласындағы озық жетістіктерді ескере отырып, біздің елімізде де жаңаша форматта, ерекше типте білім берудің жаңартпа, әрі белсенді педагогикалық технологияларын қолдану арқылы білім беру мәселелері заман талабы екені сөзсіз. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге етене еніп, білім беру барысында кеңінен қолданылуда.

Интеграция идеясы пәнді оқыту әдістемесі мен дидактика саласына 20-ғасырдың орталарына [1] таман енгізілгеніне қарамастан, қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпаған мәселелердің бірі. Осыған орай жаңаша оқыту мазмұнына сәйкес 8-сыныптарда металдар тарауын оқытуда кіріктіре оқыту технологиясын қолдану арқылы зертханалық тапсырманы жасай отырып, металдар туралы мәліметтерді басқа да жаратылыстану пәндерімен байланыстыра отырып оқытудың мазмұны жасалды [2-4].

Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік орта мектептерде білім беру бірыңғай стандартпен, яғни, Назарбаев Зияткерлік мектебі әдістемесі негізінде жүргізілетін болады.

2017-2018 оқу жылы 2, 5, 7 сыныптар жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ өтуге көшсе, 2018-2019 оқу жылында 3, 6, 8 сыныптар осы бағдарлама бойынша білім алуда [2, 3]. Ескі бағдарлама бойынша 9 сынып оқулығында «Металдар тарауы» (III тарауда) 20 сағат (33-61) оқытылса, жаңартылған бағдарлама бойынша химия пәні 7 сыныптан бастап оқытыла бастаған соң, 8 сынып оқулығында 8.1 С «Металдар белсенділігін салыстыру» 5 сағат ғана (8.1-8.6) берілген [2].

Жаңартылған бағдарлама бойынша, Назарбаев Зияткерлік мектебі әдістемесі негізінде жүргізілетін сабақтың яғни, 8 сынып оқулығы, 8.1 С тарауы, «Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары» тақырыбына қысқа мерзімді жоспарын (ҚМЖ) ұсынамыз.


ҰМЖ-дың тарауы	8.1 С. Металдар белсенділігін салыстыру	
Күні:		
Сынып: 8	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. №3 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі»	
Сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу; металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру;	
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> ❖ Металдардың белсенділігін электрохимиялық кернеу қатары арқылы түсіндіріп, металдардың белсенділігіне байланысты қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеуін жаза алады; ❖ «Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі» тәжірибесін жасай алады, металдардың қышқылдармен әрекеттесуіндегі айырмашылықты дәлелдейді. (Белсенді, орташа белсенді және белсенділігі төмен металдар) ❖ Металдардың таралуы, қолданылуы, белсенділігі бойынша қорытынды жасайды, химиялық қасиеттеріне байланысты тұрмыстан мысал келтіре алады. (Мысалы мыс купорусын темір ыдыста сақтауға болмайды) 	
Күтілетін нәтиже Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттейді; - металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастырады; 	
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты лексика және терминология: металдар, белсенділік, электрохимиялық кернеу қатары, бактериоцит, залалсыздандыру, эпидемия	
Құндылықтарға баулу	Сыни тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс барысында сыйластық, құрметпен қарау, ынтымақтастық, өздігінен іздене отырып білім алу, өз ара бірін-бірі оқыта отырып өздері оқуға үйрену.	
Пәнаралық байланыс	Жаратылыстану, дүниетану, физика	

Өткен сабақпен байланыс	Химия: сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру;	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері. Блум таксономиясы бойынша	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>5 мин</p> <p>1. Білу. Ұйымдастыру кезеңі. «Ой қозғау» әдісі арқылы оқушылардың ойы жинақталады, жаңа тақырыпқа назар аудартылады. - Күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын металдарды ата. (темір, алюминий, мыс, алтын, күміс) - Металдардың сыртқы қоршаған орта әсерінен бүлінуі (коррозия-жемірілу) - Коррозиядан қорғау шараларын ата (металдарды бояу, майлайды, басқа металдармен қаптайды) - Коррозияға төзімді металдарды ата (мырыш, никель, хром) - Қалайының физикалық қасиеті қандай? (ақ түсті, жұмсақ металл) - Қола деген не? (Мыс пен қалайының құймасы) - Көгілдір-сұр түсті, адам ағзасына зиянды, ауыр металл (қорғасын) (оқушылардың дұрыс жауаптарын ауызша мадақтау)</p> <p>10 мин</p> <p>2. Түсіну «Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлінеді. 1. Қызыл түс: $\text{Cu} + \text{H}_2\text{O} =$ (Белсенділігі өте төмен металдар сумен әрекеттеспейді) 2. Жасыл түс: $2\text{Na} + 2\text{H}_2\text{O} = 2\text{NaOH} + \text{H}_2$ (Белсенді металдар сумен шабытты әрекеттесіп, сутегін ығыстырады) 3. Көк түс: $\text{Mg} + 2\text{H}_2\text{O} = \text{MgO} + \text{H}_2$ (Белсенділігі орташа металдар сумен әрекеттескенде металл оксиді түзіледі және сутегін бөліп шығарады) Топқа бөліп отырғызғаннан кейін, бірден топтық жұмысқа көшеді, парақшаның артында жазылған реакцияны аяқтап, түсіндіреді. «Миға шабуыл» әдісі арқылы түрткі сұрақ беру - Топтық жұмыста жиі қолданылған ұғым қандай болды? - Белсенді, белсенділігі орташа, белсенділігі төмен металдар - Жарайсыздар балалар.</p>	<p>Реакция теңдеулері жазылған түрлі түсті парақша қиындылары.</p>
Сабақтың ортасы	<p>10 мин</p> <p>3. Қолдану</p> <p>Таратылған ресурстар бойынша «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы жұмыс істейді.</p>	<p>Тәжірибеге қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтер: магний, темір ұнтағы, мырыш түйірі, мыс сым. Тұз қышқылының ерітіндісі, сынауықтар.</p>

	<p>5 мин</p> <p>5 мин</p> <p>8 мин</p>	<p>Топтық жұмыс. Металдардың белсенділігін тәжірибе арқылы анықтайды. Жұмыс барысымен нұсқаулық арқылы танысып шығады.</p> <p>Нұсқаулық: Төрт сынауыққа бірдей мөл-шерде тұз қышқылының ерітіндісін құйындар.</p> <p>1-ші сынауыққа магний ұнтағын 2-ші сынауыққа мырыш түйірін; 3-ші сынауыққа темір ұнтағын; 4-ші сынауыққа мыс сымның кесінділерін салындар.</p> <p>Тапсырма: Не байқадыңдар? Реакцияның жүруіне назар аударындар. Тиісті қорытынды жасаңдар. Реакция теңдеуін жазыңдар. (Бұл жалпы назар аудару керек тапсырма)</p> <p>4. Анализ «Интервью» әдісі . Әр топ жеке - жеке жауап береді. Істеген жұмыстары бойынша интервью береді. Ауызша бағалау әдісі. «Екі жұлдыз бір тілек» 1-топтың жұмысы туралы 2-топ позитивті коментарий айтады, ол топтың жұмысынан не ұнады? 3-топ осы топтың жұмысы туралы сындарлы сын айтады, не нәрсені жақсарту керек? Ал 1-топ соңында өз жұмыстарын жетілдіру үшін өздеріне баға береді. келешекке арналған коментрай: өзімізге ұнады, бірақ келесі жолы (осы бағытта топтардың жұмысы бағаланады)</p> <p>5. Синтез Мұғалімнің толықтыруы: Жеке жұмыс жүргізіледі. Әр оқушыға үлестірме материал арқылы тапсырмалар жинағы беріледі. Әр қайсысы жұмыс дәптерлеріне орындайды. Оқушылар дәптерлерін ауыстырып, қалыптасты-рушы бағаланады. Тапсырма: Металдардың химиялық белсенділік қатарын пайдаланып, төменде келтірілген реакциялардың қайсысы жүретіндігін анықтап, реакция теңдеулерін жазыңдар: 1. $Cu + H_2SO_4 =$ 2. $Mg + HCl =$ 3. $Al + HCl =$ 4. $Fe + \dots = FeCl_2 + ?$ 5. $Al + \dots = Al_2(SO_4)_2 + ?$</p> <p>6. Бағалау. 1) Дескриптор. Білім алушы: -Металдардың белсенділігіне байланысты қышқылдармен әрекеттесуін біледі – 3 балл</p>	<p>«Екі жұлдыз бір тілек» әдісі интербелсенді тактада көрсетіледі.</p> <p>Металдардың таңбасы жазылған парақшалар, топтың аттары жазылған А4 парағы</p> <p>Қалыптастырушы бағалау тапсырмасының жауабы интербелсенді такта арқылы көрсетіледі.</p>
--	--	---	--

№	Ме	Қышқыл	Реакц. жүру жағдайы	белгі
1	Mg	HCl	Бірден жүреді	Газ
2	Zn	HCl	Орг жылд жүреді	Газ
3	Sn	HCl	Қыздыр кейін	Газ
4	Cu	HCl	жүрмейді	

	<p>-Реакция теңдеуін аяқтап, теңестіреді – 2 балл</p> <p>«Сергіту сәті» Оқушыларды орнынан тұрғызып, шашу шашамын. Олар шашуды алып, танысқанша үш топқа «Белсенді металдар», «Орташа белсенді металдар», «Белсенділігі төмен металдар» деп жазу қоямын. Алған элементтері бойынша бөлініп отырады. (Бұл сергіту сәті және сабақты жинақтау болып табылады)</p> <p>1. Белсенді металдар: Li, K, Na, Ca</p> <p>2. Орташа белсенді металдар: Mg, Al, Zn, Fe</p> <p>3. Белсенділігі төмен металдар: Cu, Hg, Ag, Au</p> <p>2) «Жедел хат» әдісі арқылы қалыптастырушы бағалау тапсырмалары конвертпен үлестіріледі. Оқушылар өз алдына жеке орындайды.</p> <p>Бағалау критерийі. Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастырады <p>3) Ойлау дағдыларының деңгейі</p> <p>Тапсырма</p> <p>Төменде келтірілген сөздерді таңдап алыңыз да, металл мен қышқылды әрекеттестіріп, мүмкін болатын химиялық реакция теңдеулерін жазыңыз.</p> $\underline{\quad} + \underline{\quad} \rightarrow \underline{\quad} + \underline{\quad}$ $\underline{\quad} + \underline{\quad} \rightarrow \underline{\quad} + \underline{\quad}$ <p>Натрий, сутегі, мыс, сынап хлориді, натрий сульфиті, сутегі, тұз қышқылы, алюминий сульфаты, темір хлориді, мыс хлориді, натрий гидроксиді, магний, натрий фосфаты, магний карбонаты, темір, күкірт қышқылы, сутегі, фосфор қышқылы, сынап, сутегі</p> <p>Дескриптор Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> – әрекеттесетін металл мен қышқылды таңдайды-1 балл – реакция өнімдерін дұрыс анықтайды-1 – металл және қышқыл қалдықтары валенттіліктерін анықтайды-1 – қышқыл, тұз формуласын құрастырады-1 – реакцияны коэффициенттер қою арқылы теңестіреді.-1 <p>Бағалау: Топтағы оқушылар жұмыстарын сағат тілімен айналдырып, дескриптор арқылы математикалық фигуралармен бағалайды.</p> <p>5 балл - “5”, 4 балл - “4”, 3 балл - “3”</p>	
--	--	--

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>1 мин</p>	<p>Рефлексия: «Бәрі өзімнің қолымда» Стикерге өз алақаныңның пішінін түсіріп, әр саусақтың өзіндік пікірлер білдіретін ұстанымын белгілеңіз Бас бармақ - мен үшін маңызды және қызықты Балан үйрек - маған қиын болды Орган түйрек - мен үшін жеткіліксіз болды Шылдыр шүмек - менің көңіл-күйім Кішкене бөбек - менің ұсыныстарым</p>	<p>Рефлексия мазмұны слайд арқылы немесе плакаттарда жалпылама көрсетіледі.</p> 
	<p>1 мин</p>	<p>Үйге тапсырма: 8.2. Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі</p>	

Оқытудағы пәнаралық интеграция білім алушылардың пәндік материалды қабылдауына байланысты артады. Осы тұста интеграцияның механизімі мен тәсілі пәнаралық болып саналады. Оларды жүйелі және бағытты түрде қолдану көбінесе білім алушылардың түсінуі мен сезінуін қамтамасыз етеді және химия пәнін оқуға деген қызығушылығын арттырады. Білім алушының құзіретті тұлға болып қалыптасуы, оқытушының ізденісін, жан-жақтылығын, білімін, біліктілігін, талабын, зерттеушілігін, белсенділігін, сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеу үдерісін сәйкестендіруін, табандылығын талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Криволапова Е.В. *Интегрированный урок как одна из форм нестандартного урока // Инновационные педагогические технологии: материалы II междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2015 г.). – Казань: Бук, 2015. – 113-115 б.*

2 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Жалпы білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы / [nis.edu.kz сайты](http://nis.edu.kz)

3 Аухадиева Қ.С., Белоусова Т.Г. 8-сынып. Химия пәні. Әдістемелік нұсқау. – Алматы: “Мектеп” баспасы, 2018. – 232 б.

4 Нұрахметов Н., Жексембина К., Сарманова К. Химия. Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: «Мектеп», 2013. – 132 б.

УДК 373.5.026:54.04-32

Нурахметова А.Р.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ТЕХНОЛОГИЯ «КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ» НА ЗАНЯТИЯХ ХИМИИ

Аннотация

В статье рассматривается один из инновационных методов обучения – критическое мышление. Критическое мышление – это одна из новых образовательных технологий. Критическое мышление мотивирует студента самостоятельно ставить перед собой задачу, подбирать варианты ее решения, а затем анализировать свои результаты и сопоставлять их с намеченными целями, с возможностью выявления, что он знает, а что еще нет. Данная технология направлена на развитие ученика, основными показателями которого являются оценочность, открытость новым идеям, собственное мнение и рефлексия собственных суждений. Особенности этой технологии являются: учебный процесс строится на закономерностях взаимодействия личности и информации, закономерностях и механизмах процессов познания; на этапах технологии могут применяться разнообразные формы и стратегии работы с текстом, организации дискуссий; стратегии технологии позволяют все обучение проводить на основе принципов сотрудничества, совместного планирования и рефлексии. Описаны способы обучения химии через технологию «критическое мышление». Предложены приемы использования данной технологии на занятиях по дисциплине «Химическая экология».

Ключевые слова: критическое мышление, педагогические технологии, инновационные методы, обучение через рефлексию, синквейн, самомотивация, самообучение, самоанализ, целеполагание.

А.Р. Нұрахметова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

СЫНЫПТАҒЫ ХИМИЯДАҒЫ «СЫНИ ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада сыни ойлаудың инновациялық әдістерінің бірі талқыланады. Сыни ойлау – жаңа білім беру технологияларының бірі. Сыни тұрғыдан ойлау оқушыны өз міндеттерін алдына қоюға, оны шешу жолдарын таңдауға, оның нәтижелерін талдауға және оларды белгілі мақсаттармен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл технология студенттің дамуына бағытталған, оның басты көрсеткіші бағалау, жаңа идеяларға деген ашықтық, өз пікірін білдіру және өз пікірлерін көрсету. Бұл технологияның ерекшеліктері: оқу үдерісі адам мен ақпарат арасындағы өзара әрекеттесу заңдарына, таным процестерінің заңдары мен механизмдеріне негізделеді; технологиялардың сатысында, мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен стратегиялары, пікірталастар ұйымдастырылуы мүмкін; технологиялық стратегия барлық тренингтерді ынтымақтастық қағидаттары, бірлескен жоспарлау және рефлексия негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Сыни ойлау» технологиясы арқылы химияны оқыту жолдары сипатталған. Бұл технологияны «Химиялық экология» пәні бойынша сыныпта қолдану әдістері ұсынылған.

Түйін сөздер: сыни ойлау, педагогикалық технологиялар, инновациялық әдістер, рефлексия, үйрену, өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі тану, өзін-өзі талдау, мақсаттарды қою арқылы оқыту.

A.R. Nurakhmetova¹

¹Kazakh national pedagogical university after Abai,
Almaty, Kazakhstan

TECHNOLOGY «CRITICAL THINKING» IN THE CLASSROOM CHEMISTRY

Abstract

The article discusses the impact of the informatization process on the educational process, in particular on learning through educational games. From the point of view of the psychological and pedagogical problems of computer training, game learning should be regarded as an activity, as a process “interweaving” in human activity, and as a special form of educational activity. The results of the influence of selection of the content of educational material to be assimilated using a computer are shown. Accordingly, computer games require a certain level of cognitive activity and its intensity, and on the other hand, the computer itself is a source of development. Another problem is the selection of the content of educational material to be assimilated using a computer. Studies conducted in the process of computer training have shown that training in special knowledge and skills is much more effective if the student receives not just information, but also information that constantly evaluates his level of assimilation and development. The psychological and pedagogical concept of the transition to computer training is based on the development of scientific ideas about the essence of the joint activity of man and computer. The activity of computer network users as a new field of study is primarily of an interdisciplinary nature, since it can be approached from sociological, psychological, and pedagogical positions.

Keywords: psychological and pedagogical features, educational games, computerization, informatization, the learning process, computer games.

Современное образование сложно представить без использования компьютеров, которые широко применяются при изучении естественных и гуманитарных дисциплин. Такой процесс информатизации внедрен во все стадии обучения: он оказывает значительное влияние на контрольно-оценочные функции занятий, придает ему поисковый, в том числе игровой характер, способствует активизации учебно-познавательной деятельности учащихся.

В то же время по мере развития процесса информатизации и компьютеризации образования все острее встают вопросы, связанные с разработкой психолого-педагогических основ компьютеризации обучения. Также эффективность учебного процесса значительно возрастает, когда игра бывает одной из самых применяемых форм организации компьютерного обучения. Поэтому игровое обучение занимает наибольший вес в общении учащихся с компьютерной техникой [1]. Достоинства компьютерных игр связывают, прежде всего, с повышением у учащихся мотивации к деятельности. При этом сам компьютер часто рассматривается учащимися (особенно в младшем школьном возрасте) как инструмент, который вместе с новизной теряет и свою привлекательность. В результате порой эмоциональная привлекательность компьютерных игр не только мало способствует достижению учебных целей; но нередко идет им в ущерб: происходит подмена этих целей чисто игровыми. Из-за этого по своей дидактической направленности в практике наиболее распространены и действенными оказались игры, предназначенные для контроля и оценки знаний и умений учащихся. Так как вместо навыков и желания работать с компьютером у учащихся возникает психологическое «отталкивание», потеря интереса к самостоятельному получению знаний, пассивность мысли, инертность и другое [2].

В литературе выделяются три группы психолого-педагогических проблем компьютерного обучения [3]. Первая-это проблемы теоретико- методологического характера, вторая – связана с разработкой технологии обучения, а третья – с проектированием обучающих программ. Следует не только пересмотреть и уточнить многие традиционные понятия педагогической психологии и дидактики решения проблем, отнесенных к первой группе, но и также уточнить представление о природе игры и ее психолого- педагогических особенностях. Ранее в опубликованных работах Ахметова Н.К. [7] рассмотрены психолого-педагогические особенности учебных игр и методика их использования.

Там игра выступает как деятельность, как процесс, “вплетающийся” в человеческую деятельность, и как особая форма учебной деятельности. Каждое из этих представлений имеет свою сферу существования. Проблему «компьютер в обучении» целесообразно обсуждать не только в контексте психолого-педагогических проблем традиционного (до компьютерного обучения), но в контексте более общих проблем компьютеризации, охватывающей самые различные сферы жизнедеятельности человека. Огромное влияние компьютеризации на психологию человека и его психическое состояние, бесспорно. Так как массовая компьютеризация образования началась без какого-либо анализа ее воздействия на психическое развитие человека: особенно возможность ее влияния на детей. Компьютеризация воздействует на развитие не только познавательной, но и мотивационной, эмоциональной сферы личности, ее самосознания. Воздействие на психическое развитие могут быть как намеренными, так и ненамеренными, например, обучающий ставил перед собой цель обучить учеников навыкам программирования, а в качестве побочного результата сформировал «страх перед компьютером». Психологические последствия компьютеризации противоречивы. Эксперименты показывают, что в условиях использования компьютеров, в том числе и для управления познавательной деятельностью человека можно получить более высокие показатели творческой активности человека, чем в традиционных условиях. Компьютеры не просто оказывают влияние на развитие психики, но само это влияние меняется с развитием компьютеров, меняется круг теоретических задач. Широкое внедрение компьютеров в образовании символизирует наступление новой эпохи – «компьютерной эры». К первоочередным задачам, которые уже начали решать педагоги и методисты, следует отнести определение целей, места и границ применения компьютера в учебном процессе. Ее разрешение позволит обоснованно подойти к отбору содержания, которое должно быть усвоено с помощью компьютера [4]. Также проблемой является отбор содержания учебного материала, подлежащего усвоению с помощью компьютера. Исследования, проведенные в процессе компьютерного обучения, показали, что обучение специальным знаниям и навыкам происходит намного эффективнее, если обучающийся получает не просто информацию, а и информацию, постоянно оценивающую его уровень усвоения и освоения (восприятие и оперирование знаниями). С помощью компьютера в игровой форме можно успешно реализовать учебные задачи, предметом которых выступают сами действия учащихся, способ их рассуждений, процесс формирования стратегий решения того или иного класса задач, причем здесь имеется возможность оперативной сравнительной оценки различных стратегий, реализация принципа свободного принятия решения.

Компьютеры позволяют добиться более высокого уровня наглядности предлагаемого материала, расширяют возможности включения разнообразных упражнений в процессе обучения, а непрерывная обратная связь, подкрепленная стимулами учения, оживляет учебный процесс, У студентов, обучающихся с помощью компьютерных игр отмечается более развитое, динамичное комбинаторное мышление, умение планировать и рационально строить свои действия, правильно отбирать и организовывать данные, точно, и однозначно ставить цель, работать с большей отдачей, что возможно лишь при высокой эмоциональной заинтересованности. При этом вырабатывается аккуратность, точность, обязательность. Это один из наиболее существенных психолого-педагогических факторов, сопутствующих компьютеризации игрового обучения, так как внедрение компьютера в учебный процесс связан с возможностью большей индивидуализации учебно-познавательной деятельности учащихся. Эта особенность компьютерного обучения особенно полезна, поскольку позволяет дифференцировать трудности обучения и учитывать индивидуальные возможности учащихся. Позволяет выбирать оптимальный темп обучения, повысить оперативность и объективность контроля и оценки результатов обучения [5].

Психологические последствия компьютеризации как научная проблема возникла, когда появилась новая информационная технология в трудовой, научной деятельности в обучении. В условиях компьютеризации игровой деятельности существенные изменения, отражающие закономерности овладения знаниями, происходят, прежде всего, в познавательной сфере учащихся. Поэтому с одной стороны, компьютер является для них объектом познания, овладение которым предъявляет более высокие требования к организации деятельности и ее структурированности, то есть определенной зрелости интеллектуальных структур: цель – средство - результат. С другой стороны, становясь средством, компьютер позволяет реализовать такие потенциальные возможности, которые в традиционных условиях не могут проявиться. На этапе овладения компьютером со всей очевидностью проявляются огрехи педагогического воспитания и обучения, которые были совершены на стадии

овладения способом действия с реальным предметом или предметом – заместителем. Таким образом, с одной стороны, компьютерные игры требуют наличия определенного уровня познавательной активности и ее интенсивности, а с другой стороны сам компьютер является источником развития, как познавательной активности, так и других интеллектуальных чувств учащегося – любознательности, удовлетворенности результатом своей деятельности, а также волевых качеств, позволяющих сохранить и удержать процесс игры.

Таким образом, педагогическими условиями эффективного применения компьютерных игр в образовательном пространстве учебного заведения являются: соблюдение педагогических требований к их проектированию и применению; систематичное и последовательное их использование для решения различных дидактических задач; реализация личностно-ориентированных педагогических технологий, индивидуализация и дифференциация обучения. Психолого-педагогическая концепция перехода к компьютерному обучению базируется на развитии научных представлений о сущности совместной деятельности человека и компьютера. Деятельность пользователей компьютерных сетей как новая область изучения, носит прежде всего, междисциплинарный характер, так как к ней можно подойти с социологических, психологических, педагогических позиций. Основными требованиями к созданию учебно-информационных средств, с учетом психолого-педагогических принципов организации учебного процесса с использованием информационно-коммуникационных технологий, являются: направленность обучения на решение задач образования, воспитания и развития обучаемого на основе всестороннего развития личности и одновременного сохранения и развития его индивидуальности; целостность обучения, предполагающая объединение в познавательной деятельности умственных, эмоциональных, волевых качеств обучаемых с максимальным подключением его интеллекта; доступность учебного материала [6]. Психологические особенности общения обучаемого с информационной средой (инфосредой) состоят в следующем: в получении из этой среды необходимых знаний, то есть в превращении хранимой информации в акт знания, а также в накоплении и передаче в общественное пользование собственных знаний путем превращения их в информацию.

Список использованной литературы:

- 1 Агапова Р. О трех поколениях компьютерных технологий обучения в школе. // Информатика и образование. – 1994. – №2. – С.5-8.
- 2 Белавина И.Г. Психологические последствия компьютеризации детской игры. // Информатика и образование. – 1991. – №3. – С.9-13.
- 3 Гершунский Б.С. Компьютеризация в среде образования. – М., 1987. – С.147.
- 4 Грамолин В.В. Обучающие компьютерные игры. // Информатика и образование. – 1994. – №4. – С.28-31.
- 5 Заничковский Е.Ю. Проблемы информатики – проблемы интеллектуального развития общества. // Информатика и образование. – 1994. – №2. – С.42-44.
- 6 Маргулис Е.Д. Компьютерная игра в учебном процессе // Сов. Педагогика, 1989. – №4. – С.15-18.
- 7 Ахметов Н.К., Хайдаров Ж.С. Теория и технология игры. РИК Мин. ОКЗ. РК. – Алматы, 1998. – С.295.

ТУРИЗМ

УДК 339.976.2.

Мырзалы Н.Б.¹, Туйгунова М.Я.¹, Бердыгулова Г.Е.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ – СВЯЗУЮЩЕЕ ЗВЕНО МЕЖДУ ВОСТОКОМ И ЗАПАДОМ

Аннотация

Общеизвестно, что в современном мире туризм является важнейшей отраслью в мировой экономике. Именно поэтому нынешнее столетие провозглашено ООН «веком туризма». По прогнозам, одним из ярких туристских маршрутов на карте мира в 21 веке станет Шелковый путь, являющаяся одним из достижений древней цивилизации и просуществовавшая 17 столетий. В настоящее время ВШП привлекает большое внимание в таких аспектах, как торговля и культурный обмен. В последние годы туризм по Шелковому пути стал важным средством содействия экономическому обмену, сотрудничеству и культурному общению между Европой и Азией. Возрождение и развитие туризма на Великом шелковом пути несет в себе большой геополитический потенциал, и он весьма актуален для казахстанского участка, как связующего звена древнего караванного пути между Европой и Азией.

Ключевые слова: Великий Шелковый путь, ООН, индустрия туризма, диалог культур, межкультурные коммуникации, транснациональная магистраль, туристская магистраль, экономический рост.

Н.Б. Мырзалы¹, М.Я. Туйгунова¹, Г.Е. Бердыгулова¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ – ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС АРАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ БУЫН

Аңдатпа

Қазіргі таңда туризм әлемдік экономикадағы ең маңызды салалардың бірі екендігі бәрімізге мәлім. Сол себепті осы ғасырды БҰҰ «туризм ғасыры» деп жариялады. Болжамдарға сәйкес, 21-ші ғасырдағы әлем картасындағы ең жарқын туристік бағыттардың бірі ежелгі өркениеттің жетістіктерінің бірі және 17 ғасыр өмір сүрген Жібек жолы болады. Қазіргі уақытта Жібек Жолы сауда және мәдени алмасулар сияқты аспектілерде үлкен назар аударады. Соңғы жылдары Жібек жолындағы туризм Еуропа мен Азия арасындағы экономикалық алмасу, ынтымақтастық және мәдени байланыстарды дамытудың маңызды құралы болды. Жібек жолында туризмді қалпына келтіру және дамыту үлкен геосаяси әлеуетке ие және бұл Еуропа мен Азия арасындағы ежелгі керуен жолының байланысы ретінде біздің еліміз үшін және оның қазақстандық секторы үшін өте маңызды.

Түйін сөздер: Ұлы Жібек жолы, БҰҰ, туризм индустриясы, мәдениеттер диалогы, мәдениетаралық коммуникациялар, трансұлттық магистраль, туристік магистраль, экономикалық даму.

SILK WAY – BINDING LINK BETWEEN EAST AND WEST

Abstract

It is well known that in the modern world tourism is the most important sector of the global economy. That is why this century is proclaimed by the UN “century of tourism”. According to forecasts, one of the brightest tourist routes on the world map in the 21st century will be the Silk Road – one of the achievements of the ancient civilization and existed for 17 centuries. Now this road attracts much attention in such aspects, as trade and cultural exchanges. In the recent goals, tourism along the Silk Road has become an important in promoting economic exchange, cooperation and cultural communication between Europe and Asia. The revival and development of tourism on the Silk Road carries a great geopolitical potential, and it is very relevant for Kazakhstan sector, as a link between the ancient caravan route between Europe and Asia.

Keywords: Great Silk Road, UN, tourism industry, dialogue of cultures, intercultural communications, transnational highway, tourist highway, economic development.

Великий шелковый путь – это крупнейший в истории человечества трансконтинентальный торговый путь, связывающий Европу и Азию. Свое начало данная магистраль, берет с середины 2 века до нашей эры, когда для китайцев впервые был открыт Западный край – страны Центральной Азии.

Впервые «шелковыми» эти караванные дороги назвал венецианский купец Марко Поло, первым из европейцев достигший пределов Китайской империи. А само понятие связано с драгоценным для того времени товаром – шелком, познакомившим два разных мира: Запад и Восток. В научный оборот данный термин был введен немецким ученым Рихтгофеном в своем классическом научном труде «Китай» [1]. Безусловно, изначальной целью Шелковой пути была торговля. Но со временем вдоль всех его маршрутов начали возникать крупные и малые города и поселения. С этого момента, Великий шелковый путь предназначался не только для осуществления торговых операций, здесь начали происходить важнейшие этнические процессы, распространялись духовные ценности, культурные достижения и религиозные идеи народов.

Великий шелковый путь – уникальный исторический памятник человеческой цивилизации. На протяжении веков торговля на древнем караванном пути способствовала развитию экономики и культуры народов Восточной и Западной Евразии. В последние годы туризм по Шелковому пути стал важным средством содействия экономическому обмену, сотрудничеству и культурному общению между Европой и Азией. В настоящее время его значение является ценным, поскольку современный туризм связывает торговлю и бизнес культурным диалогом, способствующим взаимопониманию и миру между народами. Шелковый путь помогает установить многосторонние отношения между 24 странами-участницами в рамках проекта Инициативы Шелкового пути.

Идея Инициативы проекта по развитию сотрудничества и развитию туризма на Шелковом пути родилась более чем 20 лет назад и была подтверждена Самаркандской декларацией в 1994 году. С тех пор были приняты ряд деклараций, такие как Хивинская декларация в 1999 году и Бухарская декларация в 2002 году, Астанинская декларация о Шелковом пути в 2009, Алматинская декларация в 2008 году. Реализация принятых мер позволила улучшить экономический рост и интеграцию Евразийского региона, который является основным регионом Шелкового пути, централизуя его три ключевых полюса: Китай, Россия и Персидский залив. Казахстан, расположенный в самом сердце Евразии является мостом между этими полюсами и странами Центральной Азии: Кыргызстаном, Узбекистаном, Таджикистаном и Туркменистаном, а также основным транзитным коридором для выхода на основные рынки стран Шелкового пути [2].

Важность развития туризма вдоль Шелкового пути объясняется тем фактом, что в современном мире туризм является одной из крупнейших и динамично развивающихся отраслей. По данным ЮНВТО туризм занимает 9% мирового ВВП (с учетом прямого и косвенного эффектов), 6% в мировом экспорте товаров и услуг. В данной сфере занято около 100,9 млн. человек, при этом каждое 11 рабочее место в мире создается в сфере туризма. Туризм, влияя на такие смежные отрасли, как

телекоммуникация и транспорт, строительство, торговля, сельское хозяйство и другие, содействует социально – экономическому развитию регионов и несет большую ответственность за благополучие планеты [3].

Учитывая приведенные данные, все страны, регионы и провинции вдоль Шелкового пути в полной мере осознают преимущества туризма и поэтому придают большое значение ее развитию. И, таким образом, в последние годы Шелковый путь ускорил темпы строительства туристской инфраструктуры, а туристские отели, туристские объекты и региональные туристские перевозки были особенно улучшены.

Как туристский продукт Шелковый путь имеет ряд особенностей, отличающих его от привычных маршрутов. Например, здесь можно совершить классический тур, под которым подразумевается поездку в одну определенную страну или транснациональный тур, когда турист имеет возможность посетить целый ряд стран. В настоящее время Шелковый путь в основном сформировал четыре типа туристских продуктов с отличительными особенностями, а именно экскурсионный, профессиональный, специальный и экологический туризм. Культурные реликвии, особенно пейзажи и этнические традиции вдоль Шелкового пути могут в полной мере отражать цивилизацию Востока и, таким образом, стать туристским продуктом с конкурентным преимуществом в мире. Кроме того, такие особые виды туризма, как путешествие по Шелковому пути, путешествия по пустыне, по этническим фольклорам, путешествия по льду и снегу, экспедиции и дрейф путешествия обладают отличительными чертами и разнообразием. Наконец, что не менее важно, на основе провинциального экотуристского региона были разработаны такие виды экотуризма, как лесной, луговой и сельскохозяйственный экологический тур.

Казахстан, как связующее звено между Европой и Азией, играет немаловажную роль в развитии туризма вдоль Шелкового пути. Казахский участок ВШП представляет собой уникальный комплекс памятников истории, археологии, архитектуры, градостроительного и монументального искусства. Сегодня здесь открыты 22 древних городища, включая замки правителей. Два уникальных памятника древности включены в Список Всемирного культурного наследия ЮНЕСКО: мавзолей Ходжи Ахмеда Яссауи в Туркестане и археологический комплекс «Тамгалы» близ города Алматы. Среди значимых туристских маршрутов по Шелковому пути важное место отводится городам Алматы, Тараз, а также Туркестану и Отрару в Южно-Казахстанской области [4].

Со времени обретения независимости Казахстана Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев уделяет особое внимание развитию проекта «Великий Шелковый путь». В 1997 году был принят Указ Президента «О реализации декларации Глав тюркоязычных государств, проекта ЮНЕСКО [5] и ВТО по развитию инфраструктуры туризма на ВШП в РК». Инициирована государственная программа «Возрождение исторических центров Шелкового пути, сохранение и преемственное развитие культурного наследия тюркоязычных государств, создание инфраструктуры туризма», создана Национальная компания «Шелковый путь – Казахстан». Также при участии ЮНВТО в 1999 году в г. Алматы проведен первый международный семинар для туроператоров по Шелковому пути. В 2000 году состоялся международный фестиваль «Шелковый путь». Для активации развития туризма в данном направлении совместно с Министерством транспорта и коммуникации РК, начиная с 2004 года, реализуется проект по организации специализированного туристского поезда «Жемчужина Шелкового пути» по маршруту: Алматы – Туркестан – Ташкент – Самарканд – Бухара – Ургенч – Мары – Ашхабад – Алматы. В период со 2 по 4 сентября 2008 года в г. Алматы проведен III Форум Мэров городов «Шелковый путь» на тему Новый Шелковый путь: «От великой традиции к современным стандартам туризма и сотрудничества». Целью данного Форума явилось дальнейшее развитие интеграции между городами, продвижение инновационных способов финансирования туризма вдоль ВШП, улучшение взаимопонимания между людьми и гармоничное развитие данного региона. Дальше, в октябре 2010 года Казахстан принял участие на 5-ом Международном Заседании по Шелковому пути, проходившим в г. Самарканд [6]. И наконец, в Концепции развития туристской отрасли до 2023 года, принятой от 30 июня 2017 года говорится о создании туристского кластера «Возрождение Шелкового пути», который будет позиционироваться как «Сердце Великого Шелкового пути» [7].

Таким образом, для Казахстана, проект по развитию Шелкового пути - это не только трасса для проведения торговых операций и дипломатических связей, это диалог между культурами Запада и Востока.

В заключении, исходя из приведенных данных, можно сделать вывод, что Шелковый путь, обладая великолепным природным ландшафтом, уникальными растительными и животными ресурсами, ценными культурными реликвиями, многолетней культурой и богатым этническим фольклором, находится на пороге большого развития. И в скором времени он, открывая широкие возможности для туристской деятельности, превратится в новый источник экономического роста и станет одним из лучших туристских направлений в мире.

Список использованной литературы:

- 1 Байпаков К.М. *История Казахстана в средние века (V-VIII вв.)*. – Алматы: Рауан, 1996. – 176 с.
- 2 *Kazakhstan: Tourism development along the Silk Road*. Vizitkazakhstan.kz
- 3 *Постановление Правительства Республики Казахстан №406 от 30 июня 2017 года «Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года»*. – Астана, 2017.
- 4 *Развитие туризма вдоль Шелкового пути*. vizitkazakhstan.kz/, 2013.
- 5 *Шелковый путь: программа ЮНЕСКО // Всемирная история народов и государств*. URL: <http://vsemirnaya-istoriya.ru> (дата обращения: 06.04.2016).
- 6 *Проект Шелкового пути ВТО*. www.sairamtour.com/. 2013.
- 7 *Постановление Правительства Республики Казахстан №406 от 30 июня 2017 года «Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года»*. – Астана, 2017.

ӘОЖ 373.5:57
ҒТАМР 14.33.07

Р.Ш. Избасарова¹, Д.Н. Амирова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

КОЛЛЕДЖДЕ «ӨЛКЕТАНУ» КУРСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕКШІЛЕКТЕРІ

Аңдатпа

"Өлкетану" таңдау курсы ретінде колледж білім алушыларын оқыту мен тәрбиелеуде үлкен маңызға ие. Бұл курстың мақсаты: туған өлкенің тарихын зерттеу және алынған материалдар негізінде колледжде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Курстың мақсаты: Туған өлкенің тарихын зерттеу, соның нәтижесінде жиналған материалдарды оқу-тәрбие жұмысында жоспарлы, жүйелі түрде пайдалану.

Осы мақсатта «Өлкетану» курсы бойынша кәсіптік білім алатын білім алушыларына арналған факультативтік курс бағдарламасы өлкетануға арналып жасалды.

«Өлкетану» курсының міндеттері:

- білім алушылардың биология біліктері мен дағдыларын жетілдіру,
- білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үрдісінің сапасын арттыру,
- өзіндік ізденіс, шығармашылыққа баулу және жетелеу.

Өлкетану жұмыстарын жүргізу барысында статистикалық, бақылау, әдеби көздерді зерттеу, экспедициялар мен экскурсиялар сияқты әртүрлі әдістерді қолдануға болады.

Түйін сөздер: колледж, оқу үдерісі, курс, өлкетану, білім алушы, оқытудың міндеттері мен мақсаттары, жұмыс әдістері.

Избасарова Р.Ш.¹, Амирова Д.Н.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ КУРСА «КРАЕВЕДЕНИЕ» В КОЛЛЕДЖЕ

Аннотация

«Краеведение» как курс по выбору имеет большое значение в обучении и воспитании обучающихся колледжа. Данный курс имеет цели такие как: изучение истории родного края и на основе полученных материалов организовать учебно-воспитательную работу в колледже.

Задачи курса:

- повышение уровня знаний и умений у обучающихся;
- повышение качества процесса обучения с учетом индивидуальных особенностей обучающихся;
- самостоятельный поиск и активность самих обучающихся в процессе обучения.

При проведении краеведческой работы можно применить различные методы такие как статистический, наблюдение, изучение литературных источников, экспедиции и экскурсии.

Ключевые слова: колледж, учебный процесс, курс, краеведение, обучающийся, задачи и цели обучения, методы работы.

R.Sh. Izbassarova¹, D.N. Amirova¹

*¹Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF THE COURSE «REGIONAL» STUDIES IN COLLEGE

Abstract

"Local history" as a course of choice is of great importance in the training and education of College students. This course has objectives such as: the study of the history of his native land and on the basis of the materials to organize educational work in College.

Tasks:

- improving the level of knowledge and skills of students,
- improving the quality of the learning process, taking into account the individual characteristics of students,
- independent search and activity of students in the learning process.

When carrying out local history work can apply various methods such as statistical observation, the study of literary sources, expeditions and excursions.

Keywords: college, educational process, course, local history, student, tasks and objectives of training, methods of work.

Жаңа білім беру жүйесіне көшу рухани бай, денсаулығы мықты, туған елін, жерін сүйетін, кадрлейтін оқушыны тәрбиелеуді ұсынады. Бүгінгі таңдағы білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған, білімді, сауатты, өмір сүруге бейім, белсенді, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды, жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша болмақ, демек болашақ ұрпақтан да үлкен үміт күтіледі.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері даму үстінде болды.

Алайда, қазіргі кезде өлкетану жұмыстарын дұрыс жолға қойып, ұйымдастыру, ол бойынша жүргізілетін жұмыстың дәрежесі, оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен әрі тиімді пайдалану барлық білім беру мекемелерінде бірдей емес. Осы уақытқа дейін белгілі болғандай тек өз пәні мен мамандығын сүйетін алдыңғы қатарлы мұғалімдер мектептің тұрған жерін жүйелі түрде зерттеп білуді, ол жұмысқа оқушыларды көптеп тартып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді жақсы ұйымдас-тырады және өзінің іс-тәжірибелерімен бөлісіп отырады.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, соңғы уақыттағы жоғары оқу орындарындағы өлкетану жұмыстарының жай-күйіне талдау жасай кетсек, еліміздегі 2004 жылғы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын және іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауының негізінде көптеген жоғары оқу орындарының іс-тәжірибелері мен оқу-тәрбие үдерісінде өлкетану жұмыстарының жандана бастағанын көреміз [1].

Болашақ мамандарды даярлау жүйесінде «Өлкетану» міндетті пән ретінде енгізілсе, биология саласында «Өлкетану» тандау компоненті есебінен құрыла бастады. Сондай-ақ қазіргі жоғары оқу орындарында өлкетанымдық жорықтардың жанданғандығын атап өту қажет.

Бүгінгі кәсіптік білім беру жүйесіндегі биологияны оқытуды «өлкетану» пәні арқылы бекітетін болсақ, білім алушының биология санасының қалыптасуы мен патриоттық сана-сезімі анағұрлым арта түсер еді. Себебі, «өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» деген жалпы адамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып, Қазақстанның колледждерінде «өлкетану» пәнін енгізіп оқыту – өлкетану арқылы тануға негіз қалар еді. Колледжде өлкетану жұмыстарын жүргізу, жинаған материалдарды биология сабақтарында пайдалану өте маңызды. Сабақ барысында өлкетану материалдарына көп уақыт бөле алмайсың, сондықтан өлкетану бойынша жеке курстарда оқыту керек [2].

Қазақстанның барлық өңірлерінің өлке тарихы жазылған дайын оқу әдебиеттерінің жоқ екенін ескере отырып, «Өлкетану» сабағы білім алушылардың өзіндік ғылыми негізді ізденістері мен шығармашылығына негізделуі қажет.

«Өлкетану» курсы колледж білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отан сүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қазақстан азаматтарының өз халқының, мемлекетінің тарихын, өлке табиғатының ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін, экономикалық даму келешегін білуге деген қызығушылығы артуда, сол себепті мектепте туған өлке жайлы терең білім беру және туған өлкеге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің маңызы арта түсуде. Сондықтан, колледжде өлкетану жұмысын жетілдіру маңызды педагогикалық үдеріс болып табылады.

Өлкетану пәні арқылы колледжде мұражайлар ұйымдастыруға да болады. Білім беру жүйесіндегі бүгінгі күндегі өзгерістер биологиядан білім беруде оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеруді талап етеді. Туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету оқушыларды азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді.

Өлкетану – жергілікті халықтың туған өлкесі болып саналатын елдің белгілі бөлігін, қала, ауыл т.б. қоныстарды жан-жақты зерттеу.

Өлкетану – табиғи және қоғамдық зерттеулердің комплексі. Өлкетану туған өлкенің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін зерттейді. Комплекстік өлкетану осылардың бәрін бір-бірімен байланыста қарастыратын болса, салалық өлкетану, географиялық өлкетану, тарихи өлкетану, этнографиялық өлкетану, топонимикалық өлкетану сияқты жеке салаларын зерттейді. Қазіргі кезде өлкетанудың табиғатты және мәдени ерекшеліктерді қорғау міндеттеріне байланысты түрі дамып келеді. Өлкетанудың негізгі міндеті – өлке жөнінде, оның шаруашылығы мен мәдениетінің дамуы жөнінде білімнің артуына ықпал ететін түрлі ақпараттар, мәдениет, пайдалы қазбалардың үлгілері т.б. мәліметтер жинақтау. Өлкетанудың қоғамдық-саяси және мәдени-ағарту жұмысында да оқу тәрбие процесінде де маңызы зор.

Өлкетану курсы енгізудегі негізгі мәселелер:

1. Өлкетану курсы оқытудың маңызы.
2. Биологияда өлкетануды оқытуда оқу жұмыс бағдарламасы.
3. Өлкетану курсы бойынша оқу жұмыс бағдарламаларының ерекшеліктері.

«Өлкетану» курсының негізгі аймақтық құрамының аспектілерін оқыту арқылы колледж мұғалімдеріне өлкетану жұмыстарын жетілдіруге көмектеседі. Аталған мақсаттан келесі міндеттер туындайды:

- колледжде өлкетану жұмыстарын жоспарлаудың және ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындау;

- «Өлкетану» курсы бойынша сабақта және сабақтан тыс жұмыстарды өткізудің үлгілерін жасау;

- пәнаралық, өлкетану тақырыптарын оқытудың үлгілерін ұсыну;

- «Өлкетану» курсының білім алушыларға патриоттық тәрбие беруді жүзеге асыру мүмкіндігін ашып көрсету.

Осы жағдайлардың бәрі туған өлкенің тарихын зерттеудің, оған оқушыларды белсене қатыстырудың қажеттілігін дәлелдейді. Осыған байланысты колледж білім алушыларына туған өлкеміздің тарихын зерттеу оның материалдарын оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың мол тәжірибе беретіндігі мақсатында 1-курс білім алушыларына «өлкетану» атты арнайы курс бағдарламасын көрсетуге болады:

Курстың мақсаты: Туған өлкенің тарихын зерттеу, соның нәтижесінде жиналған материалдарды оқу-тәрбие жұмысында жоспарлы, жүйелі түрде пайдалану.

Осы мақсатта «Өлкетану» курсы бойынша кәсіптік білім алатын білім алушыларына арналған факультативтік курс бағдарламасы өлкетануға арналып жасалды. Бағдарлама оқу процесінде 1-курсқа, аптасына 1 сағаттан, жалпы оқу бағдарламасы 34 сағатқа арналып жасалады.

«Өлкетану» курсының міндеттері:

- білім алушылардың тарихи біліктері мен дағдыларын жетілдіру,
- білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үрдісінің сапасын арттыру,
- өзіндік ізденіс, шығармашылыққа баулу және жетелеу.

Білім алушылар білуі тиісті:

- Өлкетану жұмыстарының мақсаттарымен таныс болу;
- Алынған материалдардың осы өлкетануға ортақ, аса маңызды және де білім алушылардың бүкіл еліміз тарихымен қоса түсінуі;
- Анық, айқын эмоциялы фактілерді бар білім алушылардың санасына да, сезіміне де әсер етуі;
- Білім алушылар зерттеушілік жұмыстарға қатысып тәжірибе жинақтап оны меңгеруі қажет.

Білім алушылар жасай алуы тиіс:

- Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра алуы;
- Түрлі экскурсиялық орындармен танысуы;
- өлкетану бұрышын, залын, бөлмесін ұйымдастыра алуы;
- өлкетану тақырыбында конференция, пікір-сайыс, талқылаулар ұйымдастыра білуі.

Күтілетін нәтиже:

- өлкетану жұмыстарының мақсаттарымен таныс болуы;
- алынған материалдың осы өлкетануға ортақ, аса маңызды және де білім алушылардың бүкіл еліміз тарихымен қоса түсінуі;
- анық, айқын эмоциялы фактілері бар деректер білім алушылардың санасына да, сезіміне де әсер етуі;
- білім алушылар зерттеушілік жұмыстарға қатысып тәжірибе жинақтап оны меңгеруі қажет.

«Өлкетану» курсының негізгі тұжырымдамасы:

1. Колледжде өлкетану жұмысын жүргізу.
2. Өлкетану меңгерген тарихи сананы қалыптастыру.
3. Білім алушыны өзіндік іс-әрекет жасауға үйрету, оның интеллектісін дамыту.

Мұғалім өлкетану жұмысын жандандыру мақсатында білім берудің тиімді заманауи әдістерін: проблемалық оқыту, жобалау әдістерін, рөлдік ойындар, ақпараттық, ізденушілік, зерттеушілік технологияларды қолдана алады, сонымен қатар оқушының бойында өзін-өзі бағалай алу қабілетін қалыптастыруға жағдай жасауы және мұғалім әрқашан ізденісте болуы керек. Туған өлкенің тарихы, мәдениеті, тұрмысы, адамдары туралы ақпаратты ғаламтордан, энциклопедиялардан, анықтама-лықтардан алуға болады. Туған өлке туралы ақпараттың тағы бір көзі, ол – жергілікті тұрғындардың отбасылық альбомдарындағы фотосуреттер, бұлардың бәрі мұғалімге туған өлке туралы ақпарат алуға мүмкіндік тудырады. «Туған өлке» ұғымына қандай аумақты кіргізу керектігін алдын-ала шешіп алған жөн.

Кейбір жағдайларда өлке деп үздіксіз және нақты бақылау жүргізетін мектептің маңайын айтады. Ал кейбір жағдайларда бұл ұғымды ауданның немесе облыстың әкімшілік аумағына дейін кеңейтеді. Көпшілік жағдайда мектеп орналасқан маңайда зерттеу немесе бақылау жүргізу үшін облыс көлеміндегі мағлұматтарды білу қажет болып шығады. Сол себепті мектептегі өлкетану курсы бұл екі көзқарасты да қамтуы тиіс.

Колледжде қоршаған ең жақын орта бақылаулар жүргізу және білім беру процесінде қолдану үшін қолайлы, сондықтан өлкетану жұмысын колледж орналасқан жерді терең оқудан бастаған дұрыс. Ал колледжден қашықтағы аудан немесе облыс аумағымен танысу, туған өлкемен танысудың бірізді жалғасы болуы керек.

Өлкетану жұмысында өлкені зерттеудің барлық негізгі әдістері қолданылуы мүмкін, олар: әдеби, далада бақылаулар жүргізу, картографиялық, статистикалық, көзбен шолу (визуалды), әңгімелесу және сауалнама жүргізу, фотосуретке және бейнефильмге түсіру. Әдеби тәсіл дегеніміз оқылатын аумақ туралы әр түрлі баспа материалдарын қолданумен байланысты. Әдебиетпен танысудың маңызы өлке туралы білімді алдын-ала алуға мүмкіндік туғызатындығында және ол өлкенің даму тарихы туралы сұрақтарды шешуге көмектеседі [3].

Сонымен қатар әдебиетті оқу өлкені зерттеуден алынған нәтижелердің қорытындысын негіздеу үшін де қажет.

Далада бақылау жүргізу әдісі негізінен табиғат жағдайларын зерттеу үшін қолданылады. Ол колледжде бар техникалық құралдарды қолдану арқылы дала жағдайында әр түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Статистикалық әдіс әсіресе халықты, шаруашылықты, экономикалық байланыстарды оқу ба-рысында жинақталған сандық көрсеткіштерді іріктеп алу және олардан қорытынды шығарумен анықталады. Бұл әдіс әр түрлі сандық мәліметтерді санау, орташа көрсеткіштерді шығару, кестелер құрастыру және олардың графикалық бейнесін сызудан тұрады.

Көзбен шолу (визуалды) әдісі – бұл оқылатын құбылыстар мен заттарды бақылауға бағытталған әдіс. Ол колледждегі өлкетанулық зерттеулерде, саяхаттарда, экскурсияларда өте жиі қолданылады. Бірақ ол басқа әдістермен үйлестірілмеген жағдайда, қажетті сапалық нәтиже бере алмайды. Жергілікті тұрғындармен, өлкетанушылармен әңгімелесу және сауалнама жүргізу әдісі тарихи және тұрмыстық деректерді қалпына келтіруге, бұрыннан белгілі ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді. Фотосуретке және кинофильмге түсіру – өлкетану зерттеу жұмыстарын жүргізудегі маңызды құралдардың бірі.

Өлкенің нысандарын, халқының өмір сүру салтын, күнделікті өмірін фотосуретке немесе кинофильмге түсірудің нәтижесі қызықты монографиялық альбомдар жасауға, өлкетану мұра-жайының экспонатына арналған материалдар жинақтауға және жекелеген сұрақтар бойынша кино көрсетуге бағытталған. Сонымен, өлкенің өмірін, ондағы болып жатқан өзгерістерді, табиғаты мен шаруашылығындағы жағдайларды толығырақ сипаттау үшін, өлкенің қазіргі кездегі және бұрынғы өмірінен деректер мен материалдарды үздіксіз жинап, оқып, зерттеу қажет.

Олар келесі сипатта болуы мүмкін:

- ғылыми еңбектерден және ақпараттан, көркем шығармалардан әдеби материалдар жинақтау;
- журнал және газеттердің мақалалары;
- географиялық карталар;
- әр түрлі хаттар, жылнамалар және басқа да жазбалар, газет-журналдар беттерінде жарық көрген фотосуреттер.

Мұрағаттарда, әкімшіліктерде, отбасылық мұрағаттарда сақталған құжаттар, өлкеде ұзақ уақыт өмір сүріп жатқан қарт адамдардың естеліктері, сипаттамалар, жиынтықтарды оқу және қорытынды жасау. Әрине, бұл ауыр жұмыс болғандықтан мұғалім өзі жүргізгені дұрыс болады, бірақ оқу-шыларды қатыстыруы міндетті шарт.

Өлкетану туралы материалды іріктеу өте маңызды болып саналады, өйткені оқушының өз өлкесі туралы әңгімелеу қабілеті, әңгімелеудің мазмұны оқушы үшін қызығушылық тудырған жағдайда және әңгімелеуге негіз болатын жағдай жасалғанда ғана жетілдіріледі. Келесі факторлардың нәтижесінде өлкетану тақырыбы сабақта коммуникативтік белсенділік тудырады: – оқушылар не туралы айтып тұрғандарын толық түсінген жағдайда; – оқушылар өздері үшін маңызды әрі қымбат нәрсе туралы әңгімелеген жағдайда.

Сондықтан өлкетану материалын іріктеу барысында келесі себептерді ескерген жөн:

- оқушылар үшін материалдың шынайылығын, яғни оқушылар әңгіменің не туралы екендігін нақты елестете алулары керек;
- ұсынылған материалдың оқушылар үшін қызықты болуы (осы ақпаратты білгім келіп еді деген талаптың болуы);
- ұсынылған материал туралы ақпараттың толық болмауын (оқушыларды ізденушілікке ынталандыру мақсатында);
- берілген материалдың бағдарламалық тақырыпқа сәйкестігін;
- берілген материалдың әлеуметтік құндылығын;
- тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыстың ор-науын.

Мұғалім өлкетану материалының бағдарламаға сәйкестігіне көп көңіл бөліп, өлкенің ерекшелігін, оның қайталанбас сипатын бейнелейтін материалдарды іріктеп алуы қажет. Сонымен бірге өз өлкесін білуге деген құштарлықты ояту, оқушының жалпы мәдени деңгейін көтеруге жағымды ықпал жасайды. Оқушыларды география, биология, тарих, әдебиет басқа да пәндерден алған білімдерін кез-келген сабақта, өмірлік тәжірибеде тиімді пайдалана білуге үйрету керек. Өлкетану материалдарын сабақта қолдану, білім беру үрдісіне қойылатын жалпы дидактикалық қағидалармен негізделеді. Ол қағидалардың түрлері:

- пәнаралық байланыс қағидасы, бұл – мектеп бағдарламасындағы пәндердің мазмұнында өлкетану материалдарын қолдану арқылы басқа пәндермен байланысты жүзеге асыруды болжайды;
- жүйелілік-құрылымдылық қағидасы, өлкетану материалдарын білім берудің әртүрлі кезеңдерінде нақты мақсат қоя отырып, жоспарлы түрде қолдануды және аумақты географиялық негізді құрайтын нақты сипаты бар нысан ретінде зерттеуді көздейді;
- тақырыптық қағидасы, оқулықтың әр тақырыбына сәйкес келетін материалды әзірлеуді қарастырады;
- толеранттылық қағидасы, оқушылардың бойында өзге ұлт мәдениетін түсіну және қабылдау қабілетін дамытуды қарастырады;
- когнитивтік қағидасы, оқушылардың білім алу үрдісі барысында өлкетану материалдарының көмегімен жаңа ақпаратты, жаңа білімді түсінуін қарастырады;
- кешенділік қағидасы, өлкенің қоршаған ортасында болатын барлық жағдайларды, өзгерістерді кіріктіріп оқытуды көздейді;
- ізгілендіру қағидасы, өлкені тұлғаның дамуындағы өмірлік-мәнді құндылықтар жүйесінде оқудың мағынасын түсінуді қамтамасыз етеді;
- табиғи және мәдени түсінік қағидасы, табиғатты қорғау және экологиялық білім мазмұнын кіргізуді қарастырады;
- іс-әрекеттік қағидасы, білім беруді практикалық, коммуникативтік, жобалық-шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырады;
- тарихилық қағидасы, әлеуметтік-табиғи ортадағы өзгерістерді, аумақтың даму болашағын қарастыру арқылы орындалады;
- проблемалық қағидасы, нақты проблемалық тапсырмаларды шешу көздейді.

Аталған қағидаларды жүзеге асыру арқылы, студенттердың өздіктерінен білім алу, сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау, практикалық іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту мүмкіндігі туындайды. Анықталған қағидаларды ой елегінен өткізіп түсіну және өмір сүру ортасындағы мінез-құлық ережелерін сақтау, өз іс-әрекетінің мәні мен жауапкершілігін түсіну, өзінің кіші отанына деген сүйіспеншілік әр адамның мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Қазіргі кезде білім берудің өлкетанулық мазмұны, туған өлкедегі алуан түрлі үдерістер мен құбылыстарға біртұтас кешенді-жүйелі көзқарасты қалыптастыруы тиіс. Мұндай көзқарас оқылатын аймақтың жағдайын қалыптастырушы және өзгертуші факторларды, олардың өзара тең байланысында табиғи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ғылыми дүниетанымдық көзқарасты, өмір сүру ортасының біртұтас бейнесін, ғылыми негізделген экологиялық және әлеуметтік-мәдени көзқарас жүйесін, оқушылардың туған өлкеге тек қана эмоциялық тұрғыдан емес, тиімді пайдалану тұрғысынан да қарау сияқты құндылықтарды қалыптастырудың неғұрлым тиімді жолы болып табылады.

Көрсетілген көзқарастарды жүзеге асыру келесі әдістерге сүйенуді қарастырады: Жалпы бағыттылыққа:

- өлкетанудың тәрбиелік міндеттерінің елдің, өлкенің (аймақтың), ауылдың патриотын қалыптастыруға бағытталуының басымдылығын мойындау;
- өлкетануды оқу барысында мақсаттар мен қағидалардың тұтастығын, оқушыларды дайындау сатыларында сабақтастықты сақтай отырып, бұл сатыларда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және тәрбиелеудің нақты міндеттерін анықтау арқылы өлкетану дайындығының кезеңдерін атап көрсету.

Мазмұнында:

- мазмұнын аумақтық-хронологиялық тұрғыдан баяндау;
- өлкетануды оқушылардың өз өлкесін (аймағын) күрделі, алуан түрлі, карама-қайшылықта, бірақ біртұтас әлем ретінде көре білуге жағдай жасайтын курс ретінде түсіну.

Алайда, колледж пәндерінің мазмұнына, олардың аймақтық компонентіне сүйене отырып, бұл пәндердегі мағлұматтардың қайталамасы болып шықпай, жаңа деректермен толықтырылуы керек:

- өлке туралы мағлұматтар мектеп пәндерінде қарастырылмайтын сұрақтармен толықтырылуы тиіс;
- өз елді мекенінің, ауданының тарихындағы мәліметтермен, қазіргі кездегі өмірінің қызықты, болашақта өлкенің тарих беттеріне енгізуге болатын деректермен толықтыруға көңіл бөлу.

Ұйымдастыруда:

- оқушыларға таулар, көлдер, ормандар, шаруашылық және мәдени орындар, тарихи ескерткіштер және тағы басқаларды оқудың нақты нысандары ретінде таныстыру;

– мектеп пәндерін оқу барысында аудио, бейне материалдарды, мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы көрнекілікке ерекше көңіл бөлу;

– ғылыми жобалар жазу, экспедиция (археологиялық, экологиялық, этнографиялық, фольклорлық) жұмыстарына қатысу, экскурсиялар мен туристік саяхаттарға шығу арқылы туған өлкені оқып-білу әрекетіне тарту.

Сонымен, туған өлке жайлы білім беру оқытудың жобалық, коммуникативтік, тәжірибелік әдістерін оңтайлы және тиімді пайдалану арқылы, сыныпта және сыныптан тыс әрекеттердің әр түрлі тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Атқарылатын жұмыс түрлері:

1. Туған өлкені зерттеуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу.
2. Тарихи-өлкетану қоғамын құру.
3. Ауылға саяхаттар ұйымдастыру.
4. Ауылдағы ескерткіштерді зерттеу.
5. Ауыл туралы материалдар жинақтау.
6. Ауыл туралы мұражайлар ұйымдастыру.
7. Ауыл туралы тарихи кештерін ұйымдастыру.
8. Өлкетану тақырыбында конференция, пікір-талас ұйымдастыру.
9. Қабырға газеттерін шығару, стендтер дайындау.

Мұндай курс құрылымы оқушылардың пәнге қызығушылығын дамыту міндетіне де жауап береді. Оқытудағы өлкетанушылық ұстанымы – жаңа білімді игеру үрдісіне оқушылардың өзіне қоршаған өмірде бақылған айғақтарды тұрақты және органикалық қосу болып табылады. Туған өлкенің, жергілікті жердің қала берді аймақтардың өзіндік ерекшеліктерін, табиғатын, тарихын, халқы мен шаруашылығын жан-жақты сипаттайтын факторларды зерттеу қазіргі білім беру саласының маңыздылығын арттыра түспек.

Қорытындылай келе айтарымыз, өлкетану жұмыстары жеке тұлғаның дүниеге дұрыс көз-қарасының қалыптасуына қоршаған шындықты түсінуге, сенімін қалыптастырудың негізі болып табылады. Өлкетануды оқытудың жетістігі – ол оқытушылар мен мұғалімдердің, мектеп оқушыларының ізденісін, олардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін арттыра түсу, өлкетануға деген қызығушылығын арттыру, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін тереңдету болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.

2 Байдалиев Д.Д. Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау: автореф. пед. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2009. – 23 б.

3 Избасарова Р.Ш., Амирова Д.Н. Роль краеведения в обучении биологии // Сборник статей Международной конференции «Проблемы методики биологии и экологии» РГПУ им. Герцена, г. Санкт-Петербург, Россия, 20 октября 2018 г. – С.35-38.

ӘОЖ 378.147: 908

Қ.М. Омаров¹, Д.С. Кадырбекова², С.С. Сабырбай¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

²*Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан*

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА «ЖЕТІСУ ӨЛКЕТАНУЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада еңбек нарығында қазіргі заманғы сұранысқа ие туризм саласындағы білікті маманды дайындау туралы сипаттама берілген. Қазақ спорт және туризм академиясы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде туған өлкені зерттеу мақсатында «Жетісу өлкетануы» пәні

оқу үрдісіне енгізілді. «Жетісу өлкетануы» оқу бағдарламасы терең білім мен практикалық дағдыларды алуға, осы пән аясында студенттерге сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: өлкетану, туризм, экскурсия, рекреация, гид, имидж, бренд, фестиваль.

